

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Азаматтық құқық және процесс кафедрасы

Тажибаева А.Х.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ

Оқу-әдістемелік құрал

Қостанай, 2017

УДК 343.359.2 (075.8)

ББК 67.402 я 73

Т 15

Рецензенттер:

Турлубеков Б.С. – А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ Заң факультетінің деканы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор.

Хакимова Г.Е. – А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ азаматтық құқық және процесс кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты.

Исмагулова А. – Челябин МҰ ҚФ құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты.

Автор:

Тажибаева Айжан Халилуллаевна, азаматтық құқық және процесс кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

Т 15 Тажибаева А.Х. Қазақстан Республикасының Салық құқығы: Оқу-әдістемелік құрал.– Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2017. – 154 б.

Қазақстан Республикасының Салық құқығы пәнінен оқу-әдістемелік құрал «ҚР Салық құқығы» пәнінен тәжірибелік сабақтарын жүргізу үшін ұсынылатын оқу құралы болып табылады.

Бұл оқу-әдістемелік құралының мазмұнында «Қазақстан Республикасының Салық құқығы» курсы бойынша дәріс және тәжірибелік сабақтарды өткізуге арналған материалдар жинақталған.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің студенттері мен оқытушыларына арналған және сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Салық құқығын өз бетінше меңгеру барысында қолданылуы мүмкін.

УДК 343.359.2 (075.8)

ББК 67.402 я 73

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Оқу-әдістемелік кеңесімен 01.03.2017 жылы № 2 хаттамасымен бекітілген.

ISBN 978-601-7933-34-0

© Тажибаева А.Х., 2017

Мазмұны

КІРІСПЕ.....	5
ЖАЛПЫ БӨЛІМ.....	6
1 МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ.....	6
1.1 Мемлекет өміріндегі салықтардың ұғымы және рөлі.....	6
1.2 Салық салу түсінігі.....	9
1.3 Тесттік тапсырмалар.....	13
2 САЛЫҚ САЛУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ.....	14
2.1 Салық жүйесі.....	14
2.2 Салықтың түсінігі және белгілері.....	15
2.3 Салықтың түрлері мен қызметтері.....	18
2.4 Тесттік тапсырмалар.....	19
3 САЛЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМ РЕТІНДЕ.....	22
3.1 Салық құқығының түсінігі, пәні, әдісі, қайнар көздері.....	22
3.2 ҚР салық заңнамаларының даму тарихы.....	27
3.3 Тесттік тапсырмалар.....	28
4 САЛЫҚТЫҚ ЗАҢ ҚҰРАМЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ.....	32
4.1 Салықтың субъектісі, объектісі, пәні.....	32
4.2 Салық ставкасы және салықты төлеу тәртібі.....	33
4.3 Тесттік тапсырмалар.....	33
5 САЛЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР.....	36
5.1 Салықтық құқықтық нормалардың түсінігі мен құрылымы.....	36
5.2 Салықтық құқықтық қатынастар түсінігі, түрлері.....	38
5.3 Тесттік тапсырмалар.....	57
6 САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕ.....	59
6.1 Салықтық міндеттеменің құқықтық негіздері.....	59
6.2 Салық міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету.....	61
6.3 Тесттік тапсырмалар.....	63
7 САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ.....	65
7.1 Салықтық бақылаудың құқықтық негіздері.....	65
7.2 Салықтық бақылау түрлері.....	66
7.3 Тесттік тапсырмалар.....	72
ЕРЕКШЕ БӨЛІМ.....	74
8 САЛЫҚТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІ.....	74
8.1 Корпоративтік табыс салығы.....	74
8.2 Жеке табыс салығы.....	77
8.3 Қосылған құн салығы.....	79
8.4 Акциздер.....	82
8.5 Экспортқа рента салығы.....	84
8.6 Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу.....	87
8.7 Әлеуметтік салық.....	87

8.8 Көлік құралдары салығы.....	89
8.9 Жер салығы.....	91
8.10 Мүлік салығы.....	94
8.11 Ойын бизнесі салығы.....	100
8.12 Тіркелген салық.....	101
8.13 Бірыңғай жер салығы.....	103
8.14 Тесттік тапсырмалар.....	103
9 БАСҚА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР.....	109
9.1 Тіркеу, лицензиялау үшін және басқа да алымдар.....	109
9.2 Пайдаланғаны үшін алымдар.....	111
9.3 Мемлекеттік баж.....	122
9.4 Тесттік тапсырмалар.....	124
10 АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ.....	125
10.1 Арнаулы салық режимдерінің түсінігі мен түрлері.....	125
10.2 Тесттік тапсырмалар.....	130
11 САЛЫҚ САЛУ АЯСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МӘЖБҮРЛЕУ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	132
11.1 Мемлекеттік мәжбүрлеу.....	132
11.2 Заңды жауапкершілік түсінігі, түрлері.....	133
11.3 Тесттік тапсырмалар.....	148
ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ.....	150
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	153

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Салық құқығы – мемлекеттік жалпыға міндетті стандартта қарастырылған «Құқықтану» мамандығы бойынша жоғары заң білімін алатын оқу орындары мен факультеттердің студенттеріне арналған негізгі құқық салаларының бірі.

«Қазақстан Республикасының Салық құқығы» курсын меңгерудің негізгі мақсаты болып, мемлекеттің салық қызметі туралы теориялық білімдердің игеру, салық салу шеңберінде нормативтік актілермен өз бетінше жұмыс жасай алатындай дағдысын студенттермен игеру танылады.

Негізгі міндеттердің бірі ретінде мыналарды көздесе болады:

- Мемлекеттің салық қызметі мен салық туралы мәліметтерді қалыптастыру;
- Қолданыстағы салық заңнамасы мен оның қызметін, жекелеген қоғамдық салық қатынастарын;
- Салық актілерін реттейтін мүмкіндіктерін және салық заңнамасы нормаларының тиімділігін анықтау;
- Курсты меңгеру барысында алған білімдерін өзіндік жұмыстарды орындау арқылы шеберлігін арттыру;
- Салық заңнамасын және ағымдағы ақпаратты талдау өзіндік оқу барысында алған білімдерін бекіту болып табылады.

Бұл оқу-әдістемелік құралда Қазақстан Республикасының Салық құқығы бойынша дәріс, тәжірибелік және студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы сабақтарды өткізуге арналған материалдар жиналған. Оқу құралының басты мақсаты студенттерге курстың маңызды сұрақтарын меңгеруге көмектесу және жинақта келтіріліген тәжірибелік тапсырмаларды орындау арқылы салық заңнамасы мен өзге де нормативтік материалдарды тәжірибе жүзінде дұрыс қолдануға студентті бейімдеп, үйрету болып табылады.

Тәжірибелік сабақтарға арқау болатын әрбір тақырып бойынша мақсатты түрде ұсынуды қажет ететін шамамен алынған оның жоспары берілген. Оқу әдістемелік құралдағы есептер мазмұнында берілген даулы мәселенің дұрыс жауабын табу үшін қажетті барлық деректер осы есептердің шартына енгізілген.

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1 МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ

1.1 Мемлекет өміріндегі салықтардың ұғымы және рөлі

Мемлекеттің бюджет жүйесінің аса маңызды құраушы негізі мемлекеттің салықтық құқығының көмегімен мәжбүрлеу арқылы алынатын міндетті төлемдер - салықтар, алымдар, баждар, төлемақылар және т.б., яғни жинақтап айтқанда салықтық түсімдер болып есептелінеді. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің экономикалық-құқықтық маңызы олардың төленілуіне байланысты туындайтын қаржылық-экономикалық және құқықтық қатынастарда, яғни салық төлеушілердің мемлекетке салықтық төлемнің затын (сомасын) берулері кезінде салық заңдарымен белгіленген салықтық құқықтық қатынасқа қатысушы мемлекет пен салық төлеушілердің арасында туындайтын қатынастарда жарқын көрініс табады.

Салықтар экономикалық және әлеуметтік-саяси қатынастарды өзінің бойында жинақтаушы күрделі әрі қоғам өмірінің көп аспектілі қаржылық-құқықтық құбылысы болып табылады. Сондықтан ол өзіне тән көптеген айрықша белгілерімен ерекшеленеді.

Салықтар қоғамдық қатынастары біртіндеп дамып келе жатқан адамзат өркениетінің бастапқы кезеңдерінде пайда болған болатын. Кезінде Інжілдегі Ізгі хабарын жазғанда Лука Исаның (Христостың) тууы туралы өзінің баяндауын «Сол күндері кесарь (патша) Август жер жүзінің барлық тұрғындары салық төлеу үшін тізімге тіркелсін деген бұйрық берді» деп бастаған еді. Осы оқиға салықтар мен алымдарға байланысты санақ есебін алу және тізімге тіркеу ісінің бастамасы болды, сондай-ақ халық санағы мен жерлерді есепке алу жөніндегі аталмыш өктем іс-қимылдар Сирияны Квирина басқарып тұрған кезде, астарлы мағынада жүргізілген болатын.

Көне Үндістанда «Ману заңдарында»: «шалынған құрбандықты өзіне, яғни құрбандыққа шалынған (берілген) мал мүліктерді өзіне тек брахмандар ала алады» деп белгіленген болатын. Сонымен бірге осы заңдарда «Веданы жатқа, жақсы бідушілерден патша салық ала алмайды» деп, брахмандардың салық төлеуден босатылатыны бекпілген еді. Алпатшаға және басқа да басқарушыларға байланыста сол «Ману заңдарында» «Патша жыл сайын елде тұратын бұқара халықты дербес кәсіппен айналысуға мәжбүр етсін және оларды салық деп аталатын төлемді төлеуге мәжбүрлесін» деп керсетілген.

Енді көне Грекияға көз салсақ, онда алымдар мен садақтарды алудың әр алуан тәсілдері мен түрлері пайдаланылғанын байқаймыз. Классикалық Грекияда алғашқы тікелей алымды тек құдайдар мен храмдарға құрбандық шалу ретінде берілетін мал-мүліктер түрінде алып отырса, кейіннен кемелер

жасауға, белгіленген тәртіпті қамтамасыз етуге, қала шаруашылығы мен порттағы жұмыстарды жүзеге асыруға деп аздап салық алынатын болған.

Біздің эрамызға дейінгі VII—VI ғасырларда ауқаттылардың өкілдері табыстың онға бөлгендегі бір бөлігін немесе жиырмаға бөлгендегі бір бөлігін қазынаға алу қажет деп белгілеген. Ал VI ғасырдың соны мен V ғасырдың басында қоғамдық ауыртпашылықтар-литургиялар пайда болған. Литургиялық міндеттерін өтегендер басқа салықтарды төлемейтін болған.

Бесінші ғасырдың ортасына таман салықтарды алудың жаңа түрлері ойластырылған. Мысалы: базарлардағы сауда-саттыққа салынатын салықтар, шетелдік азаматтардан алынатын салықтар, кедендік баждар алынған. Жезөкшелерге де салық салынған. Бұлар кірістерді құраса, шығыстарға: қаланы астықпен және ағашпен қамтамасыз етуге кететін қаражаттар; спорт ойындарын қаржыландыруға, дипломатиялық қатынастарды қаржыландыруға, полицияны ұстауға қажетті қаражаттар жатқан. Бұл ретте басқару нысанына, мемлекеттерге және басқа да жайларға қарамастан, салықтардың қажеттілігі және әрдайым әрі ұдайы алынатындығын, сондай-ақ салық төлеуден ешкімнің тыс қалмайтындығын байқаймыз. Мысалы, ауқатты азаматтар триархияға 200 талаштан (алтын ақша) төлеп отырған. 378-377 жылдары ауқатты және басқа азаматтардың мүліктері мен байлықтарын жаппай бағалау жүзеге асырылған. Ерікті қоғамдық төлем литургия да өкінішке орай салыққа айналдырылған болатын.

Көне Римдегі алғашқы салықтар цензус (ценз) деп аталған. Ценздер әрбір бес жылдың көлемінде азаматтардың мүліктеріне сәйкес белгіленіп, алынған. Кейде салықтар мен баждардан және жерді жалға беруден түскен түсімдер қала шаруашылығына кететін шығындарды жаппаған жағдайда, тек қалада тұратын азаматтардан «мунира» деп аталатын салық алынған. Мунирадан басқа мемлекеттік салық «тирибутумды» төлеу рим азаматының борышы әрі міндеті болған. Провинциялардағы жерлердің аумағы өлшеніп, қалалар бойынша кадастрлар жасалынып отырған. Римдегі (оның провинцияларындағы) негізгі салықтардың бірі жер салығы «аннона» болған. Оның төлемдері ауылшаруашылығы өнімдері түрінде алынған.

Ресей мемлекетінің салық жүйесі IX ғасырдың соңына таман қалыптаса бастады. Ең бірінші алынған салық «дань» деп аталынатын. Сол кездерде алынатын салықтардың бәрі баждар болып саналатын. Баждардың мына түрлері алынған: «мыт», «гостинная», «перевоз», «вес и мера», «торговая», «вира», «продажа». Татар-монғол шапқыншылығы кезінде Ордаға «выход»-деген салық төленген, сондай-ақ «ям» атта салық Орданың елшісі мен оның қызметкерлерін ұстау үшін алынған. Патша Үшінші Иванның кезінде «данные», «ямские», «пищальные» деген салықтар, «стрелецкая подать», «полоняничные деньги», «сборы на городовое и засечное дело», «соха», «медовая дань», «яеуся» деген түрлі міндетті төлемдер алынған.

Бірінші Петрдің тұсында фискальдық палата құрылған болатын. Одан басқа қаржылар мәселесімен айналысатын камерколлегия, штатс-контр-

коллегия, комерц-коллегия және ревизионная коллегия сияқты мемлекеттік органдар болған.

Сол кезде мына келесідей әр алуан салықтар мен міндетті төлемдер алынған: «гербовый сбор», «подушной сбор с извозчиков», «налоги с постоянных дворов», «налоги на бороду, усы», «налоги с печей, судов, продажи съестного», «подушная подать» (кейін «налог со строений»). Кейінгі патшалардың басқарулары аясында «питейный налог», «гильдейская подать», «квартирный налог», «налог на доходы с ценных бумаг», «сбор с проезда по шоссе Санкт-Петербург — Москва», «пошлина с имущества, переходящего по наследству», «сборы с заграничных паспортов», «паспортные сборы», «акцизы на табак, сахар, соль, спички, прессованные дрожжи, осветительные масла», «промысловый налог». Міне, Ресей салық жүйесінің қалыптасып, дамуы кезінде алынған негізгі міндетті төлемдер осылар болған. Әрине, әрбір елдің салық жүйесінің әр кездегі болмысы және құқықтық тағдыры патшалар мен билеушілердің, мемлекеттің саяси еркіне тәуелді болғаны, сондай-ақ бола беретіні сөзсіз.

Қазақстанда да заман-кезендеріне сай салық жүйесі болғаны ешбір күмән тудырмайды. Бір ғана дәлел ретінде «Ұлы жібек жолы» мен өркендеп, дамыған камал-қалалар «Сығанақ», «Отырар», «Тараз», «Мерке», «Исфиджаб», «Күлан», «Яссы», «Сауран», «Барысхан», «Аспара», «Баласағұн», «Қойлық», «Талхиз», «Екіөгіз», «Баба-ата» жөніндегі мағлұматтарды айтуға болады.

Тек бір өкініштісі, жазба мәліметтердің сақталмағанына байланысты осы салықтар жөніндегі дерек көздерінің өте аз болуы.

Кезінде Қазақстан тарихына, сонымен бірге салық салу мәселелерін шешуге орасан зор үлесін қосқан бірден-бір құқықтық дерек көзі Тәуке ханның (Әз Тәуке) хандық құруы кезінде, оның тікелей қатысуымен қабылданған «Жеті Жарғы» болып табылады.

Қазақстанның Ресей боданы болуына байланысты оның аумағында Ресейдің заңдарында көзделген салықтар мен өзге де міндетті төлемдер алынатын болған. Тек Қазақстанның өзіне тән алымдар да белгіленіп отырған. Мысалы, «кибиточный сбор», «ясачная подать», «паспортный сбор», «ямская повинность» және т.б.

Ресей империясының қаржылық құқық саласы бойынша көрнекті ғалымы П.П. Гензель бұрынғы кездерде етек жайған салықтарға байланысты заңсыз мәжбүрлеулер жөнінде: «Көне заманнан бері салық салудың техникалық жолдары, әралуан кадастрлары және өндіріп алудың аса бір икемді тәсілдері жақсы мәлім болған» деп айта келіп «көне заманда қаржылық құқық жоқ болғандықтан қазіргі кездегідей салық салу тәртібін білмегендері белгілі. Ол кезде тек бағындырылған халықтан салық алуға бағытталған қаржылық мәжбүрлеуді ғана білген» деп тұжырымдаған. Міне, салықтар жөнінде осындай көзқарастар қалыптасқан еді.

Сонымен салықтардың бағзы заманнан алынып келе жатқаны жоғарыда біршама айтылды және қандай болмасын мемлекеттің болмысы мен өсіп-дамуының материалдық негізі — қаржыларды қалыптастыратын ең басты қайнар түсім көздеріне салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің жататыны белгілі болды. Бұл ретте ескеретін маңызды жәйт, салықтар билеушілердің, императорлардың, патша ағзамдардың қарамағына болсын, кейіннен мемлекеттің тікелей өзіне болсын мәжбүрлеп алынғандықтан, олардың араларындағы айырмашылық тек жекеше-құқықтық кірістер түрінде немесе қоғамдық мемлекеттік кірістер сипатында болды.

1.2 Салық салу түсінігі

Жоғарыда айтылғандай салық салу жүйесі (салықтар) адамзат өркениетінің әр қилы кезеңдерінде туындап, қалыптасып, дами отырып бүгінде белгілі бір деңгейде дамыған әрбір мемлекеттің мызғымас атрибуты, сол мемлекеттің қандай да болмасын мұқтаждықтарын қанағаттандырудың және әлеуметтік-экономикалық салаларын реттеудің таптырмас құралы ретінде көрініс табуда.

Салықтар, салық салу және салықтық құқық жөнінде кезінде А. Смит, Д. Рикардо, У. Пестти, Н. Тургенев, М. Сперанский, Ш. Уәлиханов, И. Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, А. Бекейханов, кейіннен бұрынғы Кеңес кеңістігі мен қазіргі егеменді еліміздің ғалымдары М. Оспанов, А. Худяков қалыптастырған маңызы зор теориялар, экономикалық және құқықтық көзқарастар осы салықтардың қоғам мен мемлекет үшін ауадай қажет екенін дәлелдеп отыр.

Осы салық жүйесінің мыңдаған жылдар бойы дамып, өркениетті түрде қалыптасқан шағы XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басына тұс келген болатын. Оны ірге тасын қалаушылардың ішіндегі бірегейі Адам Смит деп айтсақ қателеспейміз. Ол өзінің 1776 жылы шыққан «Халықтар байлығының табиғаты мен себептерін зерттеу жөнінде» атты кітабында: «Мемлекеттің тұрғындары өздерінің табыстарына қарай мемлекеттің мұқтаждығын қанағаттандыру үшін ат салысуға тиіс. Олар төлейтін төлем — салықтың мөлшері ете дәл айқындалғаны дұрыс болады, сондай-ақ төлеу мерзімі, төлеу тәсілі және төленетін сомасы өте анық болуы қажет. Салықты алу кезеңі мен уақыты немесе тәсілі салық төлеуші үшін ыңғайлы әрі қолайлы болуға тиіс. Сонымен қатар, әрбір салықтың салмағы халықтың жан қалтасын ойсыратып кетпей, мүмкіндігінше аздап алынуы қажет. Сонда, мемлекет қазынасына түсетін табыс мөлшерлеген межеден артық болмаса, кем түспейді» деп жазған еді.

Міне, осы айтылғандардың түпкі тұжырымы ретінде мынадай: «салықтарды барлық азаматтардың арасында, олардың табыстарына сай біркелкі белін, белгілеу салықтық төлемнің сомасы, тәсілі және уақыты оны

төлеушіге күні бұрын әрі нақтылы белгілі болғаны дұрыс; салықтар әрбір салық төлеушіге қолайлы уақытта және ыңғайлы тәсілмен алынуға тиіс; салық алу кезінде салық төлеушінің шығындары мүмкіндігінше аз болуға тиіс» деген салық салудың негізгі қағидалары қалыптастырылған болатын.

Салықтың белгіленуі, салық салу мемлекеттің құрылысына, қалыптасқан қоғамдық дәстүрлерге, мемлекет экономикасы мен фискальдық саясатының мән-жайына, билік етуші тармақтардың өктем өкілеттіліктерінің демократиялық деңгейіне, нақта қалыптасқан әлеуметтік, саяси және әкімшілік жағдайларға қарай жүзеге асырылады. Былайша айтқанда, салықты мемлекеттің экономикалық әлеуетінің (күш-қуатының) функциясы деп санауға болады. Осы орайда қатты ескеретін жәйт, салықтың (экономикалық) мән-жайы мен заң жүзінде іске асырылатын мәнінің арасында қарама-қайшылық туындамауы қажет.

Демек салық, салық салу мемлекеттің салық жүйесі деген сөздердің мағынасын мемлекеттің кірісін салық төлеушілердің — заңды және жеке тұлғалардың материалдық мүдделеріне мүмкіндігінше нұқсан келтірмей қалыптастыру керек деп түсінген дұрыс.

Салық салу процесі әдетте, салықтың саны мен сапасы негізделген нақтылы ақшалай ресурстар ағынын, оның әлеуметтік-экономикалық мағынасы мен бағытын салық жүйесіндегі фискальдық және реттеуші функцияларды қамтамасыз етуге бағдарлайды.

Мемлекеттік — өктем билік жүргізу аясы мен корпоративтік және жеке меншік аялары субъектілерінің арасындағы салықтық төлемдер ағыны корпоративтік және жеке меншік ақша қаражаттарына байланысты меншік нысанының ауысуымен, сондай-ақ меншік құқығының алмасуымен ерекшеленеді.

Салық салу заң жүзінде айқындалып, белгіленген салықтарды тиісті аялар бойынша есептеу және нақтылы салықтық төлемдер сомасын республикалық немесе жергілікті бюджеттерге алу процесін білдіреді.

Салықтар қоғамдағы экономикалық қатынастардың аса қажетті звеносы, бюджет - қаржы жүйесінің маңызды құраушысы, әлеуметтік-саяси қатынастардың басты элементі, мемлекеттік кірістің негізгі нысаны, жалпы мемлекеттік қаржылардың элементі, қоғамдық өндіріске мемлекет тарапынан экономикалық ықпал ету үшін пайдаланылатын механизм, мемлекеттік бюджет кірісін қамтамасыз ететін тетік, экономиканы реттеу және ынталандыру құралы, дербес экономикалық категория, мемлекеттік бюджет кірісі мен корпоративтік және жеке меншік шаруашылық аялардағы қаржылық қатынастарға тікелей қатысы бар объективті-субъективті қаржылық-экономикалық және құқықтық қоғамдық құбылыс болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық процестерді мемлекеттік реттеу барысында қаржы-бюджет механизмі мен оның құрамдас бөлігі — салықтар пайдаланылады.

Сонымен, салық объективті-субъективті қаржылық-экономикалық және құқықтық құбылысты, ал салық салу мемлекеттік бюджеттің кіріс (салықтық кірісін) базасын қалыптастыруға байланысты қарқынды салықтық қатынастар көрсетеді. Демек, салық салу ұйымдастыру — құқықтық категориясы ретінде көрініс табады.

Салық салу жүйесінің ұғымын мемлекеттің салық жүйесінің экономикалық-қаржылық негізін (ірге тасын) құрайтын, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің нақтылы баптарында белгіленіп, бекітілген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің объективті жиынтығы деп айқындауға болады.

Салық салу жүйесі мемлекеттің салықтық құзырының ауқымында жұмыс істейді. Мемлекеттің салықтық құзыры Қазақстан Республикасының Конституциясында айқындалып, Салық кодексінің ережелерінде заңдық көрініс тапқан тиісті мемлекеттік билік органдарының салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеу және алу жөніндегі мемлекеттік өктем өкілеттіліктері қамтитын ая болып табылады, сондай-ақ ол экономикалық кеңістіктегі мемлекеттің салық салу жүйесінің стратегиялық әлеуетін білдіреді.

Салық салу жүйесі мемлекеттік билік тармақтарының объективті-субъективтік қызметтерін материалдық түсім көзінен қамтамасыз ететін императивтік (әмірлі) нысан болып табылады.

Дүниежүзілік салық салу практикасында әр түрлі салықтар атқаратын ролдерге қарай:

- 1) англосаксондық модель;
- 2) еуроқонтинентальдық модель;
- 3) латынамерикалық модель;
- 4) аралас модель сияқты базистік салық салу жүйесіне бөлінген.

Англосаксондық салық салу жүйесі негізінен жеке тұлғалардан алынатын тікелей салықтарға сүйенеді.

Еуроқонтинентальдық салық салу жүйесі жанама салықтарға бағдарланған.

Латынамерикалық салық салу жүйесі кебінесе жанама салықтардың алынуын көздейді.

Аралас салық салу жүйесі заңды тұлғалардан алынатын тікелей және жанама салықтарға, жеке тұлғалардың салықтарына, сондай-ақ тек жанама салықтарға, яғни мемлекеттің нақтылы даму кезеңіне орай құрылымдаған салық жүйесіндегі салық түрлеріне байланысты жұмыс істейді.

Салық салу барысында туындайтын салықтық қатынастар негізінен азаматтық-құқықтық қатынастары басым қоғам өмірінің экономикалық ауқымында қалыптасады. Алайда кәсіпкерлік қызмет пен корпорациялық және жеке меншік мәселелері салықтық құқық реттейтін объектілер қатарына мүлдем жатпайды.

Дегенмен кәсіпкерлік қызметтің тиімділігі мемлекеттік бюджет кірісіне түсетін салықтардың көрсеткіштеріне тікелей ықпалын тигізетіндіктен салық органдары бухгалтерлік баланс пен бухгалтерлік есепке алу мәліметтеріне жүгінеді.

Бухгалтерлік есепке алу Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заң актілерімен, бухгалтерлік есепке алу стандарттарымен, сондай-ақ ұйымдардың есепке алу саясатымен регламенттелген, кәсіпкерлердің және ұйымдардың операциялары мен жағдайлары (мән-жайлары) жөніндегі ақпараттарды жинау, тіркеу және қорытындылау жүйесін көрсетеді.

Кәсіпкерлер мен ұйымдарға қатысты қаржылық сипаттағы барлық мәмілелер мен жағдайлар осы аталған жүйеде Қазақстан валютасымен тіркеледі. Бухгалтерлік есеп ақпараттарын пайдаланушылар қатарына нақтылы кәсіпкерлер мен ұйымдардың өзі, олардың инвесторлары мен кредиторлары, мемлекеттің экономикалық және статистикалық органдары, салық органдары және т.б. жатады.

Бұл ретте ескеретін маңызды жәйт, салық органдары тарапынан салық салу мақсатында жүргізілетін есепте — салық есебінде тиісті кәсіпорынның немесе ұйымдардың бухгалтерлік есебінің кейбір мәліметтері ғана пайдаланылады. Салықтық төлемнің сомасын есептеуге қатысты салық салу базасы қандай болсын ұйымның бухгалтерлік есеп мәліметтеріндегі қаржылық нәтижелеріне қарамастан айқындалады.

Өйтсе де салық салу процесінің бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде жүргізілетінін білу қажет. Өйткені бухгалтерлік есеп мәліметтері салық салу мән-жайларына бейімделінеді. Демек, салық салудың бухгалтерлік есепте көрсетілетін кәсіпорынның шаруашылық қызметінің қаржылық нәтижесіне бағдарланатынын жоққа шығаруға болмайды.

Қазақстан Республикасындағы салық салу айқындылығы нақтылы салық төлеушіге қатысты салықтық міндеттемелердің туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібін салық заң актілерінде белгілеу мүмкіндігін білдіреді.

Бүгінде Қазақстан Республикасының салық жүйесі өзінің құрылу және жұмыс істеу негізіндегі экономикалық-құқықтық принциптерінде көзделген әлеуметтік-экономикалық басымдылықтарға орай салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді мемлекеттік бюджет шығысының әлеуметтік бағдарына байланысты бөледі. Осындай мән-жайлар тұрғысынан салық жүйесіндегі іс-қимылдарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, орталықта және жергілікті аумақтарда жүргізілетін салық әкімшілігінің негізгі бағыттары, республикалық және жергілікті фискальдық мүдделерді нақтыландыруға қажетті ақпараттар базасы, мемлекеттік бюджет кірістері мен шығыстарын теңдестірудің кешенді принциптері айқындалады.

Салықтық құқық негізінде жүргізілетін мемлекеттік салық әкімшілігі салық жүйесінің тактикалық және стратегиялық салықтық әлеуетін, мақсатты әлеуметтік-экономикадық ұстанымдарды, ішкі және сыртқы салық

саясатының принциптерін, салықтық құқықтық қатынастар жүйесін мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру процесін қамтиды.

Қазіргі заманғы Қазақстан Республикасының салық жүйесін басқару негізінде нарықтық түрлендірулерге айтарлықтай бейімделген мемлекеттік салықтық жоспарлау (болжамдау), мемлекеттік салықтық реттеу және мемлекеттік салықтық бақылау сияқты салық механизмінің элементтері жатады.

1.3 Тесттік тапсырмалар

1 Мемлекет меншігіне осы тұлғаның салық міндеттемесімен қарастырылған тәртіпте, мөлшерде және мерзімде салық төлемінің пәнін беру міндеті жүктелген, тұлғаны атаңыз:

- A) салық төлеуші,
- B) салық субъектісінің өкілі;
- C) мемлекеттік қызметшілер;
- D) құқық субъектілері;
- E) жеке тұлға.

2 Мемлекеттің салық қызметі – бұл:

- A) салық салуды ұйымдастыру және оның қызмет етуін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекетінің қызметі,
- B) мемлекеттің қызмет етуінің құқықтық нысаны;
- C) салық және өзге де міндетті төлемдердің түсімдерінің толықтығын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет қызметі;
- D) бақылау жүргізу;
- E) тексеріс жүргізу.

3 Мемлекеттің салық салуды ұйымдастыру және жүзеге асырудағы қолданылатын нақты әдістері және тәсілдері – бұл:

- A) салық құқығының әдісі;
- B) салықты бекіту және алу жөніндегі мемлекетінің қызметі;
- C) мемлекеттік салық қызметінің әдістері,
- D) салықтық құқықтық қатынастарды реттеу әдісі;
- E) диспозитивтік әдісі.

4 Салық төлеушінің салық салу объектісінің бары туралы салық базасының көлемі және салық кезеңіне сәйкес салықтық төлемге жататын мөлшерде салық төлеу туралы ресми арызы:

- A) салықтық декларациясы,
- B) салықтық хабарлама;
- C) бір рет қолданбалы талон;
- D) патент;

Е) куәлік.

5 Салықтық құқықтық қатынаста мемлекет табылады:

- А) салық төлеушінің атынан заң негізінде уәкілетті болатын тұлға;
- В) салық төлеуші беретін сенімхат не болмаса құрылтай құжаттары негізінде әрекет ететін салық төлеушінің өкілі;
- С) билікті субъекті болы,
- Д) салық кодексіне сәйкес төлем көздерінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет жүктелген заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;
- Е) салық төлеуші болып.

6 Салық салу – бұл:

- А) салықтарды анықтау (бекіту);
- В) салықтарды бекіту және алу бойынша мемлекеттің қызметі,
- С) салықтарды алып қою бойынша мемлекеттік органдарының қызметі;
- Д) салық төлеу тәртібі;
- Е) салықтарды енгізу жөніндегі мемлекеттік органдарының қызметі.

2 САЛЫҚ САЛУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ

2.1 Салық жүйесі

«Салық» ұғымымен «салық жүйесі» ұғымы тығыз байланысты. Мемлекетте алынатын салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем түрлерінің, оны құру мен алудың нысандары мен әдістерінің, принциптерінің, салық заңдары мен салыққа қатысты нормативті актілердің, салық қызметі органдарының жиынтығы мемлекеттің салық жүйесін құрайды.

Экономикалық жағынан салық жүйесі мемлекеттің, аймақтардың және муниципалды құрылымдардың қызметін қаржылай қамтамасыз етуге байланысты әр түрлі мемлекеттер, мемлекет пен салық төлеуші арасындағы, әр түрлі салық төлеушілер арасындағы, сондай-ақ оған тікелей қатысушы заңды және жеке тұлғалар арасындағы күрделі өзара байланысты әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жиынтығын құрайды.

Салық жүйесіне қажетті негізгі талаптар мыналар:

- салық құрамы дәл анықталуы қажет. Ол үшін салық заңдылығында мемлекетте алынатын салықтардың толық тізімі мазмұндалуы керек;
- салық жүйесі салық төлеушілер үшін салықтан жалтару тиімсіз болатындай етіп жасалуы тиіс;

- салық жүйесінің қарапайымдылығы. Бұл әсіресе, салықтың дұрыс төленуі үшін бақылауды жүзеге асыруда маңызды;
- салық жүйесі салық төлеушінің өз қаражатын өндіріске салуына ықпал етуі керек.

Жалпы, салық жүйесі мемлекеттің қаржы көздерін жасақтаудың ең негізгі құралы болуымен қатар, ел экономикасын қайта құруға, өндірістің ұлғайып, дамуына және саяси-әлеуметтік шаралардың толығымен жүзеге асуына мүмкіндік туғызады.

1995 жылдың 24 сәуірінде қабылданған ҚР Президентінің «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» заң күші бар жарлығы салық жүйесіне оңтайлы өзгерістер енгізді. Олардың қатарына қолданылып келген салықтар мен салықтар мен алымдар санының 46-дан 11-ге қысқартылуы, салық салу принциптерінің дүниежүзілік тәжірибеге сай өзгертілуі, халықаралық салық салу тәртібінің енгізілуі, салықтардың нышанына, белгілеріне қарай топталуы, сонымен қатар бұл құжаттың көптеген заңдармен тығыз байланыстылығы, салықтық әкімшіліктің жаңа ережелерінің енгізілуі салық жүйесіндегі басқа да түбегейлі өзгерістер жатады. Әрине мемлекеттің нарықтық экономикалық қатынас талабына сай дамуы жағдайында салық жүйесінің бір орында, өзгеріссіз қалуы мүмкін емес. Алайда қысқа уақыт аралығында қабылданған шексіз өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі нәтижесі оның әлі де болса жетілмегендігін көрсетеді.

Бүгінгі күні республикада салық заңдарының барлық негізгі кемшіліктері ескерілген, әрі жетілдірілген жаңа Салық кодексі дайындалып, 2001 жылдың 12 маусымында қабылданды.

Уақыт ағымының әсеріне, заман талабына сай қабылданған Салық кодексінде келесідей мәселелерді шешуге басты назар аударылған.

Біріншіден , барлық шаруашылық субъектілеріне салықтандырудың тең жағдайын жасау.

Екіншіден, кейбір жекелеген категориядағы салық төлеушілерге берілген жеңілдіктерді жою арқылы салық жүктемесін жеңілдету.

Үшіншіден, салық заңдылығы жөніндегі барлық ережелер мен нормаларды тікелей қызмет ететін заң мөлшерінде біріктіру.

Төртіншіден, салық заңдылығының тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Әрине, салық заңдылығында өзгерістер мен толықтырулар болашақта да жүргізіліп отырылады. Өйткені экономикалық қарым-қатынастар бір орында тұрып қалмайды, ол жаңа даму сатысына көшкен сайын салық заңдылығының да сол экономикалық саясатқа сай өзгертіліп отыруы керек. Сондықтан өзгерістің енгізілуі де заңды. Бірақ, кодекс бойынша енді жаңадан енгізілген өзгерістер жылына бір рет енгізілуі тиіс. Енгізілген өзгерістер келесі жаңа жылдың басынан бастап күшіне енеді. Бұл ереже біржағынан салық төлеушілерге жаңа енгізулерге алдын ала дайындалып, операциялар мен қаржы шешімдерін жоспарлауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан салық

қызметкерлерінің жұмысын жеделдетуге және жеңілдетуге көп әсерін тигізеді.

2.2 Салықтың түсінігі және белгілері

Салық – мемлекеттік бюджетке заңды және тұлғалардан белгілі бір мөлшерде түсетін міндетті төлемдер.

Салықтар – шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жеке тұлғалардың мемлекет пен екі арадағы мемлекет бюджет арқылы жүзеге асырылатын, қаржы қатынастарын сипаттайтын экономикалық категория. Салықтардың экономикалық мәні мынада: салықтар шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының қалыптасуындағы қаржылық қатынастардың бір бөлігін білдіреді. Сондай – ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының белгілі бір мөлшерін мемлекет үлесіне жинақтап, жиынтықтаудың қаржылық қатынастарын көрсетеді. Салықтар мемлекет құрылуымен бірге пайда болады және мемлекеттің өмір сүріп, дамуының негізі болып табылады. Мемлекет құрылымының өзгеруі, өркендеуі қашанда болса осы салық жүйесінің қайта құрылуымен, жаңаруымен бірге қалыптасады.

Әрбір мемлекетке өзінің ішкі және сыртқы саясатын жүргізу үшін белгілі бір мөлшерде қаржы көздері қажет. Салықтар – мемлекеттің тұрақты қаржы көзі болып табылады.

Салықтардың мәнін толық түсіну үшін, олардың экономикалық маңызын түсіну қажет. Ал салықтардың экономикалық маңызы олардың атқаратын қызметіне тікелей қатысты.

Әрбір Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес және Қазақстан Республикасының Салық Комитетінің міндеттеріне қарай мемлекеттік бюджетке салық төлеуге міндетті. Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді Қазақстан Республикасының Салық Кодексі заңдары арқылы реттеледі.

Кодекс заңдары арқылы салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу және еспетеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын сондай – ақ мемлекет пен салық төлеуші арасындағы салық міндеттемелерін орындауға байланысты қатынасты реттейді.

Қазақстан Республикасының салық заңдары Салық Кодекстен, сондай-ақ қабылдануы нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төлеу жөніндегі Салық Кодексінде көзделмеген міндет ешкімге жүктелінбейді.

Нарықтық экономиканың қалыптасу кезеңінде салық саясатының негізгі бағыты немесе салық саясатының басты мақсаты – салық жүйесін

құру және оның тиімді қызмет етуіне мүмкіншілік беретін салық механизмін іске асыру.

Салықтардың белгілері:

- түсім көзі жалпы ұлттық табыстың белгіленген бөлігі болып табылатын төлем;
- міндетті төлем;
- жекелей — эквивалентсіз төлем;
- қайтарылмайтын төлем;
- мемлекет кірісін қалыптастыратын төлем;
- ұдайы төлем;
- мәжбүрлі төлем;
- заң жүзінде белгіленген төлем;
- құқыққа сай төлем;
- жүзеге асырылуы кезінде төленетін салық сомасының меншік нысанының әрқашанда мемлекеттік меншік нысанына ауысуымен (өзгертілуімен) көрініс табатын төлем;
- мөлшері алдын ала айқындалған төлем;
- қаттаң белгіленген мерзімде жүзеге асырылатын төлем;
- өте тұрақты салықтық міндеттемелер туындататын төлем;
- белгіленіп, бекітілуі кезінде нақты салық төлеушілердің төлем қабілеттілігі есепке алынатын төлем;
- ақшаның төлем құралы ретіндегі функциясын (ақша нысанындағы құнның біржақты қозғалысын) көрсететін төлем;
- жүзеге асырылуы заңи жауапкершілік шараларымен қамтамасыз етілетін төлем;
- тек құқықтық нысанда болатын төлем;
- біржақты-өктем төртіппен мемлекет белгілеген төлем;
- жүзеге асырылуы салық төлеушінің заңи міндеті болып табылатын төлем;
- жекелей-айқындалған сипаттағы төлем;
- материалдық-заттай төлем;
- әрдайым фискальдық нысанда болғандықтан салық әкімшілігін жүргізуге қолайлы әмірлі сипаттағы төлем;
- мемлекет тарапынан заттандырылған объективті экономикалық категория, яғни мемлекеттік қазынаны толықтыру мақсатында тиісті мемлекеттік билік тармағы ұйымдастырып, құқықтық негіздеген ақша қаражаттарының арналы ағымы;
- әлеуметтік бағдарлы нарықтық экономиканың негізінде жасалынатын демократиялық қоғамның өнімі;
- табыстарға салынуына байланысты тікелей, ал тұтынуға (шығынға) салынуына қарай жанама болып бөлінетін төлем;
- салық төлеушінің экономикалық-қаржылық жай-күйіне қатысты функция;
- реттеуші сипаттағы экономикалық стимул және мемлекеттік бюджеттің материалдық-заттай қаражаттарының кезі;

- қоғамдағы бөлу және қайта бөлу қатынастарын білдіретін экономикалық категория;
- мемлекеттің салықтық құқығына сай мәжбүрлеп алына отырып, бюджет жүйесінің мызғымас материалдық, негізін құрайтын төлем;
- бірыңғай салық жүйесін білдіретін мемлекеттік деңгейдегі және жергілікті салық салу жүйелеріне байланысты мемлекеттік және жергілікті болып көрініс табатын төлем болып саналады.

Сонымен салық мемлекет тарапынан біржақты шығарылған заңдардың негізінде, сол заңдарда айқындалған нақтылы мөлшерде және қатаң белгіленген мерзімдерде, Республикалық немесе жергілікті бюджет кірісін қалыптастыру мақсатында салықтық міндеттемелерін орындауға тиісті заңды және жеке тұлғалардан жүйеленген әрі тұрақты түрде уәкілетті мемлекеттік органдар алатын баламасыз, қайтарымсыз, ақшалай (кейде заттай) міндетті төлем болып табылады.

Салық салу процесінде нақтылы салық төлеуші орындауға тиіс салықтық міндеттемелер салықтық заң актілерінде белгіленген әрбір салықтың құрамдас бөліктерінің жиынтығы – салық элементтері арқылы айқындалады.

Салық төлеушінің (оған қатысты заңи фактілерге сәйкес) салық төлеу жөніндегі мемлекет алдындағы міндетін оның салықтық міндеттемелерінде нақтыландыратын, республикалық немесе жергілікті бюджетке төленетін салықтық төлем сомасына байланысты салықтық міндеттемені және оның орындалуын айқындайтын, сондай-ақ мемлекеттің салық жүйесіндегі әрбір салықтың әлеуметтік-экономикалық және заңи мән жайының тектік белгілерін, қолданылу тәртібін ашып көрсететін ҚР Салық кодексінде белгіленген әрбір салықтың құрамдас бөліктерінің кешені — салық элементтері болып есептелінеді.

2.3 Салықтың түрлері мен қызметтері

Салықтар — өте көп қырлы, мемлекеттің даму кезендері өзгерген сайын нақтыландырылатын, ұдайы жүзеге асырылатын міндетті ақшалай төлем болып табылады.

Салықтардың функциялары экономикалық табиғаты мен заңи мән-жайына қарай мемлекет кірісін бөлу және қайта бөлу құралы сипатында мемлекеттің салықтық қызметінің негізгі бағыттарында пайдаланылатын салықтардың тек өзіне тән экономикалық-құқықтық қасиеттері ретінде көрініс табады.

Экономиканың қазіргі даму мүмкіндіктерін есепке ала отырып мемлекеттік қажеттіліктерге сай айқындалған салықтардың функциялары мемлекет белгілеген бағыт бойынша іске асырылады.

Салық кодексіндегі салықтардың, салық сипатындағы алымдардың тізбесі мыналарды құрайды:

Салықтар:

- 1) Корпорациялық табыс салығы
- 2) Жеке табыс салығы
- 3) Қосылған құн салығы
- 4) Акциздер
- 5) Экспортқа рента салығы
- 6) Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу
- 7) Әлеуметтік салық
- 8) Көлік құралдары салық
- 9) Жер салығы
- 10) Мүлік салығы
- 11) Ойын бизнесі салығы
- 12) Тіркелген салық
- 13) Бірыңғай жер салығы

Экономикалық категория ретінде салықтың функциялары:

- 1) фискальдық функцияны;
- 2) бөлуші функцияны;
- 3) реттеуші функцияны;
- 4) бақылаушы функцияны;
- 5) жеңілдік беруші функцияны жатқызуға болады. Салықтарды топтастыру олардың айырмашылықтары мен

2.4 Тесттік тапсырмалар

1 Салықтар қай кезде пайда болды?

- А) сауданың дамуымен;
- В) мемлекеттің пайда болуымен;
- С) өндірістің дамуымен;
- Д) тауар-ақша қатынастарының дамуымен;
- Е) бюджет жүйесінің дамуымен.

2 Салық дегеніміз не?

А) мемлекетбір жақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде қайтарымсыз және өтеусіз сипатта бюджетке төленетін міндетті төлемдер;

В) мемлекеттік органдар көрсеткен қызметтер үшін төленетін және оны төлеушіге белгілі бір құқық не рұқсат беретін қайтарымды, баламалы міндетті төлем;

С) заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік мүліктерді пайдаланғаны үшін төлейтін алымы;

- Д) заңды және жеке тұлғалардың арнайы қорларға төлейтін төлемдері;
- Е) мемлекеттік органдардың жеке және заңды тұлғаларға көрсеткен қызметінің белгілі бір түрлері үшін алынатын ақшалай алымы;

3 Салық – бұл:

- А) экономикалық категория;
- В) заңды тұлғаның табысы;
- С) қаржылық ресурстар;
- Д) жиынтық табыс;
- Е) әлеуметтік категория.

4 Салықтар қандай қызмет атқарады?

- А) реттеушілік, фискалдық, ынталандыру;
- В) фискалдық, қайта бөлу, реттеушілік;
- С) бақылау, жоспарлау, ұйымдастыру;
- Д) бағалау, басқару, бөлу;
- Е) бақылау, тексеру, фискалдық.

5 Салықтар қай кезден бастап дами бастады?

- А) мемлекетпен бірге;
- В) тауар-ақша қатынастары кезінде;
- С) нарықтық қатынастар кезінде;
- Д) алғашқы қауымдық қоғам кезінде;
- Е) қаржы-бюджет жүйесімен бірге.

6 Түрлі субъектілер табысының бір бөлігі мемлекет пайдасына өтеді. Бұл салықтардың қай қызметі?

- А) бақылау;
- В) реттеу;
- С) қайта бөлу;
- Д) ынталандыру;
- Е) қазыналық.

7 Салықтардың фискалдық функциясы:

- А) мемлекеттік бюджетке жұмылдырылған мемлекеттің ақшалай табыстарының қалыптасуымен тікелей байланысты;
- В) бұл функция біртіндеп тартылатын функция болып табылады;
- С) бұл ақшалай табыстарды қайта бөлумен байланысты;
- Д) салық төлеушілердің қаржы – шаруашылық қызметін бақылаумен байланысты;
- Е) әлеуметтік мақсатты көздейді.

8 Салық төлеуші –

- A) салық төлеушінің атынан заң негізінде уәкілетті болатын тұлға;
- B) салық төлеуші беретін сенімхат не болмаса құрылтай құжаттары негізінде әрекет ететін салық төлеушінің өкілі;
- C) мемлекет меншігіне осы тұлғаның салық міндеттемесімен қарастырған тәртіпте, мөлшерде және мерзімде салық төлемінің пәнін беру міндеті жүктелген тұлға;
- D) салық кодексіне сәйкес төлем көздерінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет жүктелген заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;
- E) мемлекет.

9 Салық кодексіне сәйкес төлем көздерін ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі жеке кәсіпкерді атаңыз:

- A) салық төлеуші;
- B) салық субъектісінің өкілі;
- C) салық құқығының субъектісі;
- D) салық агенті,
- E) ұйым.

10 Салық агенті – бұл.....

- A) салық төлеушінің атынан заң негізінде уәкілетті болатын тұлға;
- B) салық төлеуші беретін сенімхат не болмаса құрылтай құжаттары негізінде әрекет ететін салық төлеушінің өкілі;
- C) мемлекет меншігіне осы тұлғаның салық міндеттемесімен қарастырған тәртіпте, мөлшерде және мерзімде салық төлемінің пәнін беру міндеті жүктелген тұлға;
- D) салық кодексіне сәйкес төлем көздерінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет жүктелген заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер,
- E) мемлекет.

11 Салық төлеушінің атынан заң негізінде уәкілетті болатын тұлғаны атаңыз:

- A) салық төлеуші;
- B) салық төлеушінің өкілі;
- C) салық төлеушінің заңды өкілі,
- D) салық төлеушінің уәкілетті өкілі;
- E) салық агенті.

12 Салық төлеушінің заңды өкілі – бұл:

- A) салық төлеушінің атынан заң негізінде уәкілетті болатын тұлға,
- B) салық төлеуші беретін сенімхат не болмаса құрылтай құжаттары негізінде әрекет ететін салық төлеушінің өкілі;

С) мемлекет меншігіне осы тұлғаның салық міндеттемесімен қарастырған тәртіпте, мөлшерде және мерзімде салық төлемінің пәнін беру міндеті жүктелген тұлға;

Д) салық кодексіне сәйкес төлем көздерінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет жүктелген заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

Е) мемлекет.

13 Салық төлеуші беретін сенімхат не болмаса құрылтай құжаттары негізінде әрекет ететін салық төлеушінің өкімін атаңыз:

А) салық төлеуші;

В) салық төлеушінің шынайы өкілі;

С) салық төлеушінің заңды өкілі;

Д) салық төлеушінің уәкілетті өкілі,

Е) салық агенті.

14 Салықтық құқықтық қатынастың билікті субъектісі болып табылады:

А) салық төлеуші;

В) салық төлеушінің уәкілетті өкілі;

С) мемлекет, уәкілетті мемлекеттік орган,

Д) салық агенті;

Е) салық төлеушінің заңды өкілі.

3 САЛЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМ РЕТІНДЕ

3.1 Салық құқығының түсінігі, пәні, әдісі, қайнар көздері

Қазақстан Республикасының салық жүйесіндегі салықтар мен өзге де міндетті төлемдердің жұмыс істеуінің қоғамдық механизмі салық төлеушілердің келісімін қажет қылмайтын, сонымен қатар әлеуметтік бағдарлы, демократиялық және құқықтық, мемлекет ретінде салық төлеушілердің экономикалық-қаржылық мүдделерінің сақталуын мүмкіндігінше қамтамасыз ету жолдары қатаң ескерілетін, тек қоғамдық-мемлекеттік мүдделер басымдылығын мақсаттайтын субъектінің біржақты әмірлі ерік білдіруінің негізінде туындайтын қатынастардың қалыптасып дамуын кепілдендіретін әлеуметтік-экономикалық реттеуші қосымша құралдың болғанын қалайды.

Демек *салықтық құқық* қоғамдық-мемлекеттік маңызы бар айрықша объективті-субъективтік экономикалық саланы толығымен қамти отырып осы салық салу саласындағы айтарлықтай тұрақты ұйымдастырушы және материалдық сипаттағы қатынастарды реттейтін, әлеуметтік және

фискальдық саясаттың ұстанымын көздейтін, мемлекет билігінің әкімшілік және экономикалық әлеуетінің салықтық құзырындағы заңи және экономикалық мазмұнды құқықтық нормалардың жиынтығынан тұратын құқықтық, құрылым ретінде көрініс табады.

Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы салықтық құқығы мынадай өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталады:

1. Салық салу процесін негіздейтін салықтық құқықтық нормаларда мүмкіндігінше мемлекет пен салық төлеушілердің экономикалық-қаржылық мүдделерінің қарама-қайшылығы ескеріледі.

2. Мемлекеттің салық саясатының экономикасы тұрғысынан Қазақстан Республикасына тартылатын халықаралық инвестицияларға салық салуды төмендету немесе толығымен жою көзделінеді.

3. Салықтық құқықтық нормалар Қазақстан Республикасы салық жүйесінің макроэкономикалық даму көрсеткіштеріне байланысты жай-күйін және трансферттік қабілетін фискальдық бағдарларға сай айқындайды.

4. Салықтық құқықтық нормалар мемлекеттік шаруашылық аясындағы, сондай-ақ корпоративтік және жеке меншік шаруашылықтар аяларындағы фискальдық қатынастардың құқықтық негізін құрайды.

5. Салықтық құқық мемлекеттік бюджеттің салықтық кірісін реттеу аясындағы мемлекеттік императивті ерік білдірудің негізін құрайды.

6. Салықтық құқық нормаларында салық базасын айқындау және салық ставкаларын белгілеу процесіне байланысты қағида-ережелер қатаң нақтыландырылады.

7. Салықтық құқық Қазақстан Республикасындағы салық салудың заңи негізін құрайды, сондай-ақ ол мемлекеттің салықтық қызметінің құқықтық нысаны болып табылады.

8. Салықтық құқық мемлекеттің салық жүйесінің фискальдық негізінде қалыптастырылатын бюджеттік кірістің салықтық бөлігін бюджеттік шығыстың көлемімен байланыстырады.

9. Салықтық құқық нормалары салықтық механизмнің барлық элементтерін айқындай отырып, мемлекеттің салықтық менеджментінің негізін құрайтын салықтық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді.

10. Салықтық құқық нормалары салық салу аясында туындайтын трансферттік сипаттағы салықтық қатынастардың нақтылы материалдық тиімділігін республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы трансферттік реттеу көлемімен ұштастырылуын көздейді.

Салықтық құқық мемлекеттің салық саясатының негізін айқындай отырып жалпы саяси ахуалға сай келетін фискальдық әкімшілік жүргізу мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Салықтық құқық өзінің салықтық құқықтық әлеуетінің реттеуші ықпалының ауқымындағы қоғамдық қатынастар, салықтық-құқықтық, реттеу әдістері, жүйесі және дерек көздері арқылы көрініс табады.

Салықтық құқықтың пәні деп, мемлекеттің салықтық қызметінің барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастарды айтамыз. Осы қоғамдық қатынастар салық салу жүйесін беелгілеу, салық әкімшілігін жүргізетін уәкілетті мемлекеттік органдар жүйесін айқындау, салықтық міндеттемелерді орындау, салықтық міндеттемелерді орындауға байланысты қажетті жағдайлар жасау, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану, халықаралық салықтық шарттарда көзделген мақсаттарды жүзеге асыру, салық органдары мен басқа уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы өзара (және т.б.) іс-қимылдар барысында салық салу саласында туындайтын салықтық қатынастар болып табылады.

Салық салу саласындағы қатынастар материалдық және ұйымдастыру салықтық қатынастары болып екіге бөлінеді.

Материалдық салықтық қатынастар өздерінің мынадай:

- 1) мемлекет болмысының мызғымас берік материалдық ірге тасын қалаушы;
- 2) жалпы ұлттық табысты бөлу нәтижесінде салықтық кірістің біржақты ағымдарын (қаражаттарын) мемлекет пайдасына бағдарлайтын;
- 3) мемлекет болмысына байланысты туындайтын айрықша экономикалық әрі базистік;
- 4) мүліктік-заттай сипатта болатын және оларға қатысты меншік құқығының алмасуын (мемлекет меншігіне айналуын) көрсететін;
- 5) мемлекеттік бюджет жүйесінің негізін құрайтын экономикалық қатынастар сипатындағы айрықша қаржылық — бөлу;
- 6) ақшалай нысандағы (кейде заттай күйіндегі) құнның біржақты қозғалысын білдіретін;
- 7) салықтық міндеттемелердің нақты белгіленуіне қарай жекелей-айқындалған;
- 8) көбінесе тұрғылықты-тұрақты көрініс табатын;
- 9) тек құқықтық нысанда болатын қатынастар түріндегі сипаттамасымен ерекшеленеді.

Ал ұйымдастыру салықтық қатынастары:

- 1) салық салу саласында жүргізілетін фискальдық мониторингке қатысты;
- 2) мемлекеттің салықтық құрылымы мен салық жүйесін қалыптастыруға және олардың тиісінше жұмыс істеуін атқаруларын қамтамасыз етуге байланысты;
- 3) материалдық салықтық қатынастардың ойдағыдай қалыптасып, дамуын қамтамасыз етуге байланысты;
- 4) салықтық қызмет процедураларын белгілеуге және қолдануға байланысты;
- 5) мемлекет пен салық органдарының, салық органдары мен басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың және жергілікті мемлекеттік басқару

органдарының арасындағы вертикальдық және горизонтальдық байланыстарға қатысты;

б) мемлекеттік стратегиялық салықтық жоспарлау мен болжамдау процестеріне қатысты және т.б. материалдық салықтық қатынастардың тиімділігін көздейтін қатынастарға байланысты туындайды.

Салықтық құқығының әдістері

Салықтық-құқықтық реттеу әдістері салық салу саласы мен тиісті салықтық қатынастар аясындағы салықтық іс-қимылдар мен оқиғаларға қатысты, сондай-ақ белгіленген тәртіптер мен негіздерге байланысты мемлекеттік өктем билік-императивтік әдіс және келісімді, шартты-диспозитивтік әдіс түрінде қолданылады.

Мемлекеттің салық жүйесінің ұйымдастырылу құрылымы императивтік сипатта болатындыктан салықтық құқық аясында көбінесе императивтік әдіс пайдаланылады.

Осы **императивтік** салықтық-құқықтық реттеу әдістері мына:

1) салық салу саласындағы салық төлеушілер мен өзге де қатысушылардың жүріс-тұрыстары мен қажетті іс-әрекеттері мемлекет тарапынан (әдетте уәкілетті мемлекеттік органдар) қабылданған нормативтік және жекелей салықтық-құқықтық актілердің әмірлі-талапты нұсқамаларымен шартталынған;

2) салық төлеушілер мен салық, органдарының және өзге де қатысушылардың нормативтік-құқықтық актілерде көрініс тапқан мемлекеттің талабын орындаудан бас тартуға хақылары жоқ;

3) салықтық қатынасқа қатысушы салық төлеушілер мен салық органдарының өзара құқықтары мен міндеттері мемлекеттің талабының және тиісті нормативтік-құқықтық актінің негізінде нақты әрі мұқият белгіленген;

4) мемлекеттің талабы мен өзге де салықтық міндеттерін орындау мәжбүрлеу механизмімен қамтамасыз етілуіне орай тиісті салықтық міндеттемелерді мәжбүрлеп орындату уәкілетігі мемлекеттік орган тарапынан біржақты әмірлі түрде не болмаса сот арқылы жүзеге асырылады.

Алайда, мемлекеттің салықтық қызметінің аясында әлсін-әлі пайдаланылатын (пайдаланылуы ықтимал) диспозитивтік (келісімді) әдістін бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Осы **диспозитивтік** құқықтық реттеу әдісінің мынадай өзіне тән белгілері болады:

1) салықтық қатынастағы тараптардың құқықтары мен міндеттері осы қатынастарды реттейтін салықтық заң актілерінің және жазбаша шарт нысанында ресімделген екі жақтың келісімінің негізінде қалыптасады;

2) осыған орай салықтық, қатынастар шартты сипатта болады және тараптардың екі жақтық міндеттемелерін білдіреді;

3) мемлекеттің салық төлеушіге тигізетін реттеуші ықпалы тек біржақты-өктем мәжбүрлеу нысанында ғана емес, сонымен қатар

экономикалық стимулдар мен материалдық мүдделер арқылы қызықтыру (ынталандыру) нысанында көрініс табады;

4) диспозитивтік құқықтық реттеу әдісінің көмегімен реттелінетін салықтық қатынастардың заңи нысаны болып табылатын салықтық шарт екі тараптың өзара құқықтары мен міндеттерін туындатады;

5) салық органдары мен салық төлеушілердің құқықтары мен міндеттері аздап болса да теңестірілген және шарт сипатындағы жауапкершілікпен толықтырылуы мүмкін.

Мәселен, осы айтқандарымызға байланысты жер қойнауын пайдаланушылардың мемлекетке төлейтін бонустарын алсақ, қол қойылатын бонус және коммерциялық табу бонусы болып бөлінетін бұл арнаулы төлемдердің ставкалары мен түпкілікті мөлшерлері және төлеу мерзімдері мен тәртібі тек келісім-шарт негізінде айқындалып, белгіленеді.

Салықтық құқықтың жүйесі — мемлекеттің салықтық қызметі барысында туындайтын салықтық қатынастарды реттеуге атсалысатын салықтық құқықтық нормалардың өзара қарым-қатынаста бола отырып жүйеленуін және бірігуін, сондай-ақ қыйсынды түрде белгіленген тәртіппен орналасуын көрсетеді.

Біз ұстанған көзқарас бойынша салықтық құқық жүйесінің құрылымы бюджеттік құқық жүйесінің құрылымынан тым алшақ кетпеуге тиіс. Сонымен, құқықтық құрылым ретінде салықтық құқықтың жүйесі жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады.

Жалпы бөлімге мемлекеттің салық жүйесінің ұйымдастыру құрылысын және оның құрылу принциптерін, салықтар жүйесінің топтастырылуын, салық төлеушілердің құқықтары мен міндеттерін, салық органдарының өкілеттіліктерін, салық заңдарын бұзғаны үшін мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын, салық салу саласындағы басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті органдардың, қызмет бағыты мен құзыреттерін, салық әкімшілігін жүргізу тәртібін, мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын салықтық жоспарлауды, мемлекеттік салықтық бақылауды жүзеге асыратын құзыретті органдарды, салықтық бақылау нысандары мен түрлерін белгілейтін және салықтық тексерулерді жүргізу тәртібі мен тәсілдерін айқындайтын салықтық құқықтық нормалар жатады.

Салықтық құқықтың **жалпы бөлімі** мына:

1. Салықтар, салық салу және мемлекеттің салық жүйесі;
2. Мемлекеттің салықтық, қызметі;
3. Салықтық құқық құқықтық, құрылым ретінде;
4. Салықтық құқықтық нормалар және салықтық құқықтық қатынастар;
5. Салықтық міндеттемелер;
6. Шағын кәсіпкерлікке арналған арнаулы салық режимі;
7. Салық салу аясындағы салықтық ынталандыру және мемлекеттік мәжбүрлеу;
8. Мемлекеттің салықтық құрылысы;

9. Салық салу саласындағы мемлекеттік басқару;
10. Мемлекеттік салықтық жоспарлау;
11. Мемлекеттік салықтық бақылау тәрізді институттардан құралады.

Ал **ерекше** бөлімнің құрылымы әдетте Салық кодексінде белгіленген және айқындалған салықтар жүйесі арқылы көрініс табады. Реті келгенде айта кету қажет, осы салықтар жүйесі мемлекеттің салық жүйесінің ең негізгі құрылымдық элементі болып табылады.

Бүгінде, салықтық құқықтың дерек көздері, иерархияны сақтай отырып мынадай: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексі (Салық кодексі), Қазақстан Республикасының Президенті, Парламенті және Үкіметі қабылдайтын салық салу мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық актілер, Қаржы министрлігі Салық комитетінің нұсқаулық және өзге нормативтік-құқықтық актілері, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының жергілікті салық салуға қатысты нормативтік-құқықтық актілері, халықаралық салық салуға байланысты келісім-шарттар — салық конвенциялары түрінде көрініс табады.

Салықтық заңдар (қазіргі кезде «заңнама» деп айтылып жүр) мемлекеттің салық салу саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік салықтық, құқықтық актілердің жиынтығы болып табылады.

3.2 ҚР салық заңнамаларының даму тарихы

1991 жылға дейін, яғни КСРО ыдырағанға дейін елде көбінесе экономиканы басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесіне, бағаларға қатаң мемлекеттік реттеуге сәйкес келетін салық жүйесі қызмет етті. Бюджеттің басты кіріс көздерінің бірі болған айналым салығы тіркелген бөлшек сауда және көтерме сатып алу бағаларын қолдануға және мемлекетті реттеп отыруға бағытталған болатын. Қазақстан егемендікке ие болғаннан кейін 1991-1995 жылдары қабылданған бірқатар заңдарға сәйкес республикада жаңа салық жүйесі қалыптасты.

1991 жылғы желтоқсанның 25-інен бастап біздің елімізде салық жүйесі жұмыс істей бастады. Ол «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» заңға негізделді. Бұл заң салық жүйесін құрудың қағидаттарын, салықтар мен алымдардың түрлерін, олардың бюджетке түсу тәртібін белгіленген алғашқы құжат еді. Осы заңға сәйкес Қазақстанда 1992 жылға қаңтардың 1-нен бастап 13 жалпы мемлекеттік салық, 18 жергілікті салықтар мен алымдар енгізді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1995 жылдың басында салық реформасының ұзақ мерзімді тұжырымдамасын қабылдап, онда еліміздің салық жүйесі мен салық заңнамасын бірте-бірте халықаралық салық салу

қағидаттарына сәйкестендіру көзделді. Осыған байланысты «Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы» 1995 жылғы сәуірдің 24-інде Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы шықты. Енді бұрынғы 42 салықтар мен алымдар едәуір қысқартылып, олардың саны небәрі 11 болып қалды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы сәуірдің 24-індегі заң күші бар жарлығы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы шілденің 16-сындағы № 440-1 заңына сәйкес заң мәртебесін алды. Осы уақыт аралықтарында Президент жарлықтарымен және Қазақстан Республикасының заңдарымен бұл заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 35 – бабында: заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің бұрышы әрі міндеті болып табылады, - жазылған.

Дегенмен, өмірге келген әрбір жаңа құбылыста кездесетін ерекшеліктермен қатар кемшіліктер де бұл заңда да орын алды, яғни ҚР алғашқы салық жүйесінде бірқатар шешімін таппаған мәселелер болды. Атап айтсақ, біз салық жүйесін құрғанда елемізде жиынтықталған ғылыми және практикалық тәжірибе болған жоқ. Салық қызметі де, салық төлеушілер де мұндай жаңа бастамаға психологиялық жағынан дайын еместігі көрінді. Салық жүйесінде дүниежүзілік тәжірибеде қолданылып келген салық салу принциптері сақталмады. Сондықтан бұл салық жүйесінің нарықтық қатынастардың талабына толығымен жауап беруге мүмкіндігі болмады. Ең бастысы, салық жүйесінің өндірісті дамытуға еш ықпал етпеуі, бюджет кірісін құрудағы өз ролін жете атқара алмауы, яғни салық көзі табыс не пайда емес, керісінше тұтыну болды.

3.3 Тәжірибелік тапсырмалар

1 Мемлекетпен бекітілген салықтардың жиынтығы –бұл:

- A) Салық жүйесі,
- B) Салық базасы;
- C) ҚР СК;
- D) Міндетті төлемдердің жүйесі;
- E) Жүйе.

2 Салық салу сферасында қоғамдық қатынастарды реттейтін, нормалық құқық актілердің жиынтығы қалай аталады?

- A) Салық заңнамасы,
- B) Салық құқығы;
- C) Салық жүйесі;
- D) Салық туралы ғылым;
- E) Салық пәні.

3 Салық заңнамасы:

- A) Салық салу сферасында қоғамдық қатынастарды реттейтін, нормалық құқық актілердің жиынтығы;
- B) Мемлекеттің салық қызмет процессінде туындайтын, қоғамдық қатынастарды реттейтін, нормаларының құқық жиынтығы;
- C) Салық салу;
- D) құрылындық элементтерді біріктіруші нормалар;
- E) тауар – ақша қатынастарды реттейін нормаларының жиынтығы.

4 Мемлекеттің салық қызметі процесінде туындайтын, қоғамдық қатынастарды реттейтін, нормаларының құқық жиынтығы қалай аталады?

- A) Салық құқығы,
- B) Салық заңнама;
- C) Салық пәні;
- D) Салық туралы ғылым;
- E) Салық жүйесі.

5 Салық құқығы – бұл:

- A) Салық салу сферасында қоғамдық қатынастарды реттейтін, нормалық құқық актілердің жиынтығы;
- B) Мемлекеттің салық қызмет процессінде туындайтын, қоғамдық қатынастарды реттейтін, нормаларының құқық жиынтығы,
- C) Салық салу;
- D) құрылындық элементтерді біріктіруші нормалар;
- E) тауар – ақша қатынастарды реттейін нормаларының жиынтығы.

6 Салық құқығының пәні болып табылады:

- A) Салық бюджеттік қатынастар;
- B) Салық органы мен салық төлеуші арасындағы қоғамдық қатынастар;
- C) ақшалай қатынас;
- D) Мемлекеттің салық қызметін жүзiге асыруы процесінде туындайтын, қоғамдық қатынастарды,
- E) Қаржылай қатынастар.

7 Мемлекеттің салық қызметін жүзiге асыруы процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар – бұл:

- A) Салық төлемінің пәні;
- B) Салық құқығының жүйесі;
- C) Салық құқығының объектісі;
- D) Салық құқығының пәні,
- E) Салық құқығы.

8 Салық құқығының нормасының құрылымы қандай элементтерден тұрады, көрсетіңіз:

- A) Гипотеза, диспозиция, санкция,
- B) Гипотеза, санкция;
- C) Гипотеза, диспозиция;
- D) Диспозиция;
- E) Санкция.

9 Гипотеза, диспозиция, санкция – бұл

- A) Салық салу бірлігі;
- B) Элемент;
- C) Салықтың құрылымдық элементтері;
- D) Салық құқығының нормалардың құрылымдық элементтері,
- E) Салық құқығының құрылымдық элементтері.

10 Салық құқығы нормаларымен реттелген, салық салуды ұйымдастыру процесінде, сондай – ақ салықты бекіткенде және төлеген кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды атаңыз:

- A) Ақшалай қатынастар;
- B) Салықтық құқықтық қатынастар,
- C) Мүліктік құқықтық қатынастар;
- D) Материалдық құқықтық қатынастар;
- E) Ұйымдық салықтық қатынастар.

11 Салықтық құқықтық қатынастар – бұл:

- A) каржылық құқықтық қатынастар;
- B) азаматтық құқық нормаларымен реттелген, мүліктік қатынастар;
- C) тауар ақшалай қатынастар;
- D) салық құқығы нормаларымен реттелген, мүліктік қатынастар;
- E) салық құқығы нормалармен реттелген, салық салуды ұйымдастыру процесінде, сондай – ақ салықты бекіткенде және төлеген кезде туындайтын қоғамдық қатынастар.

12 Салық салу тәртібін анықтаумен және салықтық қатынастарда мемлекеттің атынан қызмет ететін субъектілердің дұрыс қызметін қамтамасыз етумен байланысты туындайтын қатынастарды атаңыз:

- A) фискалдық салық қатынастар;
- B) ұйымдық салық қатынастар,
- C) процестік қатынастар;
- D) бақылаулы салықтық қатынастар;
- E) реттеуші салықтық қатынастар.

13 Салық құқығында қолданылатын негізгі тәсіл:

- A) әкімшілік;
- B) құқықтық;
- C) императивтік,
- D) диспозитивтік;
- E) құқықтық (заңды),

14 Салық заңнамасымен резидент еместердің салық төлеуі қарастырылған ба, көрсетіңіз:

- A) қарастырылған;
- B) қарастырылмаған;
- C) егер олар шетел азаматтары болып табылса, қарастырылған;
- D) халықаралық шартқа қол қойылған ғана қарастырылған;
- E) егер олар ҚР –да салық салынатын қызметті жүзеге асырса, қарастырылған.

15 Салық төлеушіден мемлекетке салық төлемінің пәні ауысуын білдіретін салықтық құқықтық қатынастарды атаңыз:

- A) материалдық салықтық құқықтық қатынастар,
- B) ұйымдық салықтық құқықтық қатынастар;
- C) фискалдық құқықтық қатынастар;
- D) реттеуші салықтық құқықтық қатынастар;
- E) қаржылық.

16 Салық кодексінде бар ережелерге қарағанда, ҚР –да бекітілген, өзге ережелер бекітуші халықаралық шарттардың әрекеті мүмкін бе, көрсетіңіз:

- A) салық органының шешімі бойынша мүмкін;
- B) қаржы Министрінің шешімі бойынша мүмкін;
- C) ҚР Президентінің шешімі бойынша мүмкін;
- D) мүмкін,
- E) мүмкін, егер олар с. төлеушінің жағдайын жақсартса.

17 ҚР СК –де көзделген, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі міндетті жүктеу мүмкін бе , көрсетіңіз:

- A) мүмкін;
- B) мүмкін емес,
- C) салық органының шешімі бойынша мүмкін;
- D) Қаржы Министрінің шешімі бойынша мүмкін;
- E) ҚР Президентінің шешімі.

18 ҚР СК –де көзделгеннен өзге жағдайларды, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді енгізу мүмкін бе, көрсетіңіз:

- A) мүмкін емес,
- B) мүмкін;

- С) салық органының шешімі бойынша мүмкін;
- Д) Қаржы Министрлігінің бойынша мүмкін;
- Е) ҚР Президентінің бойынша мүмкін.

4 САЛЫҚТЫҚ ЗАҢ ҚҰРАМЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

4.1 Салықтың субъектісі, объектісі, пәні

Салық міндеттілігін орындау әдістері анықталған салық заңдылық механизмінде аудару және салық төлеу, салық міндеттелегінде пайда болған мөлшерін анықтау, толық және оның дұрыс орындалуына мүмкіндік береді. Салық міндеттілегін орындалуы өзіне 2 кезеңі әсерлі жасалуын қамтиды:

- 1) алынатын объектілердің көрсетілеуі және оның негізінде салық құнның аударылуы;
- 2) салық төлемінің бюджетке аударылуы.

Әрине, бұл екі әрекеттер заңда анықталған әрекеттерімен жасалады. Заң салық алудың объектісін, оның негізінде салықтың қалай аударлуы және бұл салық мемлекет бюджетіне қалай түсетіні анықтайды.

Салық заңдалығында әрқашан салық алу объектісі көрсетіледі, сондықтан әрбір тұлғаның мұндай объектісі пайда болатын болса, немесе объект туралы тұлғамен көрсетілген әрекеттері, салықтың көрсетілген объектіге субъектісі болады және ол жайында мемлекетке жеке айтуы міндетті.

Қазақстан Республикасының қазіргі салық жүйесі салықтарды құру мен алудың нақты әдістерін анықтайды, салықтың тиісті элементтері арқылы салық салудың тәртібін белгілейді.

Салық элементтері - бұл мемлекеттің заң актілерімен анықталатын салықтың құрылу принциптері мен салық салуды ұйымдастыру.

Сонымен салықтың элементтері:

1. салықтық субъект;
2. салықтық объект;
3. салық базасы;
4. салық ставкасы;
5. салық кезеңі;
6. салықты есептеу тәртібі;
7. салықты төлу тәртібі;
8. салықтық жеңілдіктері.

Салық субъектісі салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуші болып табылатын тұлға.

Салық объектісі Мүлік пен іс-әрекеттер салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объект болып табылады, олардың

бөлуына байланысты және (немесе) олардың негізінде салық төлеушінің салық міндеттемесі туындайды.

Салық базасы Салық базасы салық салу объектісінің құн, физикалық немесе өзге де сипаттамаларын білдіреді, олардың негізінде салықтың және бюджетке төленуге жататын басқа да міндетті төлемдердің сомасы айқындалады.

Салық ставкасы Салық ставкасы салық салу объектісінің немесе салық базасының өлшем бірлігіне салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемді есептеу жөніндегі салық міндеттемесінің шамасын білдіреді.

Салық кезеңі Салық кезеңі деп салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлеріне қатысты белгіленген уақыт кезеңі түсініледі

Салық есептеу тәртібі- Салық соммасын айқындау бойынша құзіретті тұлғаның әрекеті жиынтығын білдіреді

Салықты төлеу тәртібі – Салық төлеушінің салық пәнін мемлекетке тапсыру әрекетін жүзеге асыруда қолданылатын салық заңнамасымен бекітілген тәртіп.

Салық жеңілдіктері – кәдімгі салық салу режимімен салыстырғанда салық төлеушінің салық ауыртпалығынан босатылу немесе жеңілдетілу.

4.2 Салық ставкасы және салықты төлеу тәртібі

Салық мөлшерлемесі салық базасының өлшем бірлігіне салық есептеулерінің шамасын білдіреді. Салық мөлшерлемесі салық базасының өлшем бірлігіне пайыздық түрде немесе абсолютті сомамен белгіленеді.

Салық төлеу тәртібі – белгіленген мерзімде салықты төлеген кезде алдымен бюджетке қандай салықтар төлеу керек екенін, яғни төлеу кезінде белгілі бір дәйектілікті белгілейді.

Салық төлеудегі дәйектілік заң жүзінде бекітіледі де, мынандай тәртіппен іске асырылады:

- а) Бірінші кезеңде барлық мүлікке салынатын салық төленеді, содан кейін акциздер және баж салығы;
- б) екінші кезеңде жергілікті салықтар мен алымдар;
- в) үшінші кезеңде басқа салықтармен алымдар;

4.3 Тесттік тапсырмалар

1 Салық объектісі – бұл:

- А) салық міндеттемесі тоқталатын негіздегі құқықтық факті;
- В) салық белгісі;

С) салық міндеттемесі туындайтын, салық төлеушіде бар мүлік және әрекеттер;

Д) салық соммасы анықталатын салық салу объектісінің құндылық, физикалық немесе өзге де сипаттамасы;

Е) салықты базасы.

2 Салық соммасы анықталатын салық салу объектісінің құндылық, физикалық немесе өзге де сипаттамасы – бұл

А) салық белгісі;

В) салықтың заңды белгісі;

С) салық базасы,

Д) салық экономикалық сипаттамасы;

Е) салық салу бірлігі.

3 Салық базасы – бұл

А) машина;

В) мүлік, жер учаскесі;

С) салық салу объектісінің құн, физикалық немесе өзге де сипаттамасы,

Д) салық жүйесін бекітетін салықтық заңнама;

Е) субъектінің салық төлеу міндетін білдіретін заңды фактілері.

4 Салық жеңілдіктері – бұл:

А) салық базасын қысқарту;

В) салық салынбайтын мүліктің болуы;

С) салық төлеуден салық төлеушілердің белгілі бір санаттарын толығымен немесе жартылай босату,

Д) салық ставкасын азайту;

Е) салық заңнамасын өзгерту.

5 Салық базасының өсу шамасы бойынша салық ставкасы төмендейтін салық салу:

А) проценттік (пайыздық);

В) пропорционды;

С) қарқынды (прогрессивті);

Д) баяу (регрессивті),

Е) окладтық.

6 Салық салудың регрессивті кезеңінде, салық базасының өсу шамасы бойынша салық ставкасы:

А) қарқындайды;

В) бас тартылады;

С) төмендейді (азаяды),

- D) өседі;
- E) қалпында қалады.

7 Салық ставкасы – бұл

- A) салық төлеуден салық төлеушінің белгілі бір санатын толығымен немесе жартылай босату;
- B) салық соммасы;
- C) салықты аударудың стартық мөлшері;
- D) салық базаны өлшеу бірлігі;
- E) салық Базасының өлшем бірлігіне салық есептеулерінің шамасы.

8 Салық заңнамасымен бекітілген, оған сәйкес салық төлеушіден с. төлейтін пәнінің мемлекетке ауысуы жүзеге асырылуы қажет ереже-бұл

- A) салық салу принциптері;
- B) салық органымен бекітілген ереже;
- C) салық салу есебін жүргізу;
- D) салықты төлеу тәртібі,
- E) салықты аудару тәртібі.

9 Салық ставкасының қандай түрлері бар?

- A) Тіркелген, проценттік (пропорционалды, прогрессивті, регрессивті);
- B) пропорционалды, прогрессивті;
- C) пропорционалды, регрессивті;
- D) пропорционалды, прогрессивті, регрессивті;
- E) прогрессивті, біркелкі болып келеді.

10 Салықтан босатылатын объектінің ең төменгі бөлігі:

- A) салықтық ауыртпалық;
- B) салықтық оклад;
- C) салық салынатын салық квотасы;
- D) салық салынбайтын минимум;
- E) салық салынатын минимум.

11 Бұл ставкалар мемлекеттің өндіріс немесе басқа да саласына реттеуші әсерін тигізеді:

- A) жоғартылғанставка;
- B) жалпы ставка.
- C) теңставка;
- D) тұрлаулы ставка
- E) пайызды ставка;

12 Салық жеңілдіктері қандай жағдайда беріледі?

- А) салықты экономикалық реттеу әдісі ретінде қолданғанда;
- В) салықтық төлем бұйымын мемлекет мәжбүрлі түрде алғанда;
- С) салық төлеуші объектісібарлығын туралы арнайы хабарлағанда;
- Д) біржолғы талон алғанда немесе патент алғанда;
- Е) төлем көзіненсалықты ұстап қалғанда.

5 САЛЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР

5.1 Салықтық құқықтық нормалардың түсінігі мен құрылымы, түрлері

Негізінде құқықтық нормалар деп, құрамындағы әмірлі нұсқамаларының сақталуы мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етілген, өзінің заңи күші таралатын ауқымындағы нормативтік-регламенттеу жағдайының темірдей құрсауына түсетін барлық тұлғаларға қатысты нақты айқындалған міндеттер мен құқықтар белгілейтін, сан мәрте қолдану мақсатында ұзақ мерзімді көздей отырып тиісті нормативтік құқықтық актілерде қалыптастырылған жалпыға міндетті жүріп-тұру (міндеттерін атқару және (немесе) құқықтарын пайдалану) қағвдаларын айтамыз.

Салықтық құқықтық нормалар мемлекеттің қаржылық қызметінің барысында туындайтын мемлекеттік қаржылық қатынастарды реттеуге атсалысатын көптеген қаржылық құқықтық қатынастардың ішінен айрықша дараланып, мемлекеттің қаржы жүйесіне кең арналы транзиттік қаражаттар ағымын бағыттап, бұруды мақсаттайтын әрі күнделікті жүзеге асыратын, көбінесе императивті-әмірлі, сонымен бірге қажетті кездерді диспозитивті-икемді, мемлекет пен қоғам тарапынан әрдайым шексіз әлеуметтік үміт артылып және мол материалдық мүдде жүктелінетін құқықтық нормалар болып табылады.

Сонымен, *салықтық құқықтық нормалар* деп, мемлекеттің салықтық қызметінің процесінде туындайтын салықтық қатынастардың қатысушылары үшін жүріп-тұру қағидаларын белгілейтін құқықтық нормаларды айтамыз.

Қаржылық құқықтық нормалардың айрықша түрі ретінде ерекшеленетін салықтық құқықтық нормалар:

- 1) уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан белгіленеді және мемлекеттік биліктік-әмірлі сипатта болады;
- 2) салықтық қатынастардың қатысушыларына субъективтік құқықтар беру және заңи міндеттер жүктеу арқылы олардың салық салу аясындағы тиісті іс-қимылдарына тікелей ықпал етіп отырады;
- 3) салықтық заңнамалық актілерін қабылдау жолымен белгіленеді;
- 4) мемлекеттің салық салу аясындағы салықтық қатынастарды реттеу шегінде (шенберінде) заңдықтың берік режимін орнатуға және салықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге ат салысады;

5) салық салуға байланысты жағдайлар мен мән-жайларды мұқият сипаттауларымен, диспозицияларын құру кезіндегі жан-жақты нақтыландырылуымен және баяндап, жазуға қатысты тіл ерекшелігімен көрініс табады;

6) өздерінің жүйесіндегі императивтік, құзыреттік және есептеу нормаларымен ерекшеленеді;

7) өздерінің құрамындағы нормалардың көбінесе мемлекеттің материалдық мүдделерін көздеулеріне орай, сондай-ақ салық салу аясындағы құқықтар мен міндеттердің біркелкі белгіленбеуіне байланысты қатысушы тараптардың арасында заңи теңсіздік туындатады;

8) өздерінің мән-жайына және бағыт-бағдарына қарай әрқашанда тиісті субъектілердің мемлекет алдындағы нақты салықтық міндеттемелерін айқындап көрсете отырып, сол міндеттемелердің туындауын негіздейді.

Салықтық құқықтық нормалардың құрылымы өзінің құрамдас элементтері мен ішкі құрылысын көрсетеді.

Салықтық құқықтық нормалардың элементтері ретінде гипотезаны, диспозицияны және санкцияны айтамыз.

Гипотезада осы норманың ауқымындағы тұлғалардың шеңбері айқындалып, норманың іске асырылуына орай жағдайлар сипатталынады.

Диспозиция - тараптардың нақты міндеттері мен құқықтарын айқындау арқылы көрініс табатын тиісті мінез-құлық, іс- қимыл қағидаларынан тұрады. Демек, бұл әмірлі бұйрық, тыйым салу немесе рұқсат беру негізінде, көбінесе жүктелген міндеттерді бұлжытпай атқару түрінде жүзеге асырылатын іс-әрекеттерді нақтыландыратын қағида болып табылады.

Санкция — салықтық құқықтық нормалардың сақталуын, олардың бұзылмауын және бұзылған құқықты қалпына келтіруді көздей отырып жүзеге асырылатын мәжбүрлеуді қолдану жөніндегі мемлекеттің әлеуметтік қабілетін көрсетеді. Салықтық құқықтық санкцияның: тек ақшалай сипатта бөлуы; тек мемлекет кірісіне түсуі; оны тек мемлекет мүддесін көздейтін субъектінің қолдануы; әрқашанда салық төлеушілерге бағытталуы сияқты өзіне тән белгілері болады.

Мазмұн-бағыттары мен аяларына, жай-күйлері мен заңи мән-жайларына қарай әр түрге бөлінетін салықтық құқықтық нормалардың ішіндегі аса қажеттісі — реттеуші салықтық құқықтық нормалар болып табылады.

Реттеуші салықтық құқықтық нормалар өздерінің заңи мәніне байланысты:

1. Міндет жүктейтін салықтық құқықтық нормалар;
2. Тыйым салатын салықтық құқықтық нормалар;
3. Рұқсат беретін салықтық құқықтық нормалар болып бөлінеді.

Салық салу аясында қолданылатын құқықтық реттеу әдістеріне байланысты салықтық-құқықтық нормалар императивтік және диспозитивтік,

сондай-ақ салықтық құқықтық реттеу пәніне орай материалдық және ұйымдастыру салықтық құқықтық нормалары болып бөлінеді.

Қоғамымызда туындайтын әралуан құқықтық қатынастардың қатарынан салықтық құқықтық қатынастар да өздеріне тиесілі орнын алады. Қалыптасқан дәстүр бойынша салықтық құқықтық қатынастарды қарастырмастан бұрын жалпы құқықтық қатынастардың ұғымы мен мәнін айқындауымыз қажет.

5.2 Салықтық құқықтық қатынастар түсінігі, түрлері

Әдетте құқықтық қатынастар мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілген және қатысушылардың субъективтік заңи құқықтары мен міндеттерінің бөлуымен сипатталатын, сондай-ақ құқықтық нормалар негізінде тиісті тұлғалардың арасында пайда болатын жекелеген қоғамдық байланыстар деп түсіндіріледі.

Осы айқындама негізінде құқықтық қатынастардың өзіне тән кейбір белгілерін бөліп шығаруға болады.

Біздің ойымызша, ең басты белгісі тұлғалардың арасындағы, олардың құқықтары мен міндеттері арқылы байланысы, яғни айрықша қоғамдық байланыс. Бұл орайда құқықтық қатынасқа қатысушылардың бір біріне қатысты белгіленген мән-жайлардың болатынын байқаймыз. Екі жақтың да өздеріне тән заңи құқықтары мен міндеттері болғандықтан, сондай-ақ осындай құқықтары мен міндеттерінің, бірыңғайлығы арқасында өзара байланысқан екі тарап бір-бірін құқықтық қатынасқа қатысушылар ретінде таниды.

Құқықтық қатынастардың келесі белгісі, осы тараптардың (тұлғалардың) арасындағы байланыс мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қорғалады. Қандай болмасын тұлға субъективтік заңи құқықтар мен міндеттерге ие болған кезден бастап, бірден мемлекетке қатысты ерекше жағдайға тап болады. Былайша айтқанда мемлекет субъективтік (өкілеттік берілген) құқық иесінің іс-әрекетін қолдайды, кепілдендіреді және орындайтын міндеттерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Құқықтық қатынастардың тағы бір маңызды белгісі заңды (заңи) фактілерге байланысты құқықтар мен міндеттерді нақтыландырудан тұрады. Құқықтық қатынастың құндылығы ол құқықтық нысанмен ресімделген шынайы қоғамдық қатынастарды нақтылы көрсетеді.

Бұл ретте айта кететін бір жәйт, заңи фактілерге қарамастан құқықтық реттеу бар жерде жалпыға бірдей құқықтар немесе жалпыға бірдей міндеттер жөнінде сөз қозғалады. Дегенмен заң нормалары әрбір құқық субъектісіне тікелей арналады (бағытталады). Құқықтық реттеу әрқашанда нақты құқықтар мен міндеттердің бөлуын қалайды, ал құқықтар мен міндеттердің

көлемі мен мазмұны және белгілену мүмкіндігі заңи фактілерге байланысты (тәуелді) болады.

Құқықтық нормадағы тәртіптің жалпы ауқымы жүзеге асырылатын нақты жағдайларға байланысты тұлғалар бойынша және өкілеттік құрамында нақтыландырылады.

Сонымен құқықтық қатынастар өзге қоғамдық қатынастарға қарағанда мынадай өзгешеліктермен ерекшеленеді:

- 1) Әрқашанда ықпалды (ерік білдіретін) сипатта болады;
- 2) Объективтік және субъективтік құқықтарды жүзеге асыру нысаны болып табылады;
- 3) Субъектілерінің өзара іс-әрекеттері нақтылы белгіленген субъективтік құқық пен заңды міндеттер көлемінде жүзеге асырылады;
- 4) Тиісті заңи фактілердің бөлуына байланысты туындайды және соларға байланысты өзгереді немесе тоқтатылады;
- 5) Әрқашанда қозғалыста болатын құқықтық құбылыстарға жатады;
- 6) Құқықтық қатынас мәселелері субъективтік заңи құқықтар мен міндеттерді қатысушылардың жүріп-тұруы ауқымында есепке ала отырып қарастырылады.

Құқықтық қатынас белгілі бір ішкі құрылысы бар өте күрделі құрылым болып табылады. Құқықтық қатынастың материалдық мәні мен заңи нысанының бірыңғайлығы тұрғысынан алғандағы құрамы мынадай:

- 1) құқықтық қатынастың, мәнінен;
- 2) құқық субъектілерінен;
- 3) құқықтық қатынас объектілерінен тұрады.

Құқықтық қатынастардың заңи мәні субъективтік заңи құқық пен міндеттер болып табылады. Ал материалдық мәніне уәкілетті тұлға жүзеге асыра алатын, сондай-ақ заңи міндеттелген тұлға жүзеге асыруға міндетті нақтылы жүріп-тұру іс-қимылдары жатады.

Құқықтық қатынастардың мәні бойынша материалдық және заңи деп межелеу оның аясындағы барлық іс-әрекеттерді және субъективтік құқықтар мен міндеттерді назардан тыс қалдырмауға мүмкіндік береді.

Құқықтық қатынастардың мәніне тек оған қатысушылардың құқықтары мен міндеттері ғана емес, сонымен бірге сол құқықтар мен міндеттерге сәйкес жүзеге асырылатын нақтылы жүріп - тұрудың әр алуан (экономикалық, өктем-ұйымдастырушылық, әлеуметтік-мәдени және басқа) мазмұны да жатады.

Құқықтық қатынастардың мәнін шынайы қоғамдық қатынастар мен олардың заңи нысанының бірыңғайлығы тұрғысынан қарастырған ыңғайлы болады. Құқықтық қатынастардың мәнін материалдық және заңи деп бөлу себебі философиялық тұрғыдан әрбір құбылыстың өзіне тән мән-жайына орай шартты көрініс табады.

Құқықтық қатынастардың қозғалысы олардың субъектілерінің іс-әрекеттеріне байланысты болады. Құқық субъектісі заңи ғылым мен

практиканың маңызды категорияларының бірі болып саналады. Субъектілерсіз құқықтық қатынастар туындамайды. Құқық субъектілері өз ерекшеліктеріне байланысты субъективтік заңи құқықтар мен міндеттерге нақтылы ие бола алатын тұлға және қоғамдық қатынасқа қатысушы болып саналады.

Бұл орайда тұлға өз бетімен өз еркін қалыптастыруға, білдіруге және жүзеге асыруға қабілетті болады, сондай-ақ құқықтық қатынастарға шынайы қатыса алатын тұлға, яғни заңи норманың күшімен құқық субъектісі болған тұлға ретінде көрініс табады. Екі негізгі құрылымдық элементі бар құқық субъектілігі құқық қабілеттілігін, яғни құқыққа ие бөлу және міндеттерді орындау қабілеттілігін және әрекет қабілеттілігін, яғни өз бетімен құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру қабілеттілігін білдіреді.

Құқық субъектісі құқықтық субъектілікке нақты ие бола алатын тұлға, яғни құқықтық қатынастарға тұрақты (әрдайым) қатысуға қабілеті бар тұлға. Ал құқықтық қатынас субъектісі нақты бір құқықтық қатынастын шынайы (міндетті) қатысушысы болып табылады.

Құқықтық қатынас субъектілеріне азаматтар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар және мемлекет жатады.

Құқықтық қатынастың соңғы элементі — объектісі субъектілердің субъективтік заңи құқықтары мен міндеттері бағытталған қоршаған ортаның құбылыстары, яғни субъектілердің мүдделері мен мұқтаждықтарын қанағаттандыруға қажетті немесе қанағаттандыра алатын материалдық және материалдық емес игіліктер, кейде сол игіліктердің қозғалысын қамтамасыз ететін іс-әрекеттер болып саналады. Заңи ғылымда объект категориясы субъектімен тікелей байланыстырылмайды, өйткені объектілер құқықтық қатынастардың бағдар-бағытына қатысты қарастырылады.

Құқықтық қатынас объектісі осы қатынасқа қатысушы субъектілердің өзара субъективтік заңи құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру барысында туындайтын, заңи байланыс бағытталған құбылыс және салықтық міндеттеменін бөлуын шарттайтын заңи факті болып табылады. Салықтың заты салық объектісінің мүліктік көрінісі болып есептеледі. Сондықтан, кейбір авторлардың құқықтық қатынас объектісі (салық объектісі) салық төлеушінің материалдық игіліктері болып табылады деген тұжырымдары негізделмеген (А.Худяков).

Кейбір қоғамдық қатынастар бастапқы кезде өзді өзімен болып біте қайнасқандарымен, кейіннен белгіленген мән-жайлардың туындауына байланысты құқықтық нысанда көрініс табады. Ал көптеген қоғамдық қатынастар тек құқықтық қатынастар түрінде ғана өмір сүре алады. Егер осындай нақтылы заңи сипатын жоғалтқан болса, онда олар тоқтатылады. Осындай қатынастарға қаржылық қатынастар жатады.

Салықтық құқықтық қатынастар өз экономикалық-құқықтық табиғатына орай, қаржылық құқықтық қатынастардың ерекше түріне жатады.

Салықтық-құқықтық қатынастар деп айрықша қаржылық құқықтық нормалар негізінде мемлекет пен салық төлеушілердің арасында туындайтын қоғамдық байланыстарды айтамыз. Бұл ретте басты ерекшеліктер былайша сипатталады: мемлекеттің салық төлеушілерден салық төлеуді талап етуге қажетті құқығы бар; ал салық төлеушілерде салықты төлеу жөніндегі заңи міндеттері бар.

Салықтық қатынастар әрқашанда мүліктік (ақшанын өзін мүлік деп есептеуге болады) сипатта, сондай-ақ салық төлеуші мемлекетке белгіленген соманы төлеуге міндетті болғандықтан біржақты октем сипатта болады.

Салықтық қатынастар салық салу жүйесінің экономикалық және құқықтық мән-жайларына байланысты материалдық және ұйымдастыру салықтық қатынастары болып бөлінеді.

Материалдық салықтық қатынастар мынадай өзіне тән белгілерімен сипатталады:

1) мемлекеттің салықтық қызметінің өнімі — нәтижесі болып табылады және мемлекеттік шаруашылық аясында туындайды;

2) бұлар тек мемлекет (Қазақстан Республикасы) қарамағына бағытталған біржақты қозғалысты білдіретін ақшалай қатынастар болып саналады;

3) осы қатынастар базистік әрі трансферттік қабілетімен ерекшеленеді;

4) осы қатынастар мемлекеттегі жиынтық қаржылық нәтижені, яғни ақшалай нысанда жасалған құнды бөлуге (және қайта бөлуге) байланысты объективті процесті көрсетеді;

5) бұлар тұрақты фискалдық мәні мен сипатына қарай республикалық немесе жергілікті бюджеттердің мүліктік-заттай негізін құрайды;

6) бұлар тек мемлекет пен салық төлеушінің арасындағы тиісті салықтық міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз етеді;

7) бұлар мемлекеттің салықтық қызметінің құқықтық әдістерінің нәтижесіне, яғни нормативтік салықтық-құқықтық актілерге негізделінетіндіктен әрқашанда құқықтық нысанда болады.

Ал ұйымдастыру салықтық қатынастары мынадай ұйымдық- құқықтық және реттеуші мән-жайларымен ерекшеленеді:

1) бұлар мемлекеттік стратегиялық индикативтік салықтық жоспарлауға қатысты туындайды;

2) бұлар тиісті бағыт-бағдары бар фискальдық-базистік қатынастардың туындауын қамтамасыз етеді;

3) бұлар көбінесе мемлекеттік салық әкімшілігін, соның ішінде фискалдық мониторинг жүргізу процесінде пайда болатындықтан салық салу аясындағы мүдделердің паритетті болуына ат салысады;

4) осы қатынастар мемлекеттің фискальдық жүйесін қалыптастыру және оның тиісінше қызмет атқаруын қамтамасыз ету барысында жарқын көрініс табады;

5) бұл қатынастар мемлекеттің салық органдарының фискальдық-қаржылық өкілеттіліктерін нақтылы белгілеу және мемлекет пен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының фискальдық құзыреттерін айқындау және белгілеу кезінде пайда болады;

6) бұлар қоғамдық-мемлекеттік маңызы бар қатынастар ретінде өнімді материалдық салықтық қатынастардың туындауына плацдарм дайындайды және олардың барынша тиімді әрі рентабельді бөлуын қамтамасыз етеді;

7) бұлар салықтық-құқықтық актілердің ауқымында туындайтындықтан әрдайым құқықтық нысанда көрініс табады.

Салықтық құқықтық қатынастар да материалдық және ұйымдастырушы болып бөлінеді.

Материалдық салықтық құқықтық қатынастар салықтық төлем затының (объектінің) салық төлеушіден мемлекетке өтуін көрсетеді, ал ұйымдастырушы салықтық құқықтық қатынастар мемлекеттің салық қызметі органдарының салық салу жөніндегі операцияларға қатынасады, бірақ өздері салық төлеуші болып табылмайтын субъектілермен арақатынасын, мемлекеттің салықтық құрылымдарының қалыптасу және жұмыс істеуі барысындағы байланыстарын білдіреді.

Осындай қатынастар мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қорғалады және мемлекет салықтан жиылған қаражаттарды мемлекеттік бюджетте көзделген мақсаттарға жұмсауға міндеттенеді.

Барлық қаржылық құқықтық қатынастар сияқты салықтық құқықтық қатынастар да тек мемлекет еркіне сай және тек қаржылық (салықтық) құқықтық нормалардың негізінде пайда болады. Мемлекет өзінің мүдделерін қанағаттандыруға қажетті қаржылық ресурстарды әрдайым, тұрақты қалыптастыруды көздей отырып қаржылық құқық нормаларының негізінде осы жағдайларды жүзеге асырудың қоғамдық байланыс нысанындағы моделін құрады.

Бұл орайда құқық реттеуші функцияны орындайды, яғни ол салықтық құқықтық қатынастарды заңи нысанда ресімдейді. Осындай қатынастар кейіннен қатысушыларының тиісті іс-әрекеттерінің нәтижесінде нақты мазмұнға ие бола отырып толыққанды қоғамдық қатынастарға айналады. Сондықтан ешқандай салықтық қатынастар құқық нормаларынан тыс бола алмайды. Қаржылық қатынастар әрқашанда мемлекет шығаратын нормативтік актілерге байланысты туындайтындықтан басқа экономикалық қатынастарға қарағандағы айырмашылығы, олар әрқашанда құқықтық сипатта болады, былайша айтқанда туындаған сәттен бастап құқықтық қатынастар болып табылады.

Салықтық құқықтық қатынастардың туындауы заңдарға, яғни жоғары заң күші бар актілерге байланысты болады. Салықтық құқықтық қатынастар аса маңызды, басымды әрі күрделі қоғамдық қатынастар болғандықтан, оларды заң шығару арқылы белгілеп, бекіту және реттеу қажеттілігі бірінші кезекте тура- тыны баршаға мәлім.

Заңи әдебиеттерде салықтық құқықтық қатынастарды ең басты құқықтық қатынастар қатарына жатқызу: жалпы салық салу жүйесі мен әрбір нақтылы төлем түрінің ұлттық табысты бөлу, қайта бөлу процесіне, заңды және жеке тұлғалардың табыс мөлшерлеріне айтарлықтай ықпал етулеріне байланысты экономикалық және әлеуметтік саяси маңызы, сондай-ақ салық салу саласындағы мемлекеттің бірыңғай бюджет-қаржы саясатын құқықтық қамтамасыз ету қажеттілігі сияқты факторларға байланысты түсіндіріледі.

Салықтық құқықтық қатынастар әрқашанда жекелей жіктеу сипатында болады. Оның себебі салықтық құқықтық қатынастың әрбір қатысушысы нақтылы және жекелей белгіленген. Қандай болмасын салықтық құқықтық қатынастардың міндетті қатысушысы әрқашанда мемлекет болса, сол қатынастардың екінші жағында құқық нормасында көрініс тапқан нақтылы-жекелей айқындалған жиынтық белгілері бар салық төлеуші тұрады.

Салықтық құқықтық қатынастар аясындағы материалдық салықтық құқықтық қатынастар ақшалай нысандағы салықтық төлемдердің салық төлеушілерден мемлекет қарамағына өту сәтін білдіреді. Бұл ретте салықтық міндеттемелерді орындау салықтарды тиісті бюджетке тікелей төлеу арқылы көрініс табады. Материалдық салықтық құқықтық қатынастардың туындау себебіне және олардың айрықша көрінісіне мемлекеттің салық төлеушілерден салықтарды төлеуді талап ету құқығы мен салықтарды төлеу жөніндегі салық төлеушінің заңи міндеттері жатады.

Салықтық құқықтық қатынастардың құрамын қарастыру кезінде бірінші кезекте құқықтық қатынас құрамын айқындау қажет. Жалпы құқық ілімінде құқықтық қатынастың заңи нысанының құрамына оның заңи мәні мен құқықтық қатынастың құрамы, сондай-ақ оның материалдық мәні мен заңи нысаны жатқызылады.

Осы орайда құқықтық қатынастың заңи мәнін құрайтын субъективтік құқық пен міндеттерге қоса, құқық субъектісі мен құқықтық қатынас объектісін атауға болады. Демек, салықтық құқықтық қатынастар да бірыңғай заңи мәні мен заңи нысандары бар қатынастар болып табылады.

Сонымен салықтық құқықтық қатынастардың құрамына заңи мәні ретінде субъективтік құқықтар мен міндеттердің жиынтығы, ал материалдық мәні ретінде субъектілердің нақтылы іс-қимылдарында, көрініс табатын сол құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыратын субъектілер (қатысушылар) және объектілер кіреді.

Салықтық құқықтың субъектілері өздерінің субъективтік құқықтары мен заңи міндеттері арқылы байланыс жасайды. Уәкілетті мемлекеттік органдар мемлекет тарапынан жүктелген міндеттерді тек өздеріне рұқсат етілген жүріп-тұру шаралары мен әмірлі қағидаларының арқасында жүзеге асыра алады. Олардың әмірлі талап ету, алып қою, бұйрық беру және т.б. өктем түрде көрініс табатын рұқсат етілген тәртіп шаралары (өкілеттіліктері) екінші тараптың заңи міндеттерімен қамтамасыз етілген.

Мемлекеттің талап ету құқығына салық төлеушінің оны мойындау және өз бетімен әрі ерікті түрде салықты төлеу арқылы сол талапты қанағаттандыру жөніндегі іс-қимылдары сай бөлуға тиісті.

Салық төлеуші өз міндеттерін орындаудан бас тарқан жағдайда мемлекеттің талап ету құқығының жалғасы болып табылатын мемлекеттік мәжбүрлеу құқығы пайда болады және іске асырылады. Сонымен салықсалу аясындағы мемлекет осы қатынастардың тұрақты субъектісі және оларды қамтамасыз ету кепілі ретінде көрініс табады.

Салық төлеушілердің салықты төлеу жөніндегі заңи міндеттерінде салықты төлеу тәсілі, белгіленген мөлшері, белгіленген мерзімі сияқты шарттылықтар орын алады және осыған байланысты міндетті жүріп-тұру шегі қатаң айқындалады.

Салықты төлеу жөніндегі борыш салық төлеушінің Конституциялық міндеті және әлеуметтік борышы болып саналады, сондай-ақ оны орындау кезінде мемлекеттік-қоғамдық манызы бар мүдделер мен қажеттіліктер қамтамасыз етіледі.

Нақтылы салықтық құқықтық қатынас субъектілері осы қатынастың қатысушылары болып саналады. Салықтық құқықтық қатынастардың бір тарабында онын міндетті әрі тұрақты субъекті — мемлекет, ал екінші жағында салық төлеушілер тұрады.

Салықтық құқықтық қатынастар мемлекеттің салық салу саласында салық әкімшілігін жүргізуге, салықтарды белгілеуге және алуға байланысты туындап, тиісті салықтық құқықтық нормалармен реттелген салықтық қатынастар болып табылады.

Салықтарды алу жөніндегі материалдық салықтық қатынастар салықтық-құқықтық қатынастардың өзегі ретінде аса маңызды көрініс табатынын білуіміз қажет. Ал салықтық құқықтық қатынастардың өзегі деген объективті қаржылық-құқықтық құбылысты ашып көрсетсек, оның тек салық төлеушіге қатысты біржақты салықтық міндеттемеден тұратынын байқаймыз. Демек, салықтық құқықтық қатынастардың материалдық көрінісі салықтық міндеттемелер болып табылады.

Салықтық құқықтық қатынастар өздеріне тән мынадай белгілері арқылы сипатталады:

- 1) материалдық салықтық қатынастар мемлекеттің құқықтық реттеуінің нәтижесінде және тек салық салу аясында ғана туындайды;
- 2) ұлттық табыстын мемлекетке тиесілі бөлігін заңды негізде алуға байланысты қайта бөлу процесінде туындайды;
- 3) мемлекет кірісін қалыптастыру барысында пайда болатындықтан экономикалық қатынастардың айрықша түріне — базистік қатынастар қатарына жатады;
- 4) осы құқықтық қатынастардың объектісі өздеріне жүктелген міндеттеме бойынша салықтың затын (сомасын) мемлекет кірісіне тікелей аудару жөніндегі салық төлеушілердің іс- әрекеттері болып табылады;

5) осы құқықтық қатынастардың субъектілері салықтық құқық қабілеттіліктері бар, сондай-ақ салықтық әрекет қабілеттілігіне ие болған тұлғалар болып табылады;

6) осы құқықтық қатынастардың тұрақты әрі міндетті субъектілері ретінде мемлекеттің біртұтас өзі немесе өзі өктем салықтық өкілеттілік берген уәкілетті органы — салық органы көрініс табады;

7) осы құқықтық қатынастар материалдық және ұйымдастыру қатынастары болып бөлінеді;

8) ұйымдастыру салықтық құқықтық қатынастары мемлекеттің салықтық құрылымын қалыптастыруға және оның қызмет атқаруына жағдай жасауға, сондай-ақ салық салуға байланысты операцияларға қатысатын субъектілердің өзара қарым-қатынастары мен байланыстарын білдіреді.

Материалдық салықтық құқықтық қатынастар:

1) мемлекеттің өз материалдық мүддесін көздей отырып тікелей қатысуының және біржақты-өктем ерік білдіруінің нәтижесінде туындайды;

2) қатаң міндеттелген түрде толығымен әрі уақтылы орындалатын біржақты салықтық міндеттемелердің жарқын көрінісі болып табылады;

3) мемлекеттік-өктем сипатта және билік ету-бағыну түрінде болғанымен, салық салу аясындағы заңдылықтың қатаң сақталынатын көрсетеді;

4) мемлекет пен қоғамның материалдық мүдделеріне сай туындайтын құқықтық қатынастар болғандықтан мемлекет тұрғысынан мәжбүрлеу күшімен қорғалады;

5) тұрақты әрі міндетті субъектісі мемлекеттен басқа субъектілері мүқият айқындалып, олардың біржақты міндеттемелері белгіленген мүлктік (ақшалай-заттай) сипаттағы құқықтық қатынастар болып табылады.

Ұйымдастыру салықтық құқықтық қатынастары:

1) мемлекет пен оның салық органдарының арасында;

2) мемлекеттің салықтық құрылымының ішінде;

3) салық органдары мен салық агенттерінің арасында;

4) салық органдары мен тиісті банктердің арасында;

5) салық органдары мен салық өкілдіктерінің арасында салық салу мәселелері мен салықтық инфрақұрылымдар жөнінде туындайды.

Салықтық құқықтық қатынастардың негізгі субъектілеріне:

1) Мемлекеттің (біртұтас) өзі;

2) Парламент;

3) Үкімет;

4) Қаржы министрлігі;

5) Қаржы министрлігінің Салық комитеті;

6) Салық комитетінің аймақтардағы және т.б. салық органдары;

7) Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті;

8) Бюджеттен тыс мемлекеттік қорлардың органдары;

- 9) Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті;
- 10) Салық агенттері;
- 11) Салық өкілдігі;
- 12) Салық төлеуші жеке тұлғалар;
- 13) Салық төлеуші шаруашылық қызмет субъектілері;
- 14) Жергілікті Мәслихаттар;
- 15) Жергілікті әкімдіктер жатады.

Салықтық құқықтық қатынастардың қосымша қатысушылары:

- 1) банктер;
- 2) банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;
- 3) салықтық консультанттар;
- 4) тіркеу органдары;
- 5) лицензиялау органдары;
- 6) құқық қорғау органдары;
- 7) Қаржы полициясы агенттігі;
- 8) Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттік;
- 9) судьялар;
- 10) нотариустер және т.б. болып табылады.

Өзінің салықтық міндеттемесінде белгіленген мерзімде және көзделген тәртіп бойынша салық төлемінің сомасын (затын) мемлекет кірісіне өткізу жөніндегі заңи міндет жүктелген тұлға салық төлеуші деп танылады.

Салық төлеушілерге салықтық құқық қабілеттілігіне және әрекет қабілеттілігіне ие заңды және жеке тұлғалар жатады. Олар салық салудың экономикалық принциптері мен тиісті заңның талаптарына орай резиденттер және резидент еместер болып бөлінеді.

Салық кодексінің тиісті баптарында салық төлеушілердің негізгі құқықтары мен міндеттері белгіленген.

Қазақстан Республикасының салық салу аясындағы салық төлеуші:

- 1) заң жүзінде белгіленген өзіне тиесілі салықтық міндеттемелерін дер кезінде және толық көлемде орындауға;
- 2) салық есептеулері мен салық салуға байланысты құжаттарды заңда белгіленген тәртіп негізінде табыс етуге;
- 3) салық органдарының анықталған салықтық заңдардың бұзылуын жою жөніндегі заңды талаптарын орындауға, сондай-ақ олардың өз қызметтеріне байланысты міндеттерін атқару кезіндегі заңды іс-қимылдарына кедергі жасамауға;
- 4) салық органдарының лауазымды адамдарын белгілі нысандағы әмірлі талап негізінде салық салу объектісі және салық салуға байланысты объектісі болып табылатын мүлікті тексеруге жол беруге;
- 5) сауда операцияларын жүзеге асыру немесе қолма-қол ақша, банктік төлем карточкасы, чектер арқылы қызмет көрсету кезінде тұтынушылармен

есеп айырысуды фискалдық жады бар бақылау-кассалық машинаны міндетті түрде қолдануға және тұтынушының қолына бақылау чегін беруге міндетті.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасындағы салық төлеуші:

- 1) салықтық бақылау нәтижелерін алуға;
- 2) салық құпиясының сақталуын талап етуге;
- 3) салық салуға қатысы жоқ ақпарат пен құжаттарды табыс етпеуге;
- 4) мемлекеттің салық салу құзырынын ауқымындағы салықтар мен басқа да міндетті төлемдер туралы және салық заңдарындағы өзгерістер жөнінде салық органдарынан ақпарат алуға;
- 5) салықтық қатынастардағы мәселелер бойынша өзінің мүдделерін жеке өзі не болмаса өз өкілі арқылы білдіруге;
- 6) салықтық міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі жөнінде өзінің жеке шотынан көшірме алуға;
- 7) тиісті заңнамалық актілерде белгіленген тәртіп негізінде салықтық тексеру актілері жөніндегі хабарламаға және салық органдарының лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым жасауға;
- 8) салықтық бақылау нәтижелері бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөнінде салық органдарына түсіндірме табыс етуге құқылы.

Салықтық әрекет қабілеттілігі — белгілі бір заңды фактілердің бөлуына орай салық төлеуші ретінде нақты тұлғаға жүктелген тиісті міндеттер мен құқықтарды сол тұлғаның өз тарапынан жүзеге асыру қабілеттілігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының салық салу кеністігінде салықтық заңнамаға, сондай-ақ мемлекет тарапынан берілген өктем өкілеттіктерге сүйене отырып экономикалық және заңи маңызы бар өздеріне тиесілі негізгі қызметтерін кәсіби деңгейде жүзеге асыратын айтарлықтай дәрежеде мамандандырылған бірден-бір фискалдық орган салық органдары болып саналады.

Осы салық органдарының ағымдағы функционалдық қызметтерінің басымды бағыты көбінесе салық төлеушілердің салық заңдарының тиісті әмірлі талаптарын бұлжытпай орындауларына бақылау жүргізу және оларға қажетті жерінде міндеттілік жүктеу барысында өктем билік тұрғысынан ықпал ету түрінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде салық органдарына қызметтерін жүзеге асыруға байланысты құқықтар берілген, сондай-ақ мемлекет пен салық төлеушілердің мүдделі балансын сақтауға қажетті міндеттер жүктелген.

Салық органдары:

- 1) салық кодексінде көзделген нормативтік-құқықтық актілерді (заңның негізінде, заңға сәйкес) әзірлеуге және бекітуге;
- 2) өз құзыреттері шегінде салықтық міндеттемелердің туындауы, орындалуы және тоқтатылуы жөніндегі мән-жайларды өз аумақтарындағы

салық төлеушілері мен басқа да мүдделі тұлғаларға түсіндіруге және соған байланысты түсініктемелер беруге;

3) салық кодексында қатаң белгіленген тәртіп негізінде салықтық бақылауды жүзеге асыруға;

4) салық кодексінің ерекше бөлімінде көзделген жағдайларда салық төлеушінің салықтық міндеттемелерін жанама әдіс арқылы айқындауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіп бойынша салықтық тексеру жүргізу барысында салық төлеушілерден олардың салықтық құқық бұзушылық жасағандығын айғақтайтын құжаттарды алып қоюға;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша салық төлеушілерден уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіп негізінде электрондық құжаттар түріндегі ақпараттар алуға;

7) орналасқан жеріне қарамастан табыс табу үшін пайдаланылатын кез келген салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектілерді тексеруге және салық төлеушінің мүліктеріне (тұрғын үй-жайларынан басқа) түгендеу жүргізуге;

8) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптарды сақтай отырып салық төлеушінің ақша құжаттарына, бухгалтерлік кітаптарына, есептеріне, қолма-қол ақшасының бары-жоғына, бағалы қағаздарына, есептеулеріне, декларациялары мен салықтық міндеттемелерін орындауға байланысты өзге де құжаттарына тексерулер жүргізуге;

9) салық төлеушіден уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысандар бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және төлеу (ұстап қалу және аудару) жөніндегі құжаттарды, оларды толтыру жөніндегі түсіндірмелерді, сондай-ақ салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылатын міндетті зейнетақылық жарналардың дұрыс есептелгендігін әрі толығымен төленгендігін (ұсталғандығын және аударылғанын) растайтын құжаттарды тапсыруларын талап етуге;

10) тексерілетін салық төлеуші — заңды тұлға мен жеке кәсіпкерге салық салуға байланысты мәселелер бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және өзге де заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету талаптарын сақтай отырып банктерден немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан оның банктік шоттарының және олардың нөмірлерінің бары-жоғы, сондай-ақ осы шоттардағы ақшалардың қалдығы мен қозғалысы жөніндегі мәліметтер алуға;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес соттарға (белгілі бір жәйттер бойынша) талап арыздар беруге құқылы.

Сонымен қатар, салық органдарының жоғарыда көрсетілген құқықтарына қоса Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарының бөлуы әбден ықтимал.

Салық органдары мемлекеттің салықтық юрисдикциясының ауқымында тиісті салық заңына сәйкес өздеріне жүктелген мынадай іс-қимылдарды жүзеге асыруға:

- 1) салық төлеушінің құқықтарын сақтауға;
- 2) мемлекеттің мүдделерін қорғауға;
- 3) салық кодексінің ережелеріне сәйкес салық құпиясын сақтауға;
- 4) салықтық тексеруді тек биліктік нұсқамалар бойынша жүргізуге;
- 5) салық есептілігінің белгіленген нысандарын толтыру тәртібін түсіндіруге;
- 6) салық кодексінде көзделген жағдайларда және мерзімдерде салық төлеушіге салықтық міндеттемелерін орындауы жөніндегі хабарлама тапсыруға;
- 7) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес салық төлеушіге әкімшілік айыппұлдар салуға;
- 8) салық төлеушінің өзіне тиесілі салықтық міндеттемелерін орындауына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық есептелуіне және уақтылы төленуіне, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылатын міндетті зейнетақылық жарналарының уақтылы ұсталынуына және аударылуына салықтық бақылауды жүзеге асыруға сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылатын міндетті зейнетақылық жарналарының уақтылы ұсталынуына және аударылуына салықтық бақылауды жүзеге асыруға;
- 9) салық төлеушінің өтініші бойынша, оның жеке шотынан салықтық міндеттемелерді орындауы жөнінде бюджетпен есеп айырысуының жай-күйі туралы көшірме беруге;
- 10) белгіленген тәртіп негізінде салық төлеушілердің есебін, сондай-ақ салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің, есептелінген және төленген салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есебін жүргізуге;
- 11) салық төлеушіге берілетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлеу жөніндегі салықтық міндеттемесінің орындалуы фактісін растайтын квитанциялар көшірмелерінің бес жыл көлемінде сақталуын қамтамасыз етуге;
- 12) салықтық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдануға және салық кодексінің тиісті бабына сәйкес салық берешегін салық төлеушіден мәжбүрлеп өндіріп алуға;
- 13) мемлекет меншігіне айналған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және өткізу (сату) тәртібінің сақталуына, сондай-ақ оны сатудан түскен ақшалардың толығымен және уақтылы бюджетке түсуіне бақылау жүргізуге міндетті.

Салықтық құқықтық қатынастардың қатысушысы — салық төлеуші өзіне табыс әкелетін қызметтің қандай болмасын сан алуан түрін таңдап алса да, сол қызметіне қарай салық заңдары мен құзыретті органдар тарапынан қабылданатын тиісті нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгіленетін салықтық міндеттемеден қашып құтыла алмайды. Сонымен қатар, салық төлеушіге салық салу барысында салық органдары тигізетін ықпалдар әрдайым өктем билік ету, міндеттеу (мәжбүрлеу) сипатында болады.

Айтылған жағдайларға қарамастан салықтық құқықтық қатынастардың қатысушыларын салық органдары мен салық төлеушілерді заңға бағындыру және жүгіндіру осы салықтық құқықтық қатынастардың мәні мен маңызына айналып отыр.

Демек, салық органдары жүргізетін салық әкімшілігінің түпкілікті мақсаты салық төлеушілерді өздеріне бағындыру емес, тек салық заңдарына (бұлжытпай орындалуын әрі тиімді бөлуын көздей отырып) бағындыру болып табылады.

Салықтарды белгілеу, бекіту және еліміздің экономикалық аумағында заңи күшіне енгізу кезінде көзделінетін мақсат мемлекет қарамағына (кірісіне) жоспарланған мөлшерде ақша қаражаттарын алу болып табылады. Мемлекет әдетте, салықтық құқықтық қатынастарға тек салық төлемінің сомасын (затын) алу үшін ғана қатысатын болса, ал салық төлеуші өзіне белгіленген заңи міндетке байланысты сол салық төлемінің сомасын (затын) мемлекетке беруге мәжбүр болғандықтан қатысады.

Осыған байланысты материалдық сипаттағы салықтық құқықтық қатынастардың объектісіне тек салық төлеушіге ғана тән, оның салық төлеуге байланысты іс-қимылдары жатады. Салық төлеушінің дұрыс есептелінген, толық мөлшерде әрі белгіленген тәртіп негізінде уақтылы (дер кезінде) төленген (енгізілген, аударылған) салық төлемінің сомасын міндетті түрде қабылдап алатын мемлекет оны мемлекет кірісіне есептеуге және мемлекет меншігіне айналдыруға, сондай-ақ өзінің ішкі және сыртқы саясаттарына орай өзі қажетті деп тапқан бағыттар бойынша қайта бөлуге хақылы.

Салық агенттері мен банктердің салықтарға байланысты іс-қимылдары да салықтық құқықтық қатынастардың (ұйымдастыру сипатындағы) объектілері болып саналады.

Салықтық құқықтық қатынастардың мемлекеттің салық салу аясынан орын алуына негіз болатын объективті қаржылық-құқықтық мән-жайлар ретінде заңи айғақтарды (фактілерді) айтуға болады.

Салық заңдарында тікелей көзделген осы заңи фактілердің бөлуы салықтық құқықтық қатынастардың туындауының, өзгеруінің және тоқтатылуының шарты болып табылады.

Әдетте құқықтық қатынастар мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілген және қатысушылардың субъективтік заңи құқықтары мен міндеттерінің бөлуымен сипатталатын, сондай-ақ құқықтық нормалар

негізінде тиісті тұлғалардың арасында пайда болатын жекелеген қоғамдық байланыстар деп түсіндіріледі.

Осы айқындама негізінде құқықтық қатынастардың өзіне тән кейбір белгілерін бөліп шығаруға болады.

Біздің ойымызша, ең басты белгісі тұлғалардың арасындағы, олардың құқықтары мен міндеттері арқылы байланысы, яғни айрықша қоғамдық байланыс. Бұл орайда құқықтық қатынасқа қатысушылардың бір біріне қатысты белгіленген мән-жайлардың болатынын байқаймыз. Екі жақтың да өздеріне тән заңи құқықтары мен міндеттері болғандықтан, сондай-ақ осындай құқықтары мен міндеттерінің, бірыңғайлығы арқасында өзара байланысқан екі тарап бір-бірін құқықтық қатынасқа қатысушылар ретінде таниды.

Құқықтық қатынастардың келесі белгісі, осы тараптардың (тұлғалардың) арасындағы байланыс мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қорғалады. Қандай болмасын тұлға субъективтік заңи құқықтар мен міндеттерге ие болған кезден бастап, бірден мемлекетке қатысты ерекше жағдайға тап болады. Былайша айтқанда мемлекет субъективтік (өкілеттік берілген) құқық иесінің іс-әрекетін қолдайды, кепілдендіреді және орындайтын міндеттерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Құқықтық қатынастардың тағы бір маңызды белгісі заңды (заңи) фактілерге байланысты құқықтар мен міндеттерді нақтыландырудан тұрады. Құқықтық қатынастың құндылығы ол құқықтық нысанмен ресімделген шынайы қоғамдық қатынастарды нақтылы көрсетеді.

Бұл ретте айта кететін бір жәйт, заңи фактілерге қарамастан құқықтық реттеу бар жерде жалпыға бірдей құқықтар немесе жалпыға бірдей міндеттер жөнінде сөз қозғалады. Дегенмен заң нормалары әрбір құқық субъектісіне тікелей арналады (бағытталады). Құқықтық реттеу әрқашанда нақты құқықтар мен міндеттердің бөлуын қалайды, ал құқықтар мен міндеттердің көлемі мен мазмұны және белгілену мүмкіндігі заңи фактілерге байланысты (тәуелді) болады.

Құқықтық нормадағы тәртіптің жалпы ауқымы жүзеге асырылатын нақты жағдайларға байланысты тұлғалар бойынша және өкілеттік құрамында нақтыландырылады.

Сонымен құқықтық қатынастар өзге қоғамдық қатынастарға қарағанда мынадай өзгешеліктермен ерекшеленеді:

- 1) Әрқашанда ықпалды (ерік білдіретін) сипатта болады;
- 2) Объективтік және субъективтік құқықтарды жүзеге асыру нысаны болып табылады;
- 3) Субъектілерінің өзара іс-әрекеттері нақтылы белгіленген субъективтік құқық пен заңды міндеттер көлемінде жүзеге асырылады;
- 4) Тиісті заңи фактілердің бөлуына байланысты туындайды және соларға байланысты өзгереді немесе тоқтатылады;
- 5) Әрқашанда қозғалыста болатын құқықтық құбылыстарға жатады;

6) Құқықтық қатынас мәселелері субъективтік заңи құқықтар мен міндеттерді қатысушылардың жүріп-тұруы ауқымында есепке ала отырып қарастырылады.

Құқықтық қатынас белгілі бір ішкі құрылысы бар өте күрделі құрылым болып табылады. Құқықтық қатынастың материалдық мәні мен заңи нысанының бірыңғайлығы тұрғысынан алғандағы құрамы мынадай:

- 1) құқықтық қатынастың, мәнінен;
- 2) құқық субъектілерінен;
- 3) құқықтық қатынас объектілерінен тұрады.

Құқықтық қатынастардың заңи мәні субъективтік заңи құқық пен міндеттер болып табылады. Ал материалдық мәніне уәкілетті тұлға жүзеге асыра алатын, сондай-ақ заңи міндеттелген тұлға жүзеге асыруға міндетті нақтылы жүріп-тұру іс-қимылдары жатады.

Құқықтық қатынастарды мәні бойынша материалдық және заңи деп межелеу оның аясындағы барлық іс-әрекеттерді және субъективтік құқықтар мен міндеттерді назардан тыс қалдырмауға мүмкіндік береді.

Құқықтық қатынастардың мәніне тек оған қатысушылардың құқықтары мен міндеттері ғана емес, сонымен бірге сол құқықтар мен міндеттерге сәйкес жүзеге асырылатын нақтылы жүріп- тұрудың әр алуан (экономикалық, өктем-ұйымдастырушылық, әлеуметтік-мәдени және басқа) мазмұны да жатады.

Құқықтық қатынастардың мәнін шынайы қоғамдық қатынастар мен олардың заңи нысанының бірыңғайлығы тұрғысынан қарастырған ыңғайлы болады. Құқықтық қатынастардың мәнін материалдық және заңи деп бөлу себебі философиялық тұрғыдан әрбір құбылыстың өзіне тән мән-жайына орай шартты көрініс табады.

Құқықтық қатынастардың қозғалысы олардың субъектілерінің іс-әрекеттеріне байланысты болады. Құқық субъектісі заңи ғылым мен практиканың маңызды категорияларының бірі болып саналады. Субъектілерсіз құқықтық қатынастар туындамайды. Құқық субъектілері өз ерекшеліктеріне байланысты субъективтік заңи құқықтар мен міндеттерге нақтылы ие бола алатын тұлға және қоғамдық қатынасқа қатысушы болып саналады.

Бұл орайда тұлға өз бетімен өз еркін қалыптастыруға, білдіруге және жүзеге асыруға қабілетті болады, сондай-ақ құқықтық қатынастарға шынайы қатыса алатын тұлға, яғни заңи норманың күшімен құқық субъектісі болған тұлға ретінде көрініс табады. Екі негізгі құрылымдық элементі бар құқық субъектілігі құқық қабілеттілігін, яғни құқыққа ие бөлу және міндеттерді орындау қабілеттілігін және әрекет қабілеттілігін, яғни өз бетімен құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру қабілеттілігін білдіреді.

Құқық субъектісі құқықтық субъектілікке нақты ие бола алатын тұлға, яғни құқықтық қатынастарға тұрақты (әрдайым) қатысуға қабілеті бар тұлға.

Ал құқықтық қатынас субъектісі нақты бір құқықтық қатынастын шынайы (міндетті) қатысушысы болып табылады.

Құқықтық қатынас субъектілеріне азаматтар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар және мемлекет жатады.

Құқықтық қатынастың соңғы элементі — объектісі субъектілердің субъективтік заңи құқықтары мен міндеттері бағытталған қоршаған ортаның құбылыстары, яғни субъектілердің мүдделері мен мұқтаждықтарын қанағаттандыруға қажетті немесе қанағаттандыра алатын материалдық және материалдық емес игіліктер, кейде сол игіліктердің қозғалысын қамтамасыз ететін іс-әрекеттер болып саналады. Заңи ғылымда объект категориясы субъектімен тікелей байланыстырылмайды, өйткені объектілер құқықтық қатынастардың бағдар-бағытына қатысты қарастырылады.

Құқықтық қатынас объектісі осы қатынасқа қатысушы субъектілердің өзара субъективтік заңи құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру барысында туындайтын, заңи байланыс бағытталған құбылыс және салықтық міндеттеменін бөлуын шарттайтын заңи факті болып табылады. Салықтың заты салық объектісінің мүліктік көрінісі болып есептелінеді. Сондықтан, кейбір авторлардың құқықтық қатынас объектісі (салық объектісі) салық төлеушінің материалдық игіліктері болып табылады деген тұжырымдары негізделмеген (А.Худяков).

Кейбір қоғамдық қатынастар бастапқы кезде өзді өзімен болып біте қайнасқандарымен, кейіннен белгіленген мән-жайлардың туындауына байланысты құқықтық нысанда көрініс табады. Ал көптеген қоғамдық қатынастар тек құқықтық қатынастар түрінде ғана өмір сүре алады. Егер осындай нақтылы заңи сипатын жоғалтқан болса, онда олар тоқтатылады. Осындай қатынастарға қаржылық қатынастар жатады.

Салықтық құқықтық қатынастар өз экономикалық-құқықтық табиғатына орай, қаржылық құқықтық қатынастардың ерекше түріне жатады.

Салықтық-құқықтық қатынастар деп айрықша қаржылық құқықтық нормалар негізінде мемлекет пен салық төлеушілердің арасында туындайтын қоғамдық байланыстарды айтамыз. Бұл ретте басты ерекшеліктер былайша сипатталады: мемлекеттің салық төлеушілерден салық төлеуді талап етуге қажетті құқығы бар; ал салық төлеушілерде салықты төлеу жөніндегі заңи міндеттері бар.

Салықтық қатынастар әрқашанда мүліктік (ақшанын өзін мүлік деп есептеуге болады) сипатта, сондай-ақ салық төлеуші мемлекетке белгіленген соманы төлеуге міндетті болғандықтан біржақты өктем сипатта болады.

Салықтық қатынастар салық салу жүйесінің экономикалық және құқықтық мән-жайларына байланысты материалдық және ұйымдастыру салықтық қатынастары болып бөлінеді.

Материалдық салықтық қатынастар мынадай өзіне тән белгілерімен сипатталады:

1) мемлекеттің салықтық қызметінің өнімі — нәтижесі болып табылады және мемлекеттік шаруашылық аясында туындайды;

2) бұлар тек мемлекет (Қазақстан Республикасы) қарамағына бағытталған біржақты қозғалысты білдіретін ақшалай қатынастар болып саналады;

3) осы қатынастар базистік әрі трансферттік қабілетімен ерекшеленеді;

4) осы қатынастар мемлекеттегі жиынтық қаржылық нәтижені, яғни ақшалай нысанда жасалған құнды бөлуге (және қайта бөлуге) байланысты объективті процесті көрсетеді;

5) бұлар тұрақты фискалдық мәні мен сипатына қарай республикалық немесе жергілікті бюджеттердің мүлкітік-заттай негізін құрайды;

6) бұлар тек мемлекет пен салық төлеушінің арасындағы тиісті салықтық міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз етеді;

7) бұлар мемлекеттің салықтық қызметінің құқықтық әдістерінің нәтижесіне, яғни нормативтік салықтық-құқықтық актілерге негізделінетіндіктен әрқашанда құқықтық нысанда болады.

Ал ұйымдастыру салықтық қатынастары мынадай ұйымдық- құқықтық және реттеуші мән-жайларымен ерекшеленеді:

1) бұлар мемлекеттік стратегиялық индикативтік салықтық жоспарлауға қатысты туындайды;

2) бұлар тиісті бағыт-бағдары бар фискальдық-базистік қатынастардың туындауын қамтамасыз етеді;

3) бұлар көбінесе мемлекеттік салық әкімшілігін, сонын ішінде фискалдық мониторинг жүргізу процесінде пайда болатындықтан салық салу аясындағы мүдделердің паритетті бөлуына ат салысады;

4) осы қатынастар мемлекеттің фискальдық жүйесін қалыптастыру және оның тиісінше қызмет атқаруын қамтамасыз ету барысында жарқын көрініс табады;

5) бұл қатынастар мемлекеттің салық органдарының фискальдық-қаржылық өкілеттіліктерін нақтылы белгілеу және мемлекет пен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының фискальдық құзыреттерін айқындау және белгілеу кезінде пайда болады;

6) бұлар қоғамдық-мемлекеттік маңызы бар қатынастар ретінде өнімді материалдық салықтық қатынастардың туындауына плацдарм дайындайды және олардың барынша тиімді әрі рентабельді бөлуын қамтамасыз етеді;

7) бұлар салықтық-құқықтық актілердің ауқымында туындайтындықтан әрдайым құқықтық нысанда көрініс табады.

Салықтық құқықтық қатынастар да материалдық және ұйымдастырушы болып бөлінеді. Материалдық салықтық құқықтық қатынастар салықтық төлем затының (объектінің) салықтөлеушіден мемлекетке өтуін көрсетеді, ал ұйымдастырушы салықтық құқықтық қатынастар мемлекеттің салық қызметі органдарының, салық салу жөніндегі операцияларға қатынасатын, бірақ өздері салықтөлеуші болып табылмайтын субъектілермен

ара-қатынасын, мемлекеттің салықтық құрылымдарының қалыптасу және жұмыс істеуі барысындағы байланыстарын білдіреді.

Осындай қатынастар мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қорғалады және мемлекет салықтан жиылған қаражаттарды мемлекеттік бюджетте көзделген мақсаттарға жұмсауға міндеттенеді.

Барлық қаржылық құқықтық қатынастар сияқты салықтық құқықтық қатынастар да тек мемлекет еркіне сай және тек қаржылық (салықтық) құқықтық нормалардың негізінде пайда болады. Мемлекет өзінің мүдделерін қанағаттандыруға қажетті қаржылық ресурстарды әрдайым, тұрақты қалыптастыруды көздей отырып қаржылық құқық нормаларының негізінде осы жағдайларды жүзеге асырудың қоғамдық байланыс нысанындағы моделін құрады.

Бұл орайда құқық реттеуші функцияны орындайды, яғни ол салықтық құқықтық қатынастарды заңи нысанда ресімдейді. Осындай қатынастар кейіннен қатысушыларының тиісті іс-тәрекеттерінің нәтижесінде нақты мазмұнға ие бола отырып толыққанды қоғамдық қатынастарға айналады. Сондықтан ешқандай салықтық қатынастар құқық нормаларынан тыс бола алмайды. Қаржылық қатынастар әрқашанда мемлекет шығаратын нормативтік актілерге байланысты туындайтындықтан басқа экономикалық қатынастарға қарағандағы айырмашылығы, олар әрқашанда құқықтық сипатта болады, былайша айтқанда туындаған сәттен бастап құқықтық қатынастар болып табылады.

Салықтық құқықтық қатынастардың туындауы заңдарға, яғни жоғары заң күші бар актілерге байланысты болады. Салықтық құқықтық қатынастар аса маңызды, басымды әрі күрделі қоғамдық қатынастар болғандықтан, оларды заң шығару арқылы белгілеп, бекіту және реттеу қажеттілігі бірінші кезекте тұратыны баршаға мәлім.

Заңи әдебиеттерде салықтық құқықтық қатынастарды ең басты құқықтық қатынастар қатарына жатқызу: жалпы салық салу жүйесі мен әрбір нақтылы төлем түрінің ұлттық табысты бөлу, қайта бөлу процесіне, заңды және жеке тұлғалардың табыс мөлшерлеріне айтарлықтай ықпал етулеріне байланысты экономикалық және әлеуметтік саяси маңызы, сондай-ақ салық салу саласындағы мемлекеттің бірыңғай бюджет-қаржы саясатын құқықтық қамтамасыз ету қажеттілігі сияқты факторларға байланысты түсіндіріледі.

Салықтық құқықтық қатынастардың құрамын қарастыру кезінде бірінші кезекте құқықтық қатынас құрамын айқындау қажет. Жалпы құқық ілімінде құқықтық қатынастың заңи нысанының құрамына оның заңи мәні мен құқықтық қатынастың құрамы, сондай-ақ оның материалдық мәні мен заңи нысаны жатқызылады.

Осы орайда құқықтық қатынастың заңи мәнін құрайтын субъективтік құқық пен міндеттерге қоса, құқық субъектісі мен құқықтық қатынас объектісін атауға болады. Демек, салықтық құқықтық қатынастар да бірыңғай заңи мәні мен заңи нысандары бар қатынастар болып табылады.

Сонымен салықтық құқықтық қатынастардың құрамына заңи мәні ретінде субъективтік құқықтар мен міндеттердің жиынтығы, ал материалдық мәні ретінде субъектілердің нақтылы іс-қимылдарында, көрініс табатын сол құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыратын субъектілер (қатысушылар) және объектілер кіреді.

Салықтық құқықтың субъектілері өздерінің субъективтік құқықтары мен заңи міндеттері арқылы байланыс жасайды. Уәкілетті мемлекеттік органдар мемлекет тарапынан жүктелген міндеттерді тек өздеріне рұқсат етілген жүріп-тұру шаралары мен әмірлі қағидаларының арқасында жүзеге асыра алады. Олардың әмірлі талап ету, алып кою, бұйрық беру және т.б. өктем түрде көрініс табатын рұқсат етілген тәртіп шаралары (өкілеттіліктері) екінші тараптын заңи міндеттерімен қамтамасыз етілген.

Мемлекеттің талап ету құқығына салық төлеушінің оны мойындау және өз бетімен әрі ерікті түрде салықты төлеу арқылы сол талапты қанағаттандыру жөніндегі іс-қимылдары сай бөлуға тиісті.

Салық төлеуші өз міндеттерін орындаудан бас тарқан жағдайда мемлекеттің талап ету құқығының жалғасы болып табылатын мемлекеттік мәжбүрлеу құқығы пайда болады және іске асырылады. Сонымен салық салу аясындағы мемлекет осы қатынастардың тұрақты субъектісі және оларды қамтамасыз ету кепілі ретінде көрініс табады.

Салық төлеушілердің салықты төлеу жөніндегі заңи міндеттерінде салықты төлеу тәсілі, белгіленген мөлшері, белгіленген мерзімі сияқты шарттылықтар орын алады және осыған байланысты міндетті жүріп-тұру шегі қатаң айқындалады.

Салықтық әрекет қабілеттілігі — белгілі бір заңды фактілердің болуына орай салық төлеуші ретінде нақты тұлғаға жүктелген тиісті міндеттер мен құқықтарды сол тұлғаның өз тарапынан жүзеге асыру қабілеттілігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының салық салу кеністігінде салықтық заңнамаға, сондай-ақ мемлекет тарапынан берілген өктем өкілеттіктерге сүйене отырып экономикалық және заңи манызы бар өздеріне тиесілі негізгі қызметтерін кәсіби деңгейде жүзеге асыратын айтарлықтай дәрежеде мамандандырылған бірден-бір фискалдық орган салық органдары болып саналады.

Айтылған жағдайларға қарамастан салықтық құқықтық қатынастардың қатысушыларын салық органдары мен салық төлеушілерді заңға бағындыру және жүгіндіру осы салықтық құқықтық қатынастардың мәні мен маңызына айналып отыр.

Демек, салық органдары жүргізетін салық әкімшілігінің түпкілікті мақсаты салық төлеушілерді өздеріне бағындыру емес, тек салық заңдарына (бұлжытпай орындалуын әрі тиімді болуын көздей отырып) бағындыру болып табылады.

Салықтарды белгілеу, бекіту және еліміздің экономикалық аумағында заңи күшіне енгізу кезінде көзделінетін мақсат мемлекет қарамағына (кірісіне) жоспарланған мөлшерде ақша қаражаттарын алу болып табылады. Мемлекет әдетте, салықтық құқықтық қатынастарға тек салық төлемінің сомасын (затын) алу үшін ғана қатысатын болса, ал салық төлеуші өзіне белгіленген заңи міндетке байланысты сол салық төлемінің сомасын (затын) мемлекетке беруге мәжбүр болғандықтан қатысады.

Осыған байланысты материалдық сипаттағы салықтық құқықтық қатынастардың объектісіне тек салық төлеушіге ғана тән, онын салық төлеуге байланысты іс-қимылдары жатады. Салық төлеушінің дұрыс есептелінген, толық мөлшерде әрі белгіленген тәртіп негізінде уақтылы (дер кезінде) төленген (енгізілген, аударылған) салық төлемінің сомасын міндетті түрде қабылдап алатын мемлекет оны мемлекет кірісіне есептеуге және мемлекет меншігіне айналдыруға, сондай-ақ өзінің ішкі және сыртқы саясаттарына орай өзі қажетті деп тапқан бағыттар бойынша қайта бөлуге құқылы.

Салық агенттері мен банктердің салықтарға байланысты іс-қимылдары да салықтық құқықтық қатынастардың (ұйымдастыру сипатындағы) объектілері болып саналады.

Салықтық құқықтық қатынастардың мемлекеттің салық салу аясынан орын алуына негіз болатын объективті қаржылық-құқықтық мән-жайлар ретінде заңи айғақтарды (фактілерді) айтуға болады.

Салық заңдарында тікелей көзделген осы заңи фактілердің бөлуы салықтық құқықтық қатынастардың туындауының, өзгеруінің және тоқтатылуының шарты болып табылады.

5.3 Тесттік тапсырмалар

1 Салық құқығының нормасының құрылымы қандай элементтерден тұрады, көрсетіңіз:

- А) Гипотеза, диспозиция, санкция,
- В) Гипотеза, санкция;
- С) Гипотеза, диспозиция;
- Д) Диспозиция;
- Е) Санкция.

2 Гипотеза, диспозиция, санкция – бұл:

- А) Салық салу бірлігі;
- В) Элемент;
- С) Салықтың құрылымдық элементтері;
- Д) Салық құқығының нормалардың құрылымдық элементтері,
- Е) Салық құқығының құрылымдық элементтері.

3 Салық құқығы нормаларымен реттелген, салық салуды ұйымдастыру процесінде, сондай – ақ салықты бекіткенде және төлеген кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды атаңыз:

- A) Ақшалай қатынастар;
- B) Салықтық құқықтық қатынастар,
- C) Мүліктік құқықтық қатынастар;
- D) Материалдық құқықтық қатынастар;
- E) Ұйымдық салықтық қатынастар.

4 Салықтық құқықтық қатынастар – бұл:

- A) қаржылық құқықтық қатынастар;
- B) азаматтық құқық нормаларымен реттелген, мүліктік қатынастар;
- C) тауар ақшалай қатынастар;
- D) салық құқығы нормаларымен реттелген, мүліктік қатынастар;
- E) салық құқығы нормалармен реттелген, салық салуды ұйымдастыру процесінде, сондай – ақ салықты бекіткенде және төлеген кезде туындайтын қоғамдық қатынастар.

5 Салықтық құқықтық қатынастар – бұл:

- A) қаржылық құқықтық қатынастар;
- B) азаматтық құқық нормаларымен реттелген, мүліктік қатынастар;
- C) тауар ақшалай қатынастар;
- D) салық құқығы нормаларымен реттелген, мүліктік қатынастар;
- E) салық құқығы нормалармен реттелген, салық салуды ұйымдастыру процесінде, сондай – ақ салықты бекіткенде және төлеген кезде туындайтын қоғамдық қатынастар.

6 Салық төлеушіден мемлекетке салық төлемінің пәні ауысуын білдіретін салықтық құқықтық қатынастарды атаңыз:

- A) материалдық салықтық құқықтық қатынастар,
- B) ұйымдық салықтық құқықтық қатынастар;
- C) фискалдық құқықтық қатынастар;
- D) реттеуші салықтық құқықтық қатынастар;
- E) қаржылық.

7 Салықтық құқықтық қатынастың билікті субъектісі болып табылады:

- A) салық төлеуші;
- B) салық төлеушінің уәкілетті өкілі;
- C) мемлекет, уәкілетті мемлекеттік орган,
- D) салық агенті;
- E) салық төлеушінің заңды өкілі.

8 Салықтық құқықтық қатынаста мемлекет табылады:

- А) салық төлеушінің атынан заң негізінде уәкілетті болатын тұлға;
- В) салық төлеуші беретін сенімхат не болмаса құрылтай құжаттары негізінде әрекет ететін салық төлеушінің өкілі;
- С) билікті субъекті болы,
- Д) салық кодексіне сәйкес төлем көздерінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет жүктелген заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;
- Е) салық төлеуші болып.

6 САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕ

6.1 Салықтық міндеттеменің құқықтық негіздері

Салық төлеушінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мемлекет алдында туындайтын міндеттемесі салық міндеттемесі деп танылады, оған орай салық төлеуші салық органында тіркелу есебіне тұруға, салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындауға, салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ олар бойынша аванстық және ағымдағы төлемдерді есептеуге және төлеуге, салықтық нысандарды жасауға, салық тіркелімдерін қоспағанда, салықтық нысандарды салық органына белгіленген мерзімде табыс етуге міндетті.

Мемлекеттің салық органы арқылы салық төлеушіден (салық агентінен) оның салық міндеттемесін толық көлемінде орындауын талап етуге, ал салық міндеттемесі орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Салық кодексінде көзделген тәртіппен оларды қамтамасыз ету жөніндегі тәсілдерді және мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға құқығы бар.

Салықтық міндеттеменің мән-жайын заң шығарушы былайша айқындаған:

1) тиісті салық заңдарына сәйкес салық төлеушінің, мемлекет алдында туындаған міндеттемесі салықтық міндеттеме болып танылады;

2) салықтық міндеттеме талаптарына сай салық төлеуші: салық органында тіркеу есебіне тұруға; салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектіні айқындауға; салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеп шығаруға, салық есептілігін жасауға, оны белгіленген мерзімде табыс етуге және салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндетті;

3) мемлекет өзінің салық органдары арқылы салық төлеушіден оған тиесілі салықтық міндеттемелерді толық көлемде орындауын талап етуге құқылы;

4) салықтық міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда мемлекет салық кодексінің тиісті баптарында көзделген тәртіп негізінде салықтық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін және мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға құқылы.

Міне, салық төлеушінің өзіне (тиісті салық заңына сәйкес) жүктелген салық төлеу жөніндегі біржақты міндеттемені саналы түрде, сондай-ақ салықтық-құқықтық мәдениеттілік пен белсенділік таныта отырып, белгіленген тәртіп негізінде уақтылы және толығымен орындауы, мемлекеттің салық төлеушілерден белгіленген салықтарды өзіне төлеуін талап ету құқығымен ұштаса отырып салықтық құқықтық қатынастардың басты материалдық мәніне айналады.

Өзінің экономикалық және құқықтық табиғатына сай салықтық міндеттеме:

- тек мемлекеттің еркіне және әмірлі талабына сай туындайды;
- әрдайым мерзімді сипатта болады;
- өзінің сипаты бойынша мемлекеттік (қоғамдық)-құқықтық тұрғыдан ерекшеленеді;
- салықтық төлемдердің сомасына байланысты көбінесе ақшалай көрініс табады;
- өзінің мән-жайына қарай біржақты міндеттеме болып табылады;
- оның, айтарлықтай дәрежеде (тиісінше) орындалуы мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етіледі;
- міндеттеме бойынша салықтық төлемдердің ақша қаражаттарын мемлекет кірісіне аударуға байланысты салық төлеуші тұлғаның белсенді іс-қимылдарымен сипатталады;
- құрылымында салықтың заңи құрамының мұқият белгіленген элементтерінің бөлуы оның тиісінше орындалуының негізі болып табылады;
- әрбір жекелеген салықтарға тән салық салу объектілерімен, салық салуға байланысты объектілермен, салық базасымен, салық ставкасымен және салық кезенділігімен мазмұндалады.

Салықтық міндеттеменің объектісіне міндетті тұлға салық төлеушінің салықтық төлемінің сомасын мемлекетке тапсыру кезіндегі іс-қимылдары жатады. Ал салықтық міндеттеменің нысаны мемлекет (мемлекеттің салық органдары) пен салық төлеушілер — заңды және жеке тұлғалардың арасындағы байланыстың сыртқы көрінісі болып табылады.

Салықтық міндеттеменің құрамы:

- салықтық міндеттеменің субъектісінен;
- салықтық міндеттеменің объектісінен;
- салықтық міндеттеменің мәнжайынан тұрады.

Осы орайда айта кететін бір жәйт: салықтөлеуші; салықсалу объектісі; салықтың заты; салықтың масштабы; салық базасын есепке алу әдісі; салық кезеңі; салық салу бірлігі; салық ставкасы; салықты есептеу тәртібі; есепті

кезең; салықты төлеу мерзімі; салықты төлеу тәсілі мен тәртібі сияқты элементтер Қазақстан Республикасының салық заңдарындағы бастаушы ережелер болып табылады, сондай-ақ оларсыз ешбір салықты есептеп шығарудың, төлеудің және олардың төленуін талап етудің мүмкіндігі болмайды.

Салықтық заңи құрамының элементін, яғни салық элементін белгілеу салықтық міндеттеменің туындауына септігін тигізеді немесе оны орындау тәсілінің негізі болып табылады.

Салық кодексінде салықтық міндеттеменің **субъектілік құрамында** салық төлеуші және мемлекет көрсетілген.

Салық салу **объектілері** мен салық салуға байланысты объектілер ретінде мүліктер және іс-әрекеттер белгіленген. Осы мүліктер мен іс-әрекеттердің бөлуы салық төлеушіге қатысты салықтық міндеттеменің туындауына негіз болады. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің әрбір түрі бойынша салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер Салық кодексінің ерекше бөлімінің тиісті баптарында жан-жақты айқындалған.

6.2 Салық міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету

ҚР СК өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші салық міндеттемесін орындауды дербес жүзеге асырады.

Салық төлеуші салық міндеттемесін орындау үшін мынадай іс-әрекеттер жасайды:

- 1) салық органында тіркелу есебіне тұрады;
- 2) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды жүргізеді;
- 3) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді, салық базасы мен салық мөлшерлемелерін негізге ала отырып, салықтың және бюджетке төленуге жататын басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ Салық кодексінің ерекше бөліміне сәйкес олар бойынша аванстық және ағымдағы төлемдердің сомасын есептейді;
- 4) салық тіркелімдерін қоспағанда, салықтық нысандарды жасайды және белгіленген тәртіппен салық органдарына табыс етеді;
- 5) салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген және есепке жазылған сомасын, Салық кодексінің ерекше бөліміне сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша аванстық және ағымдағы төлемдерді төлейді.

Салық төлеуші салық міндеттемесін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орындауға тиіс.

Салық төлеуші салық міндеттемесін мерзімінен бұрын орындауға құқылы.

Қолма-қол емес нысанда орындалатын салық төлеушінің салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі салық міндеттемесі, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдарды төлеу бойынша міндеттеме банктен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымнан салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасына төлем тапсырмасының акцептін алған күннен бастап немесе банкоматтар немесе өзге де электрондық құрылғылар арқылы төлемді жүзеге асырған күннен бастап, ал қолма-қол нысанда - салық төлеуші көрсетілген соманы банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, уәкілетті мемлекеттік органға, жергілікті атқарушы органға енгізген күннен бастап орындалған болып саналады.

Мүлік пен іс-әрекеттер салық салу объектісі және (немесе) салық салуға байланысты объект болып табылады, олардың бөлуына байланысты және (немесе) олардың негізінде салық төлеушінің салық міндеттемесі туындайды.

Салық базасы салық салу объектісінің құн, физикалық немесе өзге де сипаттамаларын білдіреді, олардың негізінде салықтың және бюджетке төленуге жататын басқа да міндетті төлемдердің сомасы айқындалады.

Салық мөлшерлемесі салық салу объектісінің немесе салық базасының өлшем бірлігіне салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемді есептеу жөніндегі салық міндеттемесінің шамасын білдіреді.

Салық мөлшерлемесі салық салу объектісінің немесе салық базасының өлшем бірлігіне пайызбен немесе абсолютті сомамен белгіленеді.

Салық кезеңі деп салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлеріне қатысты белгіленген уақыт кезеңі түсініледі, ол аяқталған соң салық салу объектісі, салық базасы айқындалады, салықтың және бюджетке төленуге жататын басқа да міндетті төлемдердің сомасы есептеледі.

Төлем көзінен ұсталатын салықтың сомасын есептеуді салық агенті жүзеге асырады.

Салық кодексінің ерекше бөлімінде көзделген жағдайларда салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерінің сомасын есептеу жөніндегі міндет салық органына және уәкілетті мемлекеттік органдарға жүктелуі мүмкін.

Салық міндеттемесін орындау мерзімдері Салық кодексіне белгіленеді. Бұл ретте, Салық кодексінде белгіленген мерзімнің өтуі салық міндеттемесін орындау мерзімінің басталуы айқындалған нақты оқиғадан немесе заңдық іс-қимылдан кейін келесі күні басталады. Мерзім белгіленген кезеңнің соңғы күнінің соңында аяқталады. Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс күні болмаса, мерзім келесі жұмыс күнінің соңында аяқталады.

Салық берешегін өтеудің тәртібі

Салық берешегін өтеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) бересі сомасы;
- 2) есептелген өсімпұлдар;
- 3) айыппұлдар сомасы.

Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары

Салық тексеруі актісі бойынша хабарламаға шағым жасау жағдайларын қоспағанда, салық органдары мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдануға құқылы. Мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану салық төлеушіге жіберілген хабарлама негізінде жүргізіледі.

Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу мынадай тәртіппен:

- 1) банк шоттарындағы ақшасының есебінен;
- 2) қолма-қол ақшасының есебінен;
- 3) дебиторларының шоттарынан;
- 4) билік ету шектелген мүлкін өткізу есебінен;
- 5) жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару арқылы жүргізіледі

Салық міндеттемесін тоқтатудың негіздері

Жеке тұлғаның салық міндеттемесі:

- 1) қайтыс болғанда;
- 2) күшіне енген сот шешімі негізінде оны қайтыс болды деп жариялағанда;

3) "Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда, тәртіппен және шарттармен тоқтатылады.

Дара кәсіпкердің салық міндеттемесі дара кәсіпкер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметін тоқтатқаннан кейін тоқтатылады.

Заңды тұлғаның салық міндеттемесі:

- 1) таратылғаннан кейін;
- 2) қосылу (қосылған заңды тұлғаға қатысты), бірігу және бөліну жолымен қайта ұйымдастырылғаннан кейін тоқтатылады (ҚР СК 54 б.).

6.3 Тесттік тапсырмалар

1 Салық міндеттемесінің пайда болуының құқықтық негізі болып ... табылады:

- A) салық төлеушінің салықты төлеуге ниеті;
- B) бюджетке салықтың түсуін бақылауға салық органының құқық өкілеттігі;
- C) салық салу сұрақтарын реттеуші нормативтік-құқықтық актілер,
- D) салық салу объектісінің болуы;
- E) салық салу объектісінің болмауы.

2 Салық міндеттемесі бойынша салық төлеуші, салық агенті, салық қызметі органы, банктер кімдер болып табылады?

- A) салық міндеттемесіндегі құқыққа өкілетті тұлғалар;
- B) салық міндеттемесіндегі құқыққа міндеттеуші тұлғалар;
- C) салық міндеттемесіндегі құқыққа үшінші тұлғалар;
- D) салық міндеттемесіндегі құқыққа қатысушылар,
- E) салық міндеттемесіндегі құқыққа тараптар.

3 Салық міндеттемесінде салық төлеушілермен мемлекет кім болып табылады?

- A) несие берушілер;
- B) борышқорлар;
- C) салық міндеттемесіндегі үшінші тұлғалар;
- D) салық міндеттемесінің міндетті емес қатысушылары;
- E) салық міндеттемесіндегі тараптар.

4 Міндетті субъекті жасауы тиіс әрекеттер: салық есебіне тұруға, салық салу есебін жасауға және т.б. – бұл:

- A) салық міндеттемесінің субъектісі;
- B) салық міндеттемесінің объектісі,
- C) салық міндеттемесінің мазмұны;
- D) салық міндеттемесінің пәні;
- E) салық міндеттемесінің құқығының субъектісі.

5 Салық төлеушінің пәнін оның меншігіне беруді мемлекеттің талап ету құқығы және салық төлеушінің осы беруді жүзеге асыру міндеті ... болып табылады.

- A) салық объектісі;
- B) салық міндеттемесінің объектісі;
- C) салық міндеттемесінің мазмұны,
- D) салық міндеттемесінің пәні;
- E) салық құқығының мазмұны.

6 Осы субъектінің міндетін құрайтын әрекеттерді міндеттенуші субъектінің жасауы –бұл:

- A) салық міндеттемесінің тоқтатылуы;
- B) салық міндеттемесінің пайда болуы;
- C) салық міндеттемесінің өзгеруі;
- D) салық міндеттемесінің пәні;
- E) салық міндеттемесінің орындалуы.

7 Салық заңнамасымен бекітілген салықты төлеу мерзімін ауыстыру болып табылады:

- A) салық міндеттемесінің мерзімінің тоқтатылуы;
- B) салық міндеттемесінің мерзімінің пайда болуы;
- C) салық міндеттемесінің мерзімінің өзгеруі,
- D) салық міндеттемесінің мерзімінің пәні;
- E) салық міндеттемесінің мерзімінің орындалуы.

7 САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ

7.1 Салықтық бақылаудың құқықтық негіздері

Салықтық бақылау - Қазақстан Республикасының салық заңнамасы, орындалуын бақылау салық органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасы нормаларының орындалуына салық органдары жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау.

Салықтық бақылау мемлекеттің салықтық қызметінің құрамдас бөлігі болып саналады және салықтық бақылау салық органдары мен тиісті уәкілеттілігі бар басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асыратын мемлекеттік бақылаудың, дәлірек айтсақ қаржылық бақылаудың арнаулы бір түрі болып табылады. Негізінде мемлекеттік салықтық бақылау кең мағынада айтылады.

Осы салықтық бақылау аясындағы мемлекеттің материалдық мүддесі айрықша және айқын көрінісін табады. Өйткені, мемлекет салықтық қатынастардың әрқашанда бір жағында тұратын субъектісі, сондай-ақ қоғамның саяси жүйесінің субъектісі ретінде бақылай отырып тексеріп, тексере отырып қадағалап, салықтардың уактылы жиналуын және олардың толық мөлшерде тиісті бюджеттердің кірістеріне түсуін қамтамасыз етіп, өзінің және қоғамның ақша қаражаттарына деген қажеттілігін қанағаттандырады. Бұл ретте айта кететін тағы бір қызық жәйт, мемлекет қандай болмасын материалдық салықтық құқықтық қатынастардағы тараптың міндетті-тұрақты субъектісі болып саналғанымен, егер салық төлеушімен салық органының арасында белгілі бір дау дамай туындаған жағдайда оны әділ шешуге ат салысатын ара би болып табылады.

Салықтық бақылауды мемлекеттік бақылаудың арнайы түрі мемлекеттік қаржылық бақылаудың ерекше бір түрі деп түсіндіруге болады. Сонымен бірге ол салықтық қызметтің және салық салу саласындағы мемлекеттік басқарудың құрамында да тұрақты көрініс табады.

Салықтық бақылау: салық заңдарының бұзылуы жөніндегі деректерді айқындау; салықтық құқықтық қатынасқа қатысушының өз міндеттерін жеткіліксіз орындағаны туралы деректерді айқындау; кінәлілерді табу және оларды белгіленген заңды жауапкершілікке тарту; салық заңдарының бұзылуын (орындалмауын немесе сапасыз орындалуын) жою; салық

берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу түріндегі шараны қолдану арқылы мемлекеттің материалдық мүддесін қорғау; салық заңдарының бұзылуын болдырмау тәрізді **мақсаттарды** көздейді.

Салықтық бақылау әрқашанда тексеру немесе тексеру мақсатында қадағалау болғандықтан: ақпараттар жинау; ақпараттарды бағалау; жиналған ақпараттар бойынша іс-қимылдар атқару кезеңдері арқылы жүзеге асырылады. Ал салықтық тексерудің өзіне тән кезеңдеріне: тексеруге дайындалу; тексеруді жүргізу; тексеру нәтижелерін жазбаша түрде белгілі бір тәртіпке келтіру; салық заңдарын бұзу көрініс тапқан жағдайда оны жою жөніндегі бұйрық-талаптың атқарылуына бақылау жүргізу жатады.

Салықтық бақылау **субъектілері** салықтық тексеру жүргізуге айрықша құқық берілген мемлекеттің салық органдары болып табылады.

Салықтық бақылау **объектілеріне** өздеріне салық заңдары бойынша заңи міндеттер жүктелген мынадай топтар: салық төлеушілер; мемлекеттің салық агенттері; банктер; салық төлеуші жөніндегі ақпараттарға ие тұлғалар жатады. Салықтық бақылау пәні өздерінің заңи міндеттерін орындау жөніндегі салық төлеушінің іс-қимылы болып табылады.

7.2 Салықтық бақылау түрлері

Салықтық бақылау **тікелей** бақылау және **сырттай** (жанама) бақылау нысанында жүзеге асырылуы мүмкін.

Жүзеге асырылу мерзімі (уақыты) бойынша **алдың-ала** салықтық бақылау, **ағымдағы** салықтық бақылау және **кейінгі** салықтық, бақылау болып бөлінуі ықтимал.

Мемлекеттік биліктің бөлінуі тұрғысынан салықтық бақылау:

- өкілді органдар жүзеге асыратын бақылау;
- атқарушы билік органдары жүзеге асыратын бақылау;
- сот бақылауы болып бөлінуі мүмкін.

Осы орайда айта кететін жәйт, салық салу, салықтық қызмет, салық төлеу мәселелеріне байланысты істерді қарастыратын сот билігі органдары тікелей болмаса да, біршама көлемде салықтық бақылауды жүзеге асырады.

Салықтық бақылау мынадай **әдістермен** жүзеге асырылады:

- 1) салық төлеушілерді тіркеу есебіне алу;
- 2) салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді есепке алу;
- 3) бюджетке түскен түсімдерді есепке алу;
- 4) қосылған құн салығын төлеушілерді есепке алу;
- 5) салықтық тексерулер;
- 6) камеральдық бақылаулар;
- 7) салық төлеушілердің қаржылық-шаруашылық қызметтеріне мониторинг жүргізу;

- 8) фискальдық жады бар бақылау-кассалық машиналарын қолдану;
- 9) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін таңбалау және акциздік постыларды белгілеу;
- 10) мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, бағалау және оны сату тәртібін сақтауды тексеру;
- 11) уәкілетті органдарға бақылау жасау.

Салықтық бақылаудың осындай нысандары мен түрлеріне мынадай сипаттама беруге болады:

1) *салық төлеушілерді тіркеу есебіне қою* — салық төлеушілердің тұрған жерлерін, оларға тиесілі салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерін анықтап, белгілеу, сондай-ақ салық төлеушілерді есепке алу сипатының ағымдағы өзгерістерін тіркеу, салық төлеушілерді салық органында есепке қою болып табылады;

2) *салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді есепке алу* — заң жүзінде белгіленген тәртіптер мен шарттарға сәйкес жүзеге асырылады;

3) *бюджетке түсетін түсімдерді есепке алу* салық органдары тарапынан салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың есептелінген және түскен сомалар бойынша салықтық міндеттемелердің орындалуын салық төлеушінің жеке шотында көрсету жолымен жүзеге асырылады;

4) *қосылған құн салығы бойынша салық төлеушіні есепке қоюды* уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпке сәйкес салық органдары жүзеге асырады. Ал салық төлеушілерді қосылған құн салығы бойынша есепке қою талаптары Салық кодексінің тиісті баптарында айқындалған;

5) *салықтық тексерулер* Қазақстан Республикасының салық заңдарының айтарлықтай деңгейде орындалуын тексеру кезінде жүзеге асырылады;

6) *камеральдық бақылау* салық төлеушілер тапсырған салық есептілігі мен басқа да құжаттарды зерделеу және талдау негізінде салық органдары тікелей жүзеге асыратын бақылау болып табылады, сондай-ақ ол салық органдары орналасқан жерде жүргізіледі;

7) *салық төлеушілердің қаржылық шаруашылық қызметтеріне жүргізілетін мониторинг* салық төлеушілердің нақты салық салынатын базасын айқындау және тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнын қалыптастыру процесінің негізделгеніне талдау жүргізу, Қазақстан Республикасының қаржылық, валюталық заңдарының және қолданылатын рыноктық бағаны сақтау мақсатында салық төлеушілердің қаржылық-шаруашылық қызметтеріне қатысты жан-жақты әрі терендетілген фискальдық байқау жүйесі болып табылады. Республикалық фискальдық мониторингке жататын салық төлеушілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;

8) *фискальдық жады бар бақылау*- кассалық машиналарды қолдану сауда операцияларын жүзеге асыру немесе қолма-қол ақша, банктік төлем карточкасы, чектер арқылы қызмет көрсету кезінде тұтынушылармен есеп айырысуды фискальдық жады бар бақылау-кассалық машинаны міндетті түрде қолдануға және тұтынушының қолына бақылау чегін беруге міндеттейді;

9) *акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлері таңбалау және акциздік постыларды белгілеу* сыраны қоспағанда, спирттің барлық түрлері, алкоголь өнімі, темекі өнімдері және құрамында темекі бар басқа да өнімдер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайлар мен тәртіпке сәйкес акциздік алым таңбаларымен және есептік-бақылау таңбаларымен таңбалануға тиіс;

Акцизделінуге тиіс тауарларды акциздік алым және есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау сол тауарларды дайындаушылар мен импорттаушылардың мойнына жүктелген. Сонымен қатар, салық органдары уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіп негізінде акцизделетін тауарларды ендіруді жүзеге асыратын салық төлеушінің аумағында акциздік постылар белгілейді;

10) *мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу*, бағалау және сату тәртібін сақтауды тексеру салық органы тарапынан мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және өткізу (сату) тәртібін сақтауға, сондай-ақ оны сатудан түскен ақша қаражаттарының бюджетке толығымен және уактылы түсуіне жасалынатын бақылау болып табылады. Мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және өткізу (сату) тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді;

11) *уәкілетті органдарға бақылау жасау* бюджетке төленетін басқа (салықтардан басқа) міндетті төлемдердің дұрыс есептеліп шығарылуы, толығымен алынуы және уактылы аударылуы жөніндегі мәселелер бойынша салық органдары тарапынан уәкілетті органдарға жасалынатын бақылау болып табылады.

Салықтық, бақылау салықтық қатынастардың сипатына қарай **материалдық және ұйымдастырушы** болып бөлінеді.

Салықтық бақылауды **құжаттық салықтық тексеру және сандық-сапалық салықтық тексеру** деп бөлуге болады. Құжаттық тексеру жаппай немесе іріктеп тексеру тәсілдерінің көмегімен жүзеге асырылады. Құжаттық тексерудің нәтижесі жазбаша акті түрінде көрініс табады.

Салықтық бақылаудың маңызы, тексеру кезінде, біріншіден, салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің бюджетке толығымен және уактылы түсіп отыруын тексеру болса, екіншіден, салықтарды алу (төлеу) процесіндегі заңдылықтың сақталуын, салықтардың, салықтық қызметтердің негізділігін және тиімділігін, сондай-ақ олардың қоғам, мемлекет және салық төлеуші мүдделеріне сай жүргізілуін тексеру, үшіншіден осы салық салу саласындағы

субъектілер тарапынан салықтық құқық бұзушылықты болдырмау, ал тексеру барысында мұндай жайлар анықталған болса жауапкершілік қолдану үшін тексеру жүргізу болып табылады.

Салықтық бақылаудың негізгі әдісі салық төлеушілердің құжаттарын тексеру болып табылады. Заңды тұлғаларды құжаттық тексеру салық қызметі органдарының жылдық жұмыс жоспарларына, сондай-ақ тоқсандық тексеру графиктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Жоғарыда айтып өткеніміздей құжаттық тексеру кезінде-бағалы қағаздар, сметалар, есептеулер, жалақы төлеу тізімдері, шоттар, әртүрлі ордерлер мен чектер және т.б. толық қарастырылып, жан-жақты тексеріледі.

Салықтық тексерулер де тек салық органдары тарапынан ғана жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының салық заңдарын тексеру болып табылады. Салықтық тексерулердің мынадай:

- 1) құжаттық тексеру;
- 2) рейдтік тексеру;
- 3) хронометраждық қарап-тексеру сияқты түрлері болады.

Осы салықтық тексерулерді жүргізу тәртібі, мерзімдері, кезенділігі және түрлері заң жүзінде қатан белгіленген.

Салықтық тексерулер мына келесідей кезенділіктерді сақтай отырып:

- 1) жылына бір реттен жиі емес кезеңде — кешенді түрде;
- 2) салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің белгілі бір түрі бойынша жарты жылда бір реттен жиі емес кезеңде — тақырыптық тексеру түрінде жүзеге асырылады.

Салықтық тексерулер әмірлі **нұсқамалар** негізінде жүргізіледі және осы нұсқамада мына реквизиттер міндетті түрде бөлуы керек:

- 1) нұсқаманың салық органында тіркелген күні мен нөмірі;
- 2) нұсқаманы берген салық органының аталуы;
- 3) салық төлеушінің толық аталуы;
- 4) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 5) тексерудің түрі;
- 6) тексеруші тұлғалардың лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты;
- 7) тексеру жүргізілетін мерзім;

8) құжаттық тексерулер кезінде тексерілетін салық кезеңі. Мемлекеттік салықтық бақылаудың бір нысаны болып табылатын құжаттық тексеру өзіне орай кешенді, тақырыптық және қарсы тексеру түрлерінде жүзеге асырылады.

Кешенді тексеру салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлері бойынша салықтық міндеттемелердің орындалуын тексеру болып табылады.

Тақырыптық тексеру салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің жекелеген түрі бойынша салықтық міндеттеменің орындалуына қатысты жүргізіледі.

Қарсы тексеру салықтық тексеруді жүзеге асыру кезінде салық органында салық төлеушілер жүргізген операциялардың салық есебінде дұрыс көрініс тапқаны туралы қосымша акпарат алу қажеттілігі туындаған жағдайда, салық төлеушілермен байланыста болған үшінші бір тұлғаларға қатысты жүргізілетін тексеру болып саналады.

Рейдтік тексеру салық органдары тарапынан жекелеген салық төлеушілерге қатысты жүзеге асырылады. Рейдтік тексеруді жүргізу барысында Қазақстан Республикасы заңдарының мынадай жекелеген:

- 1) салық төлеушілердің салық органдарында тіркеу есебіне қойылуы;
- 2) фискальдық жады бар бақылау-кассалық машиналардың дұрыс қолданылуы;
- 3) лицензияның және өзге де рұқсат ету құжаттарының бөлуы;
- 4) акцизделетін өнімді өндіру, сақтау және сату сияқты талаптардың сақталуы жөніндегі мәселелері тексеріледі.

Уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тәртіп негізінде жүргізілетін *хронометраждық қарап-тексеру* барысында көзделінетін мақсат салық төлеушінің нақты табысын және осы табысты алуға байланысты шығындарын анықтау болып табылады.

Салық төлеушілерге берілетін әмірлі нұскамаларда көрсетілетін салықтық тексерулерді жүргізу мерзімі осы нұсқама тапсырылған кезден бастап отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғаға қатысты салықтық тексеру жүргізу кезінде осы салықтық тексерудің мерзімі салық органы тарапынан алпыс жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Ерекше күрделі мәселелерді тексеру кезінде салықтық тексеру жүргізудің мерзімі жоғары тұрған салық органы тарапынан құрылымдық бөлімшесі жоқ заңды тұлғаға қатысты елу жұмыс күніне дейін және құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлға үшін сексен жұмыс күніне дейін арттырылуы ықтимал.

Рейдтік тексеру жүргізу негізіндегі нұсқамада тексерілетін аумақтың учаскесі, тексеру барысында анықталуға тиіс мәселелер мен заңда көзделген басқа да мәліметтер көрсетіледі.

Ал тақырыптық немесе қарсы тексерулер белгіленген кезде оның негізі болып табылатын нұсқамада салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің тексерілетін түрі көрсетіледі.

Бір нұсқаманың негізінде тек бір ғана салықтық тексеру жүргізіледі. Салық органының бірінші басшысының (кейде оның орынбасарларының) қолы қойылып, сол органның елтаңбалық мөрі басылған нұсқама тексеру жүргізу алдында уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпке сәйкес арнаулы журналда тіркелуге тиіс.

Сонымен, осындай тәртіппен ресімделген нұсқаманы салық төлеушіге немесе салық агенттеріне табыс ету сәті салықтық тексеру жүргізудің басталғанын білдіреді. Рейдтік тексеру жүргізу кезінде салықтөлеушіге

нұсқаманың көшірмесі, ал басқа тексеру түрлері жүргізілетін кезде нұсқаманың түпнұсқасы табыс етіледі.

Нақты салықтық тексерулер бойынша салық төлеушілерге тиісті нұсқамалардың табыс етілуі сол тексерулердің басталғанын білдіретін болса, ал салықтық тексеру актісі салық төлеушіге тапсыру сәті белгілі бір салықтық тексеру мерзімінің аяқталғанын көрсетеді.

Салық органының лауазымды адамы:

- 1) салықтық тексеру жүргізілген орын мен акті жасалған күнді;
- 2) тексерудің түрін;
- 3) салықтық тексеруді жүргізген салық органының лауазымды адамдарының тегін, атын және әкесінің атын;
- 4) салық төлеушінің және салық агенттерінің тегін, атын, әкесінің атын не болмаса толық аталуын;
- 5) салық төлеушінің және салық агентінің орналасқан жерін, банктік реквизиттерін, сондай-ақ тіркеу нөмірлерін;
- 6) салық төлеушінің салықтық және бухгалтерлік есептілікті жүргізуге және салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге жауапты басшысының және лауазымды адамдарының тегін, атын және әкесінің атын;
- 7) алдында жүргізілген тексерулер мен Қазақстан Республикасының салықтық заңдарының бұзылуы жөнінде бұрын анықталған жайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы мәліметтерді;
- 8) тексерілетін салық кезеңі мен тексеру жүргізу үшін салық төлеуші және салық агенті табыс еткен құжаттар туралы жалпы мәліметтерді;
- 9) Қазақстан Республикасының салықтық заңдарының тиісті нормасына сілтеме жасай отырып салықтық құқық бұзушылықтың тәптіштеп баяндалған сипаттамасын;
- 10) Салықтық тексерулердің нәтижелерін көрсете отырып салықтық тексерудің аяқталғанын білдіретін салықтық тексеру актісін жасайды.

Салықтық тексеру актісі екі данадан кем болмайтындай етіп жасалынып, оған салықтық тексеру жүргізген салық органы лауазымды адамдарының қолы қойылады, сондай-ақ оның бір данасы салық төлеушіге не болмаса салық, агентіне табыс етіледі.

Сонымен, салықтық бақылау-тексерулер салық салынатын базаны дұрыс қалыптастыруды және олардан төленілетін салықтардың мөлшерін дұрыс есептеп шығаруды шаруашылық субъектілеріне міндеттейтін мемлекеттік билік-ықпалының маңызды элементі болып саналады. Салықсалу аясында жүзеге асырылатын мемлекеттік салықтық бақылау мемлекеттік қаржылардың проблемаларын жоғары деңгейде шешудің басты тәсілі болып табылады. Демек, республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттердің фискальдық мүделерін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік салықтық бақылау салықтық бақылау-тексерулерді және фискальдық мониторингті жүзеге асыруға құқылы уәкілетті мемлекеттік

органдар мен салық органдарының жүйесін, құзыреттерін, салықтық бақылаудың нысандары мен түрлерін, сондай-ақ салықтық тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайтын салықтық құқықтың жалпы бөлімінің институты болып табылады.

7.3 Тесттік тапсырмалар

1 Салық бақылауының құқықтық негіздері – бұл:

- A) салық құрылымының құқықтық негіздері;
- B) Салық бақылауы органның жүйесін және құзыретін анықтайтын, сондай-ақ салық бақылауын жүргізу тәртібі және тәсілін, нысанын анықтатын салық құқықтың жалпы бөлімінің институты,
- C) салық жоспарлаудың құқықтық негіздері;
- D) салық міндеттеменің құқықтық негіздері;
- E) салық бақылауының құқықтық негіздері.

2 Салық бақылауының субъектілерін атаңыз:

- A) салық төлеушінің заңды өкілдері;
- B) салық төлеушінің өкілдері;
- C) мемлекеттің салық қызметі органдары, сондай-ақ салық заңнамаларында қарастырылынған жағдайларда және өз құзырлығы шегінде кеден органдары,
- D) салық агенттері, жиналушылар;
- E) банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асырушы банктер және ұйымдар және салық бақылауы үшін, салық заңнамаларын міндеттер жүктелген өзге де тұлғалар.

3 Салық төлеушілер, салық агенттері, салық жиналушылар, банк операцияларын жеке түрлерін жүзеге асырушы банктер мен ұйымдар және бақылуы үшін, салық заңнамаларын міндеттер жүктелегн өзге де тұлғалар элемент ретінде, салық бақылуына не болып табылады?

- A) салық бақылуының субъектілері;
- B) салық бақылуының объектісі,
- C) салық құқықтық қатынастарының қатысушылары;
- D) салық міндеттемесінің қатусышылары;
- E) салық міндеттемесінің объектілері.

4 Салық бақылауының объектілерін атаңыз:

- A) экономикалық қылмыстармен күрес жөніндегі бөлімше;
- B) әскери қызметшілер;

С) мемлекеттің салық қызметі органдары, сондай -ақ салық заңнамаларында қарастырылған да және өз құзырлығы шегінде, кеден органдары;

Д) салық агентті, салық жинаушылар, банк операцияларың жеке түрлерін жүзеге асырушы банктер мен ұйымдар және салық бақылуы үшін, салық заңнамаларын міндеттер жүктелгенн озге де тұлғалар салық бақылуы үшін,

Е) қаржы полиция органдары.

5 Салық бақылуы жүзеге асырылатын тәсілдер мен әдестер-бұл:

А) салық құқық қатынастарды реттеу әдістері;

В) салық қызметінің әдістері;

С) салық құқығын әдістері;

Д) салық бақылуының әдістері,

Е) қаржы құқығын әдістері.

6 Төменде көрсетілген салық бақылауының пәні болып табылмайтынын көрсетініз:

А) салық төлеушілерді есепке алу,

В) салық төлеудің өз уақыттылығы;

С) салық тың аударылуының дурыстығы;

Д) салық төлеудің толынықтылығы;

Е) сылық төлеудің заңдылығы.

7 Бақылау объектісінің өзінде жүргізілетін,тексеруші тұлғалар салық есебіне қатысты бастапқы құжаттарды оқитын және талдайтын салық бақылаудың түрін айтыңыз:

А) тура салық бақылауы,

В) жанама салық бақылауы;

С) алдынала салық бақылауы;

Д) бастапқы салық бақылауы;

Е) кезекті салық бақылауы.

8 Бақылау субъектісі мен объектісі тура жүргізілгенде қатыспайтын, және бақылау сырттай сиратқа ие, салық бқылауың түрін анықтаныз:

А) тура салық бақылауы;

В) жанама салық бақылауы,

С) алдын ала салық бақылауы;

Д) ағымды салық бақылауы;

Е) соңғы (кезекті) салық бақылауы.

9 Салық салумен байланысты қандай да бір қаржылық іс- шара жасау алдында жүргізілетін, салық бақылауы түрін анықтаныз:

- A) тура салық бақылауы;
- B) жанама салық бақылауы;
- C) алдын ала салық бақылауы,
- D) ағымды салық бақылауы;
- E) соңғы (кезекті) салық бақылауы.

10 Қандай да бір қаржылық – шаруашылық операцияның өндірісі барысында жүзеге асырылатын, салық бақылауың түрін анықтаныз:

- A) тура салық бақылауы;
- B) жанама салық бақылауы;
- C) алдын ала салық бақылауы;
- D) ағымды салық бақылауы,
- E) соңғы (кезекті) салық бақылауы.

11 Осы немесе өре салық міндетін орындауға арналған мерзім өткен соң жүзеге асыратын, салық бақылауың түрін анықтаныз:

- A) тура салық бақылауы;
- B) жанама салық бақылауы;
- C) алдын ала салық бақылауы;
- D) ағымды салық бақылауы;
- E) соңғы (кезекті) салық бақылауы.

12 Өзінің орындалу уақыты бойынша бөлінетін салық бақылауың түрін көрсетініз:

- A) алдын ала, ағымды, соңғы (кезекті) салық бақылауы,
- B) жанама, тура салық бақылау;
- C) бастапқы және соңғы салық бақылау;
- D) алдын ала және соңғы салық бақылау;
- E) бастапқы, ағымды, кезекті салық бақылау.

ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

8 САЛЫҚТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІ

8.1 Корпоративтік табыс салығы

Корпоративтік табыс салығының төлеушілерге:

- 1) Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары;
- 2) Қазақстан Республикасындағы қызметтерін тұрақты мекемелері арқылы жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алатын резидент емес заңды тұлғалар – салық төлеушілер жатады.

Корпорациялық табыс салығының **объектілері:**

- 1) Салық салынатын табыс;
- 2) Төлем көзінде салық салынатын табыс;
- 3) Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы болып табылады.

Салық салынатын табыс. Салық кодексінің тиісті баптарында көзделген жәйттерге орай, жылдық жиынтық табыс пен одан жасалынған шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Жылдық жиынтық табыс салық төлеушінің салық кезеңі ішінде тапқан табыстарының барлық түрлерін, соның ішінде: 1) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін табыстарды; 2) үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтерді өткізу кезіндегі қтт сұн өсімінен түсетін табысты т.б. алынған табыстардың шығыстардан артығын қамтиды.

Салық кезеңі. Корпоративтік табыс салығы үшін 1 қаңтар - 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл салық кезеңі болып табылады. Егер заңды тұлға күнтізбелік жыл басталғаннан кейін құрылған болса, құрылған күнінен бастап күнтізбелік жылдың соңына дейінгі уақыт кезеңі ол үшін бірінші салық кезеңі болып табылады. Бұл ретте заңды тұлғаның әділет органында мемлекеттік тіркелген күні оның құрылған күні болып есептеледі.

Егер заңды тұлға күнтізбелік жылдың соңына дейін таратылған, қайта ұйымдастырылған болса, жыл басталғаннан бастап тарату, қайта ұйымдастыру аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі ол үшін соңғы салық кезеңі болып табылады.

Егер **күнтізбелік жыл** басталғаннан кейін құрылған заңды тұлға осы жылдың соңына дейін таратылған, қайта ұйымдастырылған болса, құрылған күнінен бастап тарату, қайта ұйымдастыру аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі ол үшін салық кезеңі болып табылады.

Салық декларациясы. Қазақстан Республикасындағы көздерден тек қана төлем көзінен салық салуға жататын табыстар алатын және Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырмайтын

резидент еместі қоспағанда, корпоративтік табыс салығын төлеуші, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны орналасқан жеріндегі салық органына есептік салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей табыс етеді.

Салық төлеушілер корпорациялық табыс салығын төлеуді Салық кодексінің тиісті бабында белгіленген тәртіпке сәйкес салық кезеңі ішінде аванстық төлемдерді енгізу жолымен жүзеге асырады және сол төленілетін аванстық төлем сомаларын салық кезеңі ішінде тең үлестермен төлейді.

Салықтық кезеңі ішінде төленетін корпорациялық табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомаларын салық төлеуші ағымдағы салық кезеңі үшін корпорациялық табыс салығының болжамды сомасын негізге ала отырып, бірақ егер осы бапта өзгеше көзделмесе, өткен салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебіндегі аванстық төлемдердің орташа айлық есептелген сомаларынан кем емес етіп есептеп шығарады.

Өткен салық кезеңі үшін корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілген іс жүзіндегі салық міндеттемесінің сомасы өткен салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебіндегі аванстық төлемдер сомаларынан асып кеткен кезде, салық төлеуші өткен салық кезеңі үшін корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілген іс жүзіндегі салық міндеттемесі мөлшерін негізге ала отырып, декларация тапсырғаннан кейінгі кезең үшін аванстық төлемдер сомаларын есептеуге міндетті.

Егер 147 баптың 2-тармағында өзгеше көзделмесе, салық төлеушінің Салық кодексінің 133-бабында көзделген табыстар мен шығыстар сомасына және Салық кодексінің 137-бабында белгіленген тәртіппен ауыстырылатын залалдары сомасына азайтылған салық салынатын табысы 20 проценттік мөлшерлеме бойынша салық салуға жатады.

Ауыл шаруашылығы өнімін, омарта шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалардың Салық кодексінің 133-бабында көзделген табыстар мен шығыстар сомасына және Салық кодексінің 137-бабында белгіленген тәртіппен ауыстырылатын шығындар сомасына азайтылған салық салынатын табысы, егер мұндай табыс ауыл шаруашылығы өнімін, омарта шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, сондай-ақ өзі өндірген аталған өнімді қайта өңдеу мен өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудан алынса, 10 пайыздық мөлшерлеме бойынша салық салынуға жатады.

Бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы, бұл салықты төлем көзі ұстағанын растайтын құжаттар болған кезде ұтыс, сыйақы, дивидендтер түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасына азайтылады.

Әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымға, депозиттер бойынша сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы бойынша коммерциялық емес ұйымға қолданылмайды.

Егер сыйақы, дивидендтер түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы есептелген корпоративтік табыс салығының сомасынан артық болса, табыс көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы мен бюджетке төленуге жататын, есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы арасындағы айырма кейінгі он салық кезеңін қоса алғандағы кезеңге ауыстырылады және осы салық кезеңдерінің бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомаларын бірте-бірте азайтады.

Салық төлеушілер корпоративтік табыс салығын төлеуді орналасқан жері бойынша жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар корпоративтік табыс салығын төлеуді тұрақты мекеменің орналасқан жері бойынша жүргізеді.

Салық кезеңі ішінде бюджетке енгізілген аванстық төлемдер сомасы есепті салық кезеңі үшін корпоративтік табыс салығы жөніндегі декларация бойынша есептелген корпоративтік табыс салығын төлеу есебіне есепке жатқызылады.

Салық төлеуші салық кезеңінің қорытындысы бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша төлемді декларация табыс ету үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік **он күннен** кешіктірмей жүзеге асырады.

8.2 Жеке табыс салығы

Жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салық отандық құқықтың барлық тарихи даму кезеңдерінде үзілмей алынып келе жатқан дәстүрлі, негізгі және тікелей салық болып табылады.

Осы жеке табыс салығын төлеушілерге төлем көзінде салық салынатын және салық салынбайтын табыстары бар жеке тұлғалар жатады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы аумағындағы табыс кездерінен пайда, түсім алатын резидент емес жеке тұлғалар да жеке табыс салығы бойынша салықты есептеп төлеуді жүзеге асырады және салық декларациясын табыс етеді.

Жеке табыс салығын салу объектілері:

- 1) төлем көзінде салық салынатын табыстар;
- 2) төлем көзінде салық салынбайтын табыстар болып табылады.

Осы орайда ескеретін жәйт, Салық кодексінің 144-бабында айтарлықтай көлемде жеке тұлғалардың салық салынуға жатпайтын табыстарының түрлері белгіленген,

Жеке табыс салығын алу салық салудың прогрессивтік типіне негізделеді.

Жеке табыс салығын төлеушінің салық жылы ішіндегі салық салынатын табыстарына мынадай:

1) 15 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін — салық салынатын табыс сомасынан 5 проценттік ставка бойынша;

2) 15 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен 40 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін — 15 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен алынатын салық сомасы + одан асатын сомадан 8 проценттік ставка бойынша;

3) 40 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен 200 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін — 40 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен алынатын салық сомасы + одан асатын сомадан 13 проценттік ставка бойынша;

4) 200 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен 600 еселенген жылдық есептік көрсеткішке дейін — 200 еселенген жылдық есептік көрсеткіштен алынатын салық сомасы + одан асатын сомадан 15 проценттік ставка бойынша;

5) 600 еселенген жылдық, есептік көрсеткіш және одан жоғары болса — 600 еселенген жылдық, есептік көрсеткіштен алынатын салықсомасы + одан асатын сомадан 20 проценттік ставка бойынша салық салынады.

Қызметкерлердің Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңында белгіленген, жылына ең, төменгі жалақының, 12 еселенген мөлшерінен аспайтын жалақысының төлем кездерінен салық салынатын кірістеріне, қызметкерлердің тоқсан ішіндегі орташа айлық кірісі ең төменгі жалақы мөлшерінен аспайтын жағдайда «оң ставкасы бойынша салық салынуға тиіс.

Жеке тұлғалардың дивидендтер, сыйақылар және ұтыстар түріндегі табыстарына 15 проценттік ставка бойынша салық салынады. Ал адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстарына 10 проценттік ставка бойынша салық салынады.

Жеке табыс салығын төлеушінің төлем көзінде салық салынатын табыстарына:

- 1) қызметкердің табысы;
- 2) біржолға төлемдерден алынған табыс;
- 3) жинақтаушы зейнетақы қорларынан берілетін зейнетақылық төлемдер;
- 4) дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс;
- 5) стипендиялар;
- 6) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табысы жатады.

Салық агенттері жеке табыс салығы жөніндегі есеп-қисапты салық төленетін жер бойынша салық органына есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей табыс етеді.

Өз қызметтерін мемлекеттің материалдық мүддесін көздей отырып жүзеге асыратын салық агенттері жеке табыс салығын есептеуді және ұстап калуды салық салынатын табысты төлем кезінде төлеген күннен кешіктірмей жүргізеді. Осы төлем көзінде ұсталынған жеке табыс салығының сомасын

салық агенттері есепті айдың табысын төлеудің соңғы күнінен кейінгі бес жұмыс күні ішінде салық төлеушілер тұратын жер бойынша бюджетке енгізуді жүзеге асырады.

Жеке табыс салығын төлеушінің төлем көзінен салық ұсталынбайтын табыстарына:

- 1) мүлiктік табыс;
- 2) жеке кәсіпкердiң салық салынатын табысы;
- 3) адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы;
- 4) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегi көздерден алынған

табыстар жатады.

Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген нысан бойынша жеке табыс салығы жөнiндегi декларацияны мынадай салық төлеушілер-резиденттер:

- 1) төлем көзінде салық салынбайтын табыстары бар;
- 2) тұрғын үй салуды және осы құрылысқа қажетті құрылыс материалдарын сатып алуды қоспағанда, салық жылында **2000 айлық** есептік көрсеткіштен артық сомаға біржолғы сатып алуды жүзеге асырғандар;
- 3) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерден табыстар алатын жеке тұлғалар;
- 4) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан шетелдік банктердегі шоттарда ақшалары бар жеке тұлғалар;
- 5) Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, судьялар;
- 6) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң актілеріне сәйкес декларация беру жөнінде міндеттеме жүктелген адамдар;
- 7) Салық кодексінің 144-бабы 1-тармағының 12)тармақшасында көрсетілген, табыстары олар үшін белгіленген шектен асып кеткен жеке тұлғалар табыс етеді,

Сонымен, жеке табыс салығы бойынша декларация салық төлеушінің есепке тіркелген жеріндегі салық органына салық, жылынан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей табыс етіледі.

Резидент еместің қызмет кезеңі тұрақты мекеме құру үшін белгіленген мерзімнен асып кеткен, жағдайда ол Қазақстан Республикасындағы қызметін жүзеге асырған кезден бастап салық агенті болып танылады.

Төлем көзінде алынатын салықты, табыс төлемін жүзеге асырудың нысаны мен орнына карамастан, салық агенті ұстайды.

8.3 Қосылған құн салығы

Қосылған құн салығы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру және олардың айналысы процесінде қосылған, оларды өткізу бойынша салық салынатын айналым құнының бір бөлігін бюджетке

аударуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы тауарлар импорты кезіндегі аударымды білдіреді.

Мыналар:

1) Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне тұрған мынадай тұлғалар:

- дара кәсіпкерлер;
- мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, резидент – заңды тұлғалар;
- қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер;
- сенімгерлікпен басқару құрылтайшыларымен не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушылармен сенімгерлікпен басқару шарттары бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымды жүзеге асыратын сенімгерлікпен басқарушылар;

2) Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды импорттаушы тұлғалар қосылған құн салығын төлеушілер болып табылады.

Салық салу объектілері

- 1) салық салынатын айналым;
- 2) салық салынатын импорт қосылған құн салығы салынатын объектілер болып табылады.

Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес декларациялануға жататын, Кеден одағының аумағына әкелінетін немесе әкелінген тауарлар (осы Кодекстің 255-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылғандарын қоспағанда) салық салынатын импорт болып табылады.

Қосылған құн салығынан босатылған, өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымдар

Өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылатын мынадай тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді:

- 1) почта төлемақысының мемлекеттік белгілерін;
- 2) акциздік маркаларды;
- 3) уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асыратын, соларға байланысты мемлекеттік баж алынатын қызмет көрсетулерді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет мұқтаждары үшін сатып алынған мүлікті;

4-1) СК 396-бабы 2-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген жылжымайтын мүлікті және осындай мүлік орналасқан жер учаскелерін;

4-2) СК 396-бабы 2-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген жылжымайтын мүлікті және осындай мүлік орналасқан жер учаскелерін мүліктік жалдау (жалға беру) шарттары бойынша уақытша иелік етуге және пайдалануға беру бойынша көрсетілетін қызметтерді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекемелерге немесе мемлекеттік кәсіпорындарға өтеусіз негізде берілетін негізгі құралдарды, жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияларды, материалдық емес және биологиялық активтерді;

6) жерлеу бюроларының салт-жора қызмет көрсетулерін, зираттар мен крематорийлердің қызмет көрсетулерін;

7) лотерея билеттерін, түбіртектерді немесе өзге де құжаттарды тарату жөнінде көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, лотерея билеттерін, түбіртектерді немесе өзге де құжаттарды;

8) төлем қарточкаларымен және электрондық ақшамен жасалатын операциялар бойынша есеп-қисаптарды қатысушыларға жинау, өңдеу және таратып беру жөнінде қызмет көрсетулерді қоса алғанда, есеп-қисаптарға қатысушылар арасында ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулерді;

9) Қазақстан Республикасының кеден аумағына "Қазақстан Республикасының кеден аумағында тауарларды қайта өңдеу" кеден режимінде әкелінген тауарларды қайта өңдеу және жөндеу жөніндегі қызмет көрсетулерді;

Салық кезеңі. аКүнтізбелік тоқсан қосылған құн салығы бойынша салық кезеңі болып табылады.

Салық декларациясы. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығы жөніндегі декларацияны орналасқан жері бойынша салық органына есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-нен кешіктірмей әрбір салық кезеңі үшін табыс етуге міндетті.

Қосылған құн салығы бойынша декларацияны табыс ету жөніндегі міндеттеме Салық кодексінің 228-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою жүргізілмеген тұлғаларға қолданылмайды.

Қосылған құн салығын төлеу мерзімі. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, қосылған құн салығын төлеуші бюджетке төленуге жататын салықты орналасқан жері бойынша есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей, әрбір салық кезеңі үшін төлеуге міндетті.

СК 571-бабының 1 және 4-тармақтарына сәйкес қосылған құн салығын төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарған жағдайда, қосылған құн салығы бойынша тарату декларациясында көрсетілген қосылған құн салығын төлеу қосылған құн салығын төлеушінің салық органына осындай декларацияны табыс еткен күнінен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей, оның орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

Егер қосылған құн салығы бойынша тарату декларациясы табыс етілген салық кезеңінің алдындағы салық кезеңі үшін табыс етілген, қосылған құн салығы бойынша декларацияда көрсетілген осындай салықты

төлеу мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталған жағдайда, салықты төлеу салық органына тарату декларациясы табыс етілген күннен бастап күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында кедендік төлемдерді төлеу үшін айқындалатын күні төленеді.

8.4 Акциздер

Акциздер нарықтық экономикасы дамыған елдерде кеңінен таралған салық түріне жатады. Акциздер кебінесе мұнай өнімдерін өндіруден және сатудан, белгілі бір тауардың салмақ өлшемінен немесе физикалық көлемінен, спирттік ішімдіктер мен темекі өнімдерінен, сән-салтанат заттарын (бұйымдарың), сирек кездесетін өте дәмді тағамдарды және т.б. сатудан түскен пайдадан немесе құнынан алынады. Акциздер өзінің экономикалық және құқықтық табиғатына қарай жанама салықтар қатарына жатқанымен жанама салықтың тағы бір түрі қосылған құн салығымен салыстырғанда өзіне тән елеулі ерекшеліктерімен айрықшаланады.

Мәселен, қосылған құн салығы әрбір өндіру және сату (өткізу) процесінде алынса, акциз тек акцизделінетін тауарды өндірушіден бір-ақ рет бюджетке алынады, ал қалған уақытта оны төлеу тауарларды тұтынушылардың (сатып алушылардың) иығына жүктеледі. Акциздер негізінен халық тұтынатын жаппай сұранысқа ие тауарлар мен сән-салтанат заттарының бағасына немесе көрсетілетін қызметтің тарифіне қосылатындықтан өзіне тән фискальдық функциясына қоса әлеуметтік функцияны жүзеге асырады.

Акциздер салық салу объектілері мен төлеушілеріне байланысты мынадай түрлері:

- 1) халық тұтынатын жаппай сұранысқа ие тауарларға салынатын акциздер;
- 2) табиғи-минералдық шикізаттар мен қайта өңдеу өнімдеріне салынатын акциздер;
- 3) кеден аумақтарында алынатын акциздер бойынша топтастырылады.

Осы орайда ескеретін тағы бір жәйт, қосылған құн салығы (жанама салық ретінде) тауар құнының белгілі бір белігіне ғана салынса, акциздер нақты тауарлардың (тауар бағасына қосылғандықтан) толығымен алғандағы құнына салынады.

Аталмыш акциздер бойынша төлеушілерге:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарлар шығаратын;
- 2) акцизделген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын;

3) Қазақстан Республикасының аумағында бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме, бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын;

4) егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында аталған тауарлар бойынша бұрын акциз төленбеген болса, тәркіленген, иесіз, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және Қазақстан Республикасының аумағында мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарларды өткізуді жүзеге асыратын;

5) егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында аталған тауарлар бойынша бұрын акциз төленбесе, СК 279-бабында аталған акцизделетін тауарлардың мүлктік массасын өткізуді жүзеге асыратын;

6) СК 279-бабының 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды жинауды (жинақтауды) жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар акциз төлеушілер болып табылады.

Кәсіпкерлік қызмет мақсатында Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан акцизделетін тауарларды импорттайтын жеке тұлғалар да акциздерді төлеушілер болып табылады.

Акцизделетін тауарлар тізбесі

Мыналар акцизделетін тауарлар болып табылады:

1) спирттің барлық түрлері;

2) алкоголь өнімі;

4) темекі бұйымдары;

4-1) қыздырылатын темекісі бар өнімдер, электрондық сигареттерде пайдалануға арналған құрамында никотин бар сұйықтық;

5) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны;

6) микроавтобустарды, автобустар мен троллейбустарды қоспағанда, 10 немесе одан да көп адам тасымалдауға арналған, двигателінің көлемі 3000 текше сантиметрден асатын моторлы көлік құралдары;

- двигателінің көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, адамдар тасымалдауға арналған жеңіл автомобильдер және өзге де моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа);

- двигателінің көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, жүкке арналған платформасы және жүк бөлігінен қатты стационарлық қабырғамен бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңіл автомобиль шассиіндегі моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа);

7) шикі мұнай, газ конденсаты;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирт бар медициналық мақсаттағы өнім.

Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындайды.

Акциз мөлшерлемелері заттай нысандағы өлшем бірлігіне абсолюттік сомада (тұрлаулы) белгіленеді.

Алкоголь өніміне акциздер мөлшерлемесі су араластырылмаған (жүз пайыздық) спирттің бөлу көлеміне байланысты бекітіледі.

Спирттің барлық түріне және шарап материалына акциз мөлшерлемелері спирттің және шарап материалының бұдан әрі пайдаланылу мақсаттарына қарай сараланады.

Акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы өндірілген, өткізілген акцизделетін тауарлардың зат түріндегі көлемі (саны) ретінде айқындалады.

Акциз төлеу мерзімдері. Акцизделетін тауарларға арналған акциз есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей бюджетке аударылуға жатады. Алыс-берістік шикізат пен материалдардан өндірілген акцизделетін тауарлар бойынша акциз өнімді тапсырыс берушіге немесе тапсырыс беруші көрсеткен тұлғаға берілген күні төленеді. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шикі мұнайды, газ конденсатын өнеркәсіптік қайта өңдеуге беру кезінде акциз олар берілген күні төленеді. Шарап материалын, сыраны және сыра сусынын қоспағанда, акцизделетін тауарларға акциз есепке алу-бақылау маркаларын алғанға дейін төленеді.

Салық органдарының тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштегі Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталған акцизделетін тауарлар бойынша акциздің төлену фактісін тиісті белгіні қою жолымен растауы не растаудан уәжді бас тартуы уәкілетті орган көздеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) мен дизель отынын көтерме, бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын акциз төлеушілер акцизді салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша төлейді.

Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан акцизделетін тауарлар импортталған жағдайда акцизді төлеу акциз төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша жүргізіледі.

8.5 Экспортқа рента салығы

Экспортталатын шикі мұнай мен газ конденсатына салынатын рента салығын шартты түрде салықтық сипаты бар табиғат ресурстары үшін төленетін төлемдердің қатарына жатқызуға болады.

Салық заңнамасында көрсетілген келісімшарттың шеңберінде өндірілген шикі мұнай, газ конденсаты көлемін экспорттайтын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, шикі мұнайды, газ конденсатын, көмірді

экспортқа өткізетін жеке және заңи тұлғалар экспортқа рента салығын төлеушілер болып табылады.

Рента салығын салу объекті экспортқа өткізілетін шикі мұнайдың, газ конденсатының, көмірдің көлемі болып табылады. Экспортқа нақты өткізілетін шикі мұнай, газ конденсаты бойынша шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі және салық заңнамасында белгіленген тәртіппен есептелген әлемдік баға негізінде есептелген экспортталатын шикі мұнайдың, газ конденсатының құны экспортқа рента салығын есептеу үшін салық базасы болып табылады.

Экспортқа іс жүзінде өткізілетін көмірдің көлемін негізге ала отырып есептелген экспортталатын көмірдің құны көмір бойынша экспортқа рента салығын есептеу үшін салық базасы болып табылады.

Экспортқа салынатын рента салығын төлеудің ақшалай нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шикі мұнай, газ конденсаты жөніндегі шешімі бойынша уәкілетті мемлекеттік орган мен салық төлеуші арасында жасасқан қосымша келісіммен белгіленген тәртіппен натуралдық нысанға ауыстырылуы мүмкін.

Рента салығының мөлшерлемелері бұл өнімнің әлемдік бағасына қарай 0%-дан (бір баррель үшін 20 АҚШ долларынан төмен баға кезінде) 32%-ға дейін (бір баррель үшін 200 және одан жоғары баға кезінде) белгіленеді - барлығы 19 сараланған мөлшерлемелер. Күнтізбелік тоқсан экспортқа рента салығын төлеу бойынша салық кезеңі болып табылады. Салық төлеуші бюджетке салықтың есептелген сомасын салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірмей төлейді.

Жер қойнауын пайдаланушылық міндеттемесін орындау есебіне заттай нысанда берген пайдалы қазбалардың экспортқа өткізілетін және мемлекет атынан алушы немесе осындай өткізуге мемлекет атынан алушы уәкілеттік берген тұлға өткізетін көлемдерді қоспағанда, экспортқа өткізілетін шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің, көмірдің көлемі экспортқа рента салығын салу объектісі болып табылады. Осы бөлімнің мақсаты үшін экспорт деп:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес экспорттың кедендік рәсімінде жүзеге асырылатын тауарларды әкету;

2) тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағына әкету;

3) Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына қайта өңдеу үшін бұрын әкетілген алыс-беріс шикізатының қайта өңдеу өнімдерін Кеден одағына мүше басқа мемлекет аумағына өткізу түсініледі.

Экспортқа рента салығын есептеу үшін шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің көлемі мынадай тәртіппен:

- шикі мұнайды және шикі мұнай өнімдерін Кеден одағынан тыс жерге экспортқа өткізу кезінде – кеден баждарының, алынуы кеден органдарына жүктелген өзге де төлемдердің сомаларын есептеу үшін не Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес өзге де кедендік мақсаттарда пайдаланылатын, тауарлардың толық декларациясының 35-бағанында көрсетілген шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің көлемі ретінде;

- шикі мұнайды және шикі мұнай өнімдерін Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағына экспортқа өткізу кезінде – Қазақстан Республикасының аумағында осындай шикі мұнайды және шикі мұнай өнімдерін экспортқа беру маршрутының басында көлік ұйымының тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісінде көрсетілген шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің көлемі ретінде айқындалады.

Есептеу тәртібі. Экспортқа нақты өткізілетін шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің көлемі және Салық кодексінің 334-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіппен есептелген әлемдік баға негізінде есептелген, экспортталатын шикі мұнайдың және шикі мұнай өнімдерінің құны шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері бойынша экспортқа рента салығын есептеу үшін салық базасы болып табылады. Бұл ретте шикі мұнай және шикі мұнай өнімдері үшін әлемдік баға шикі мұнайдың әлемдік бағасын негізге ала отырып айқындалады.

Экспортқа нақты өткізілетін көмірдің көлемі негізінде есептелген экспортталатын көмірдің құны көмір бойынша экспортқа рента салығын есептеу үшін салық базасы болып табылады.

Экспортқа рента салығын төлеудің ақшалай нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шикі мұнай, газ конденсаты жөніндегі шешімі бойынша уәкілетті мемлекеттік орган мен салық төлеушінің арасында жасалатын қосымша келісімде белгіленген тәртіппен заттай нысанға ауыстырылуы мүмкін.

Шикі мұнай, газ конденсаты бойынша экспортқа рента салығын заттай нысанда төлеу тәртібі СҚ 346-бабында белгіленген.

Салық кезеңі. Күнтізбелік тоқсан экспортқа рента салығы бойынша салық кезеңі болып табылады.

Егер тауарларға арналған уақытша және толық кедендік декларацияларды ресімдеу күндері әртүрлі салық кезеңдеріне тура келсе, онда экспортқа рента салығын төлеу бойынша міндеттемелер тауарларға арналған уақытша және толық декларацияларда көрсетілген, Кеден одағының кеден заңнамасына және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес экспорттың кедендік рәсімі шеңберінде шикі мұнайды және шикі мұнай өнімдерін беру жүзеге асырылатын уақыт кезеңіне тура келетін салық кезеңінде туындайды.

Төлеу мерзімдері. Салық төлеуші бюджетке салықтың есептелген сомасын салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірмей төлеуге міндетті.

Салық декларациясы. Экспортқа рента салығы жөніндегі декларация салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық органына салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-нен кешіктірілмей табыс етіледі.

8.6 Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың шеңберінде жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізген кезде жер қойнауын пайдаланушылар СК белгіленген барлық салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлейді.

Осы бөлім жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтарын есептеу және төлеу тәртібін, сондай-ақ өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелерін орындау ерекшеліктерін белгілейді.

Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары:

- 1) жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдерін;
 - а) қол қойылатын бонусты;
 - б) коммерциялық табу бонусын;
 - в) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдерді;
- 2) пайдалы қазбаларды өндіру салығын;
- 3) үстеме пайда салығын қамтиды.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерін есептеу Салық кодексінің 308-1-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, оларды төлеу жөніндегі міндеттемелер туындаған кезде қолданыстағы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

8.7 Әлеуметтік салық

Әлеуметтік салықтар – нысаналы мақсаттағы тікелей салық түрі. Әлеуметтік салықтар әлеуметтік мақсаттағы бюджеттен тыс нысаналы қорлардың, зейнетақы қорларының, әлеуметтік сақтандыру, жұмыспен қамту қорларының негізгі көзі болып табылады. Салық салу нысаны – еңбек міндеттерін орындағаны үшін төлемнің алуан түрлері.

Салық төлеушілер:

- 1) дара кәсіпкерлер;
- 2) жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар;
- 3) Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары;
- 4) Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын бейрезидент заңды тұлғалар;
- 5) қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шартқа сәйкес тұрақты мекеме құруға әкеп соқпайтын, филиал немесе өкілдік арқылы қызметін жүзеге асыратын бейрезидент заңды тұлғалар әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады.

Резидент заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін осындай құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне табыстар түрінде төленетін (төленуге жататын) жұмыс берушінің шығыстары бойынша әлеуметтік салық төлеуші деп тануға құқылы.

Бұл ретте резидент заңды тұлғаның шешімі немесе осындай шешімнің күшін жою осындай шешім қабылданған тоқсаннан кейінгі тоқсанның басынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер жаңадан құрылған құрылымдық бөлімше әлеуметтік салық төлеуші деп танылса, резидент заңды тұлғаның осындай тану туралы шешімі осы құрылымдық бөлімшенің құрылған күнінен бастап немесе осы құрылымдық бөлімшенің құрылған тоқсаннан кейінгі тоқсанның басынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері және (немесе) аумақтық (төмен тұрған) органдары өздеріне бағынысты мемлекеттік мекемелер үшін әлеуметтік салықты төлеушілер ретінде қарастырылуы мүмкін.

Шағын бизнес субъектілеріне және ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілерге және ауыл шаруашылығы кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын дара кәсіпкерлерді, сондай-ақ осы Кодекстің 358-бабының 3-1-тармағында көрсетілген салық төлеушілерге жататын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, осы Кодекстің 355-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында аталған төлеушілер үшін төлеушілердің өздерін қоса алғанда, жұмыскерлер саны *әлеуметтік салық салу объектісі* болып табылады.

Салық мөлшерлемелері

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, әлеуметтік салық 11 пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеледі.

Дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар өзі үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төленетін күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінде және әрбір қызметкер үшін айлық

есептік көрсеткіштің бір еселенген мөлшерінде әлеуметтік салықты есептейді.

Арнаулы салық режимдерін қолданатындарды, сондай-ақ СК 358-бабының 3-1-тармағында аталған салық төлеушілерге жататын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар әлеуметтік салықты есептеуді СК 358-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлемелерді салық кодексінің 357-бабының 1-тармағында айқындалған әлеуметтік салық салу объектісіне қолдану арқылы жүргізеді.

Бюджетке төленуге жататын әлеуметтік салық сомасы есептелген әлеуметтік салық пен "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы арасындағы айырма ретінде анықталады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы есептелген әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен кезде бюджетке төленуге жататын әлеуметтік салық сомасы нөлге тең деп есептеледі.

"Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар әлеуметтік салықты осы Кодекстің 151-4-бабының 5-тармағында белгіленген ережелерді ескере отырып есептейді.

Әлеуметтік салықты төлеу. Әлеуметтік салықты төлеу салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық кезеңінен кейінгі айдың 25-нен кешіктірілмей жүргізіледі.

Құрылымдық бөлімшелері бар әлеуметтік салық төлеушілер әлеуметтік салық төлеуді СК 362-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. Салық кезеңі

Күнтізбелік ай әлеуметтік салықты есептеу үшін салық кезеңі болып табылады. Төлеушілер жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияны орналасқан жеріндегі салық органдарына есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей тоқсан сайын табыс етеді.

Құрылымдық бөлімшелері бар төлеушілер құрылымдық бөлімшенің орналасқан жеріндегі салық органына құрылымдық бөлімше бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияға құрылымдық бөлімше бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салықтың сомасын есептеу жөніндегі қосымшаны табыс етеді.

8.8 Көлік құралдары салығы

Меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар және меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу

объектілері бар заңды тұлғалар көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылады.

Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасына сәйкес осындай құрылымдық бөлімшеге тіркелген көлік құралдары бойынша көлік құралдары салығын дербес төлеуші деп тануға құқылы.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғаның осындай тану немесе осындай тануды тоқтату туралы шешімі осындай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Егер жаңадан құрылған құрылымдық бөлімше көлік құралдары салығын дербес төлеуші деп танылған жағдайда заңды тұлғаның осындай тану туралы шешімі осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Салық салу объектілері. Қазақстан Республикасында тіркелген және (немесе) есепте тұрған, тіркемелерді қоспағанда, көлік құралдары салық салу объектілері болып табылады.

Мыналар:

- 1) жүк көтергіштігі 40 тонна және одан асатын карьерлік автосамосвалдар;
- 2) мамандандырылған медициналық көлік құралдары;
- 3) Қазақстан Республикасы халықаралық кеме тізілімінде тіркелген теңіз кемелері;
- 4) мүлік салығын салу объектісі болып табылатын арнайы автомобильдер салық салу объектілері болып табылмайды.

Салық төлеу мерзімдері мен тәртібі. Заңды тұлғалар ағымдағы төлемдер сомасын төлеуді ағымдағы төлемдерді енгізу арқылы салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей жүргізеді.

Көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын салық кезеңінің 1 шілдесінен кейін алған жағдайда, заңды тұлғалар салық кезеңі үшін декларацияны табыс ету мерзімі басталғаннан кейінгі күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей көрсетілген көлік құралы бойынша салық төлеуді жүргізеді.

Салық кезеңінің 31 желтоқсанынан кешіктірілмейтін күн жеке тұлғалар үшін бюджетке салық төлеу мерзімі болып табылады.

Салық салу объектісі болып табылатын көлік құралына қатысты Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасына сәйкес тіркеу әрекеттері жүзеге асырылған жағдайда, меншік құқығын беретін тұлға осындай объектіні иеленген нақты кезең үшін төленуге жататын салық сомасы көрсетілген әрекеттер жасалғанға дейін Салық кодексінде белгіленген тәртіппен бюджетке енгізілуге тиіс.

Жеке тұлғалар салық төлеуді *тұрғылықты жері бойынша* жүргізеді.

Көлік құралының меншік иесі атынан иеліктен шығару құқығымен көлік құралын басқаруға арналған сенімхат негізінде сенім білдірілген болып табылатын жеке тұлғаның салық кезеңі үшін көлік құралдарына салық төлеуі көлік құралы меншік иесінің осы салық кезеңі үшін салық міндеттемесін орындауы болып табылады.

Төлеушілер - заңды тұлғалар көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ағымдағы салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей, сондай-ақ декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық органдарына табыс етеді.

8.9 Жер салығы

Салық салу мақсатында барлық жерлер олардың нысаналы мақсатына және мынадай санаттарға:

- 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге;
- 2) елді мекендер жерлеріне;
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлерге;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріне, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге (бұдан әрі - ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері);
- 5) орман қорының жерлеріне;
- 6) су қорының жерлеріне;
- 7) босалқы жерлерге тиесілігіне қарай қарастырылады.

Жердің қандай да болсын санатқа тиесілігі Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленеді. Елді мекендер жерлері салық салу мақсаты үшін мынадай екі топқа бөлінген:

- 1) тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда, елді мекендер жерлері;
- 2) тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлер.

Жердің мынадай санаттары салық салуға жатпайды:

- 1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері;
- 2) орман қорының жерлері;
- 3) су қорының жерлері;
- 4) босалқы жерлер.

Салық төлеушілер

- 1) жеке меншік құқығындағы;
- 2) тұрақты жер пайдалану құқығындағы;

3) бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар жер салығын төлеушілер болып табылады.

Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесінің орналасқан жерінде салық салынатын объектілер бойынша осындай құрылымдық бөлімшесін жер салығын дербес төлеуші деп тануға құқылы.

Мыналар жер салығын төлеуден босатылады:

Егер осы бапта өзгеше көзделмесе мыналар:

1) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер;

2) мемлекеттік мекемелер;

3) уәкілетті мемлекеттік органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары;

4) Ұлы Отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің ата-анасының біреуі, он сегіз жасқа толғанға дейін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар:

- тұрғын-үй қоры, соның ішінде, оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері;

- үй маңындағы жер учаскелері;

- өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын жүргізу, бағбандық үшін берілген және құрылыс алып жатқан жерлерді қоса алғанда, саяжай құрылысына арналған жер учаскелері;

- гараждар орналасқан жер учаскелері бойынша;

5) "Ардақты ана" атағына ие болған, "Алтын алқа" алқасымен наградталған көп балалы аналар:

- тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері бойынша;

- үй маңындағы жер учаскелері бойынша;

6) жеке тұратын зейнеткерлер:

- тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері бойынша;

- үй маңындағы жер учаскелері бойынша;

7) діни бірлестіктер.

Мыналар салық салу объектісі болып табылмайды:

1) елді мекендердің ортақ пайдалануындағы жер учаскелері.

Аландар, көшелер, өткелдер, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, гүлзарлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (су құбырлары, жылу құбырлары, электр беру желілері, тазарту құрылғылары, күл-қоқыс құбырлары, жылу трассалары және басқа да ортақ пайдаланудағы инженерлік жүйелер) алып жатқан және соларға арналған жерлер елді мекендердің ортақ пайдалануындағы жерлерге жатады;

2) ортақ пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдарының желісі алып жатқан жер учаскелері.

Бөлінген белдеудегі ортақ пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдарының желісі алып жатқан жерлерге жер алаптары, жол тарамдары, өткерме жолдар, жасанды құрылғылар, жол бойындағы резервтер мен өзге де жол қызметін көрсету жөніндегі құрылғылар, жол қызметінің қызметтік және тұрғын үй-жайлары, қардан қорғайтын және әсемдік екпелер орналасқан жерлер жатады;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияланған объектілер орналасқан жер учаскелері;

4) жалға берілетін үйлерді күтіп-ұстау үшін сатып алынған жер учаскелері;

5) Салық кодексінің 396-бабы 2-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген ғимараттар, құрылыстар орналасқан жер учаскелері.

Жер салығын айқындау үшін жер учаскесінің алаңы салық базасы болып табылады.

Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық мөлшерлемелері

Жеке тұлғаларға қора-қопсы салынған жерді қоса алғанда, өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын, бағбандық және саяжай құрылысын жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық салық мөлшерлемелері мынадай мөлшерде белгіленеді:

1) көлемі 0,50 гектарға дейін қоса алғанда - 0,01 гектар үшін **20 теңге**;

2) көлемі 0,50 гектардан асатын алаңға - 0,01 гектар үшін **100 теңге**.

Елді мекендердің тұрғын үйге (тұрғын ғимаратқа) қызмет көрсетуге арналған және тұрғын үй (тұрғын ғимарат), оның ішінде ондағы құрылыстар мен ғимараттар орналаспаған жерлеріне жататын жер учаскесінің бір бөлігі үй іргесіндегі жер учаскесі болып есептеледі.

Үй іргесіндегі жер учаскелері мынадай базалық салық мөлшерлемелері бойынша салық салынуға жатады:

1) Астана, Алматы қалалары және облыстық маңызы бар қалалар үшін:

- көлемі 1000 шаршы метрге дейін қоса алғанда - 1 шаршы метрі үшін 0,20 теңге;

- 1000 шаршы метрден асатын алаңға – 1 шаршы метрі үшін 6,00 теңге.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 1000 шаршы метрден асатын жер учаскелеріне салық мөлшерлемелері 1 шаршы метрі үшін 6,0 теңгеден 0,20 теңгеге дейін төмендетілуі мүмкін.

2) қалған елді мекендер үшін:

- көлемі 5000 шаршы метрге дейін қоса алғанда - 1 шаршы метрі үшін 0,20 теңге;

- 5000 шаршы метрден асатын алаңға – 1 шаршы метрі үшін 1,00 теңге.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 5000 шаршы метрден асатын жер учаскелеріне салық мөлшерлемелері 1 шаршы метрі үшін 1,00 теңгеден 0,20 теңгеге дейін төмендетілуі мүмкін.

Дара кәсіпкерлер (шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда) және заңды тұлғалар салық салу объектілері орналасқан жердегі салық органдарына декларацияны - есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей, сондай-ақ ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын осы бапта белгіленген мерзімдерде тапсырады.

Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер салық салу объектілері орналасқан жердегі салық органдарына декларацияны есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тапсырады.

Салық кезеңі ішінде жер салығы бойынша салық міндеттемелері өзгерген кезде, ағымдағы төлемдердің есеп-қисабы салық салу объектілері бойынша 1 ақпандағы, 1 мамырдағы, 1 тамыздағы және 1 қарашадағы жағдай бойынша тиісінше ағымдағы салық кезеңінің 15 ақпанынан, 15 мамырынан, 15 тамызынан және 15 қарашасынан кешіктірілмей табыс етіледі.

8.10 Мүлік салығы

Мүлік салығы – Қазақстан Республикасының аумағында меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектісі бар заңды тұлғалар төлейтін салық түрі.

Салық төлеушілер

1) Қазақстан Республикасының аумағында меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектісі бар заңды тұлғалар;

2) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында салық салу объектісі бар дара кәсіпкерлер;

3) концессия шартына сәйкес концессия объектісі болып табылатын салық салу объектісін иеленуге, пайдалануға құқығы бар концессионер мүлік салығын төлеушілер болып табылады.

Салық салу объектісі

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамалық актісіне сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының аумағындағы:

1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар құрамында есепке алынатын, техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларға жататын ғимараттар, құрылыстар, осындай ғимараттардың бөліктері;

2) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларға жататын ғимараттар, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес ұзақ мерзімді дебиторлық берешек ретінде ескерілетін, сатып алу құқығымен тұрғынжайды ұзақ мерзімді мүліктік жалдау (жалға беру) шарттары бойынша жеке тұлғаларға берілген осындай ғимараттардың бөліктері;

3) иелік ету, пайдалану құқықтары концессия шартына сәйкес берілген, концессия объектілері болып табылатын ғимараттар, құрылыстар;

4) көрсетілген активтер;

5) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ғимараттарды (ғимараттардың бөліктерін) және құрылыстарды қоспағанда, кепіл, өзге де қамтамасыз ету ретінде түсетін мүлікке өндіріп алуды қолдану нәтижесінде меншікке өткен, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес екінші деңгейдегі банктер активтерінің құрамында есепке алынатын, техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларға жататын ғимараттар, құрылыстар, осындай ғимараттардың бөліктері;

6) көрсетілген ғимараттар, құрылыстар салық салу объектісі болып табылады.

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамалық актісіне сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлер үшін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларға жататын және негізгі құралдар болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағындағы ғимараттар, құрылыстар салық салу объектісі болып табылады.

Мыналар салық салу объектілері болып табылмайды:

1) жер салығын салу объектісі ретіндегі жер;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияда тұрған ғимараттар, құрылыстар;

3) ортақ пайдаланылатын мемлекеттік автомобиль жолдары мен олардағы жол құрылыстары:

- бұрылу белдеуі;
- жолдардың конструкциялық элементтері;
- жол жағдайы мен оны абаттандыру;
- көпірлер;
- өткерме жолдар;
- виадуктар;
- жол тарамдары;
- тоннельдер;
- қорғаныш галереялары;
- жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға арналған құрылыстар мен құрылғылар;

- су бұрғыш және су өткізгіш құрылыстар;
- жол бойындағы орман алаптары;
- желілік тұрғын үйлер және жол пайдалану қызметінің кешендері;

4) аяқталмаған құрылыс объектілері;

5) метрополитеннің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін көліктік кешеннің ажырамас бөлігі болып табылатын ғимараттар, құрылыстар;

6) мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару талаптарына сәйкес жасалған шарттар бойынша мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясы иеленген ғимараттар, құрылыстар;

7) салық базасы СК 406-бабына сәйкес айқындалатын және салық есептеуді СК 409-бабына сәйкес салық органдары жүргізетін жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын тұрғынжайлары мен басқа да объектілері;

8) концессия объектілерінің құны 50 000 000 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асып кеткен жағдайда, иелік ету, пайдалану құқықтары тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ерекше маңызды концессиялық жобалар бойынша қолжетімділік үшін төлемақы қолданыла отырып, концессия шарты бойынша берілген, концессия объектілері болып табылатын ғимараттар, құрылыстар.

Бухгалтерлік есептің деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны СК 396-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында аталған дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салық базасы болып табылады. Концессия объектілерінің орташа жылдық баланстық құны болмаған жағдайда осындай объектілердің Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындалған құны салық базасы болып табылады.

Заңды тұлғалар мүлік салығын салық базасына 1,5 пайыз мөлшерлеме бойынша есептейді.

Мүлік салығын салық базасының 0,5 пайыз мөлшерлемесі бойынша мына салық төлеушілер:

- 1) дара кәсіпкерлер;
- 2) оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар есептейді.

Төменде аталған заңды тұлғалар мүлік салығын салық базасының 0,1 пайыз мөлшерлемесі бойынша есептейді:

- 1) діни бірлестіктерді қоспағанда, Салық кодексінің 134-бабында айқындалған заңды тұлғалар;
- 2) негізгі қызмет түрі кітапханалық қызмет көрсету саласындағы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын ұйымдар;
- 3) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар;
- 4) мемлекеттік меншіктегі және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын су қоймаларының, су тораптарының және табиғат қорғау мақсатындағы басқа да су шаруашылығы құрылыстарының объектілері бойынша заңды тұлғалар;
- 5) ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші заңды тұлғалардың және шаруа немесе фермер қожалықтарының жерін суландыру үшін пайдаланылатын гидромелиорациялық құрылыс объектілері бойынша заңды тұлғалар;
- 6) ауыз сумен қамту объектілері бойынша заңды тұлғалар.
- 7) тиісті объект бойынша салық міндеттемесі туындаған салық кезеңін қоса алғанда, бес салық кезеңі ішінде салық салу объектілері бойынша – арнайы экономикалық аймақтардың басқарушы компаниялары;
- 8) Алматы және Астана қалаларының әуеайлақтарындағы ұшу-қону жолақтарын және әуежайларындағы терминалдарды қоспағанда, әуеайлақтардағы ұшу-қону жолақтары және әуежайлардағы терминалдар бойынша заңды тұлғалар.

Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеушілер салық кезеңі ішінде мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерді төлеуге міндетті, олар салық салу объектілерінің салық кезеңінің басындағы бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша айқындалған баланстық құнына тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы айқындалады.

Бюджетке салық төлеу салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеушілер салық кезеңінің 25 ақпанынан, 25 мамырынан, 25 тамызынан және 25 қарашасынан кешіктірмей, салықтың ағымдағы төлемдерінің сомасын тең үлестермен енгізеді.

Салық төлеушінің құрылу күнінен (салық салу объектілерін пайдалануға, сенімгерлікпен басқаруға немесе мүліктік жалдау (жалға беру)

күнінен) кейінгі кезекті мерзім жаңадан құрылған салық төлеушілер мен заңды тұлғалар бойынша ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін құрылған салық төлеушілер заңды тұлғалар ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін салық салу объектілерін пайдалануға, сенімгерлікпен басқаруға немесе жалға берген кезде салық сомасын ағымдағы салық кезеңі көзделген мерзімдерде төлейді.

Салық кезеңі ішінде салық салу объектілері келіп түскен жағдайда, мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер салық салу объектілері келіп түскен айдан бастап салық кезеңінің соңына дейінгі ағымдағы салық кезеңі айларының санына көбейтілген, келіп түскен күніне бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалған, келіп түскен салық салу объектілерінің бастапқы құнының салық мөлшерлемесін қолдану жолымен айқындалады. Ағымдағы төлемдер көбейтілуі тиіс сома белгіленген мерзімдер бойынша тең үлестермен бөлінеді, бұл ретте салық салу объектілері келіп түскен күннен кейінгі кезекті мерзім ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Салық кезеңі ішінде салық салу объектілері шығып қалған жағдайда, ағымдағы төлемдер салық салу объектілері шығып қалған айдан бастап салық кезеңінің соңына дейінгі ағымдағы салық кезеңі айларының санына көбейтілген, шығып қалған салық салу объектілерінің құнының 1/13-іне салық мөлшерлемесін қолдану жолымен айқындалатын сомаға азайтылады.

Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеушілер салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабын және декларацияны тапсыруға міндетті.

Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына декларация тапсыруға міндетті.

Мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабы есепті салық кезеңінің 15 ақпанынан кешіктірілмей табыс етіледі.

Жаңадан құрылған салық төлеушілер ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабын салық органдарына тіркеу есебіне қойылған айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірілмей табыс етеді.

Салық кезеңі ішінде мүлік салығы бойынша салық міндеттемелері өзгерген кезде, ағымдағы төлемдердің есеп-қисабы салық салу объектілері бойынша 1 ақпандағы, 1 мамырдағы, 1 тамыздағы және 1 қарашадағы жағдай бойынша тиісінше ағымдағы салық кезеңінің 15 ақпанынан, 15 мамырынан, 15 тамызынан және 15 қарашасынан кешіктірілмей табыс етіледі.

Декларация есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей табыс етіледі.

Жеке тұлғалардың мүлік салығы. Салық салу объектісі бар жеке тұлғалар жеке тұлғалардың мүлік салығын төлеушілер болып табылады.

Мыналар жеке тұлғалардың мүлік салығын төлеушілер болып табылмайды:

- меншік құқығындағы барлық салық салу объектілерінің жалпы құнынан республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшері шегінде - Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атақтарын алған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және "Отан" орденімен наградталған адамдар, "Ардақты ана" атағын алған, "Алтын алқа" алқасымен наградталған көп балалы аналар, жеке тұратын зейнеткерлер;

- меншік құқығындағы барлық салық салу объектілерінің жалпы құнынан республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1500 еселенген мөлшері шегінде – Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет еткен) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер;

- он сегіз жасқа толғанға дейінгі кезеңге жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

- кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша дара кәсіпкерлер.

Орталық мемлекеттік органдардың арасынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалатын уәкілетті мемлекеттік орган ұсынатын мәліметтердің негізінде салық органдары әрбір жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша белгілейтін салық салу объектілерінің құны жеке тұлғалар үшін тұрғынжайлар, саяжай құрылыстары бойынша салық базасы болып табылады.

Салық органдары жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салықты есептеуді есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 1 қаңтарына дейін құқықтары тіркелген, жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша меншік құқығында иеленудің нақты мерзімін ескере отырып, салық базасына тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы, салық төлеушінің тұрғылықты жеріне қарамастан, салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей жүргізеді.

Егер салық кезеңі ішінде салық салу объектісі меншік құқығында он екі айдан аз болса, осындай объектілер бойынша төленуге жататын мүлік салығы салық сомасын он екіге бөлу және салық салу объектісінің меншік

құқығында бөлуының нақты кезеңі айларының санына көбейту жолымен есептеледі.

Бұл ретте объектінің меншік құқығында бөлуының нақты кезеңі салық кезеңінің басынан (егер объект осы күнге меншік құқығында болған жағдайда) немесе объектіге меншік құқығы туындаған айдың бірінші күнінен бастап осындай объектілерге меншік құқығы берілген айдың бірінші күніне дейін немесе салық кезеңінің соңына дейін (егер объект осы күнге меншік құқығында болған жағдайда) айқындалады.

Жеке тұлғалардың салық салу объектілері жойылған, бұзылған, қираған кезде, салық салу объектілерінің жойылу, қирау, бұзылу фактісі болған ай салық кезеңінің есеп-қисабына кіреді.

8.11 Ойын бизнесі салығы

Құмар ойын бизнесі сферасындағы қызметті жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін құмар ойын бизнесі салығы 2007 жылғы қаңтардың 12-сінде енгізілген. Казино, ойын автоматтарының залы, тотализатор, букмекерлік кеңсе қымметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар ойын бизнесі салығын төлеушілер болып табылады. Құмар ойын бизнесі сферасындағы қызметті жүзеге асыру кезінде ойын үстелі, ойын автоматы, тотализатор кассасы, тотализатордың электрондық кассасы, букмекер кеңсесінің кассасы, букмекер кеңсесінің электрондық кассасы құмар ойын бизнесіне салық салу объектілері болып есептеледі.

Салық төлеушілер:

- 1) казино;
- 2) ойын автоматтары залы;
- 3) тотализатор;
- 4) букмекер кеңсесі қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге

асыратын заңды тұлғалар ойын бизнесі салығын төлеушілер болып табылады.

Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде:

- 1) ойын үстелі;
- 2) ойын автоматы;
- 3) тотализатор кассасы;
- 4) тотализатордың электронды кассасы;
- 5) букмекер кеңсесінің кассасы;
- 6) букмекер кеңсесінің электронды кассасы ойын бизнесіне салық салу

объектілері болып табылады.

Салық мөлшерлемелері

Салық салу объектісінің бірлігінен ойын бизнесіне салық мөлшерлемесі:

1) ойын үстеліне – айына айлық есептік көрсеткіштің 830 еселенген мөлшерін;

2) ойын автоматына - айына айлық есептік көрсеткіштің 30 еселенген мөлшерін;

3) тотализатордың кассасына – айына айлық есептік көрсеткіштің 150 еселенген мөлшерін;

4) тотализатордың электрондық кассасына – айына айлық есептік көрсеткіштің 2000 еселенген мөлшерін;

5) букмекер кеңсесінің кассасына – айына айлық есептік көрсеткіштің 150 еселенген мөлшерін;

6) букмекер кеңсесінің электрондық кассасына – айына айлық есептік көрсеткіштің 2000 еселенген мөлшерін құрайды.

Ойын бизнесі салығы үшін салық кезеңі күнтізбелік тоқсан болып табылады.

Ойын бизнесі салығын есептеу әрбір салық салу объектісіне тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы жүргізіледі.

Салық салу объектілері айдың 15-ін қоса алғанға дейін пайдалануға берілген кезде, ойын бизнесі салығы белгіленген мөлшерлеме бойынша, 15-інен кейін белгіленген мөлшерлеменің 1/2 мөлшерінде есептеледі.

Салық салу объектілері айдың 15-ін қоса алғанға дейін шығып қалған кезде, ойын бизнесі салығы белгіленген мөлшерлеменің 1/2 мөлшерінде, 15-інен кейін белгіленген мөлшерлеме бойынша есептеледі.

Ойын бизнесі салығы есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірілмей салық салу объектілерінің тіркелген орны бойынша бюджетке төленуге жатады.

Ойын бизнесі салығы бойынша декларация есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірілмей жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебі бойынша салық органына табыс етіледі.

8.12 Тіркелген салық

Ұтыссыз ойын автоматтарын; ойын өткізуге пайдаланылатын дербес ком- пьютерлерді; ойын жолдарын (боулинг (кегельбан)); картты (картинг); бильярд үстелдерін (бильярд) пайдалана отырып, қызмет көрсетулерді жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңи тұлғалар тіркелген салықты төлеушілер болып табылады.

Ойын өткізу үшін пайдаланылатын тиісті ойын құрылғылары тіркелген салық салу объекті болып табылады. Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың ең төменгі және ең жоғарғы базалық мөлшерлемелерінің мөлшерлері төменгі кестеде келтірілген.

Қызметін бір әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін жергілікті атқарушы органдар бекітілген базалық мөлшерлемелер шегінде бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілейді. Тіркелген салық үшін салық кезеңі күнтізбелік тоқсан болып табылады. Тіркелген салықты есептеу әрбір салық салу объектіне тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы жүргізіледі.

Салық салу объектілері айдың 15-ін қоса алғанға дейін пайдалануға енгізу кезінде тіркелген салық белгіленген мөлшерлеме бойынша, 15-інен кейін белгіленген мөлшерлеменің S мөлшерінде есептеледі. Салық салу объектілері айдың 15-іне дейін шығып қалған кезде тіркелген салық айдың жартысы үшін деп, 15-інен кейін белгіленген мөлшерлеме бойынша есептеледі. Тіркелген салық есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірілмей жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде Тіркеу есебінің орны бойынша бюджетке төленуге жатады.

Жоғарыда аталмаған кәсіпкерлік қызметтің өзге түрлерін жүзеге асыру кезінде тіркелген салықты төлеушілер қызметтің осындай түрлері бойынша кірістер мен шығыстардың бөлек есебін жүргізуге және жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте бюджетпен есеп айырысу жүргізуге міндетті. Тіркелген салық бойынша мағлұмдама есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірілмей салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органына табыс етіледі.

Бильярд үстелі - торлары (жақтауларда саңылаулары) бар және оларсыз бильярд ойынына арналған арнаулы үстел;

Ойын жолы - боулинг ойынына арналған арнаулы жол (кегельбан);

Ұтыссыз ойын автоматы - ойындар өткізу үшін пайдаланылатын арнаулы жабдық (механикалық, электрлі, электронды және өзге де техникалық жабдық);

Карт - қорапсыз, дифференциалсыз және дөңгелектерінде серпінді аспа жоқ, жұмыс көлемі 250 текше сантиметрге және ең жоғары жылдамдығы сағатына 150 километрге дейін жететін екітактілі двигательді, көлемі шағын жарыс автомобилі.

Тіркелген салықты төлеушілер:

- 1) ұтыссыз ойын автоматтарын;
- 2) ойын өткізуге пайдаланылатын дербес компьютерлерді;
- 3) ойын жолдарын (боулинг (кегельбан));
- 4) картты (картинг);

5) бильярд үстелдерін (бильярд) пайдалана отырып, қызмет көрсетулерді жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар болып табылады.

Тіркелген салық салу объектілері

- 1) бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы;
- 2) біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы;

- 3) ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер;
- 4) ойын жолы;
- 5) карт;
- 6) бильярд үстелі тіркелген салық салу объектісі болып табылады.

Тіркелген салық үшін *салық кезеңі* күнтізбелік тоқсан болып табылады.

Тіркелген салық бойынша декларация есепті тоқсанның кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірілмей жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебінің орны бойынша салық органына табыс етіледі.

8.13 Бірыңғай жер салығы

Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияда бірыңғай жер салығының, әлеуметтік салықтың, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығының, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың есептелген сомалары көрсетіледі.

Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация жер учаскесінің орналасқан жері бойынша салық органына есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 31 наурызынан кешіктірілмей табыс етіледі.

8.14 Тесттік тапсырмалар

1 Корпорациялық табыс салығының төлеушілердің атаңыз:

- A) заңды тұлғалар,
- B) жеке тұлғалар;
- C) адвокаттар;
- D) жеке нотариустар;
- E) жеке кәсіпкерлер.

2 Корпорациялық табыс салығының төлеушілер заңды тұлғалар бөлінеді:

- A) ҚР территориясында қызметін жүзеге асырушы заңды тұлғаларға және шетел заңды тұлғаларына;
- B) Қазақстандық және шетелдік;
- C) Резидент және резидент емес,
- D) тұрақты мекемелер арқылы қызметін жүзеге асырушы;
- E) жеке тұлғалар және резидент емес заңды тұлғалар.

3 Резидент емес заңды тұлғалар - корпорациялық табыс салығының төлеушілер бөлінеді:

- А) ҚР территориясында қызметін жүзеге асырушы заңды тұлғаларға және шетел заңды тұлғаларына;
В) Қазақстандық және шетелдік;
С) Резидент және резидент емес;
D) тұрақты мекемелер арқылы қызметін жүзеге асырушы,
Е) жеке тұлғалар және резидент емес заңды тұлғалар.

4 Ұлы Отан соғысының қатысушылары жеке табыс салығы бойынша декларация беруге міндетті ме, көрсетіңіз:

- А) иә;
В) иә, егер олар салын салынатын кіріске ие болса;
С) жоқ;
D) 2000 АЕК-тен жоғары соммаға ірі бір қолданбалы сатып алуды жүзеге асырса, иә;
Е) иә, егер олардың кірістері оларға бекітілген салық салынатын шектен асып түссе.

5 Корпорациялық табыс салығының төлеу кезінде заңды тұлғаның салық салынатын табысы түзетілуге жата ма, көрсетіңіз:

- А) жатпайды;
В) әлеуметтік сала объектілерін қолдауға салық төлеушімен төленген, барлық шығыстар жатады,
С) салық төлеушінің барлық шығыстар жатады;
D) акцияларды шығарған кезде ғана жатады;
Е) мүлікті берген жағдайда жатады.

6 ҚР-ғы резидент еместін тұрақты мекемесі болып танылады:

- А) ҚР заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлға немесе оның басқару органдары ҚР шегінен тыс орналасқан;
В) ҚР заңдарына сәйкес құрылған немесе оның басқару органдары ҚР шегінен тыс орналысқан;
С) РФ заңды тұлғалары ғана;
D) Кәсіпкерлік қызметті оның ішінде уәкілді тұлға арқылы жүзеге асыратын қызметті толық немесе ішінара асыратын тұрақты қызмет орны;
Е) тұрақты қызмет орны.

7 Кәсіпкерлік қызметті оның ішінде уәкілетті тұлға арқылы жүзеге асыратын қызметі резидент емес – заңды тұлға толық немесе ішінара жүзеге асыратын тұрақты қызмет орны табылады:

- А) тұрақты заңды тұлға;
В) орналасқан орны;
С) тіркелген орны;
D) тиімді басқару орны;

Е) резидент емес - заңды тұлғаның тұрақты мекеме.

8 Корпорациялық табыс салығының төлеуден мемлекеттік мекемелер босатыла ма?

- А) босатылады,
- В) босатылмайды;
- С) босаты, егер олар кәсіпкерлік қызметті орындамаса;
- Д) салық заңдарда қарастырылған жағдайда ғана босатылады;
- Е) салық төлеуші ретінде тіркелген салық органының шешімі бойынша босатылады.

8 ҚР Парламент депутатты, судьялар жеке табыс салық бойынша декларация ұсынуға міндетті ме?

- А) иә, егер олардың шетел банкісінде шоты болса;
- В) иә,
- С) заңмен қарастырылмаған;
- Д) иә, ҚР СК-де қарастырылған жағдайда;
- Е) салық органдарының шешімі бойынша.

9 Төменде көрсетілген жауап варианттарынан жеке табыс салық салық төлеушілеріне кім жатқызылады?

- А) Мемлекет пен халықаралық шарт жасалған шетел мемлекеттерінің азаматтары ғана жатқызылады;
- В) Уақытша тұру қағазын алған шетел азаматтары;
- С) ҚР 183-тен астам күнге келеуші жеке тұлғалар,
- Д) 183 күнге келеуші жеке тұлғалар;
- Е) ҚР - да табыс көздерінен табыс алтын, жеке тұлғалар.

10 ҚР салық заңы бойынша жеке тұлғалар қай жағдайларда резиденттер деп танылатынын көрсетіңіз:

- А) ҚР –да тұрақты болатын немесе өмірлік мүдделерінің орталығы ҚР орныққан жеке тұлғалар,
- В) ҚР –да білім алған шетел адамдары;
- С) шетел адамдары;
- Д) азаматтығы жоқ азаматтар;
- Е) ҚР –да отбасы немесе жақын туыстары бар.

11 Еңбек ақы және зейнетақылық төлемдер түрінде алынатын табыстар төлем көзінен алынатын объектелерге жата ма, көрсетіңіз:

- А) Тек заңды тұлғаларға ғана;
- В) Жатқызылады,
- С) Жатқызылмайды;
- Д) Салық органы шешімі бойынша ғана жатқызылады;

Е) Төлем көзінен алынбайтын объектіге жатқызады.

12 Төлем көзінен салық салынатын объектілерге жатқызылған көрсетініз:

- А) Қр шегінен тыс алынған кірістер;
- В) Еңбек ақы және зейнетақылық төлемдер түрінде алынатын табыстар,
- С) Адвокатта және жеке нотариустарының табыстары;
- Д) Жеке кәсіпкерлер табыстары;
- Е) Мүліктік табыстар.

13 Төлем көзінен алынбайтын табыстарға жатқызылмайтын салық салу объектісін атаңыз:

- А) ҚР шегінен тыс алынған кірістер;
- В) Еңбек ақы және зейнетақылық төлемдер түрінде алынатын табыстар,
- С) Адвокатта және жеке нотариустарының табыстары;
- Д) Жеке кәсіпкерлер табыстары;
- Е) Мүліктік табыстар.

14 Салық қызметі органдарына резидент - заңды тұлғалармен корпорациялық табыс салығының бойынша декларацияны ұсынудың мерзімдердін көрсетініз:

- А) Есепті айдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін,
- В) 31 желтоқсанға дейін кіріс болған жағдайда ғана;
- С) Ағымды жылдың 1 қаңтарына дейін;
- Д) есепті айдан кейінгі жылдың 31 желтоқсанына дейін;
- Е) ұсынылмайды.

15 Жеке тұлғалардың мүліктік табыстарына салық салына ма?

- А) Салынды,
- В) Салынбайды;
- С) ҚР Президентінің шешімі бойынша салынады;
- Д) Салық орган шешімі бойынша салынады;
- Е) Үкіметтің шешімі бойынша салынады.

16 Ұлтық банк салық төлеуден босатына ма, көрсетіңіз:

- А) Босатылмайды;
- В) Босатылады,
- С) Салық заңдарында қарастарылған жағдайдада ғана босатылады;
- Д) Салынатын импорт бойынша босатылады;
- Е) Салынатын айналым бойынша босатылады.

16 Қай заңды тұлға резидент болып табылатынын көрсетіңіз:

- A) ҚР заңдарына сәйкес құрылған немесе өздерінің жиімді басқару органы ҚР-ң шегінен тыс орналысқан;
- B) Жоқ;
- C) Шетел заңды тұлғалары;
- D) ҚР заңдарына сәйкес құрылған немесе өздерінің тиімді басқару органы ҚР-сы шегінде орналасқан,
- E) Кез келген тұлға.

17 Төлем көзінен салық салынбайтын объектілер үшін жеке табыс салығының ставкасын атаңыз:

- A) 10%;
- B) 15%;
- C) 30%;
- D) 25%;
- E) 13%.

18 Жеке табыс салық бойынша ҚР шегінен тыс жерлерде табыс алушы жеке тұлғалар декларция ұсынуға міндетті ме?

- A) жоқ,
- B) Заңмен қарастырылмаған;
- C) Иә, тек шетел азаматтарына;
- D) Иә, шектеулі жағдайларда;
- E) Тек резидент еместер ғана.

19 Заңды тұлғаларға төлейтін дивидендтер төлем көзінен салық салынуға қанша ставка бойынша жатады?

- A) 5%;
- B) 20%;
- C) 15%;
- D) 30%;
- E) 10%.

20 Акциз алынатын объектілерді атаңыз:

- A) тауар импортына;
- B) салық салынатын айналым;
- C) кез келген тауарды өндіруден табыс;
- D) тауардан жеке түрлеріне,
- E) табыстар.

21 Акциз ставкалары қай органмен бекітіледі:

- A) ҚР Қаржы Комитетінің Салық комитеті;
- B) ҚР Парламенті Сенатымен;

- C) ҚР Қаржы министрлігімен;
- D) ҚР Үкіметімен,
- E) ҚР Парламентімен.

22 ҚР Кеден Заңнамасына сәйкес декларациялануға тиісті, ҚР аумағына әкелінетін немесе әкелінген тауарлар (қосылған құн салығынан босатылғандарын қоспағанда) бұл:

- A) салық салынатын айналым;
- B) салық салынатын импорт,
- C) салық салынатын экспорт;
- D) кеден тауарлары;
- E) декларацияланған тауарлар.

23 ҚҚС бойынша нөлдік ставка бойынша салынатын айналымды атаңыз:

- A) салық салынатын айналым;
- B) салық салынатын импорт;
- C) тауарларды экспортқа шығару бойынша айналым,
- D) кеден тауарлары;
- E) декларацияланған тауарлар.

24 Келісім-шарт жасалатын аумақтағы әр коммерциялық табуға, жер қойнауын пайдаланушының арнайы төлемінің қай түрі төленетінін көрсетіңіз.

- A) роялти;
- B) қол қойылатын бонус;
- C) үстеме пайда салығы;
- D) коммерциялық табу бонусы,
- E) ренттік салық.

25 Салық төлеушінің үстеме пайда салығының салық салу объектісін атаңыз:

- A) техногендік құрылымдарды қайта өңдеуге төлем;
- B) жер қойнауын пайдалануға әр жеке келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдаланушының таза табысының бөлігі,
- C) жер қойнауын пайдаланушының пайданың ішкі нормасын алған салық кезеңіндегі әрбір жекелеген келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдаланушының таза табыс сомасы;
- D) салық кезеңіндегі әрбір жекелеген келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдаланушының таза табыс сомасы;
- E) қосымша өндірілген пайдалы қазба үшін.

9 БАСҚА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР

9.1 Тіркеу, лицензиялау үшін және басқа да алымдар

Тіркеу алымдары – уәкілетті мемлекеттік органдар тіркеу іс-әрекеттерін жасаған кезде тіркеу іс-әрекеттерінің жасалғанын куәландыратын құжаттың телнұсқасын берген кезде өздері алатын бір жолғы міндетті төлемдер.

Тіркеу іс-әрекеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Тіркеуші органдар тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей өзінің орналасқан жері бойынша салық органына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша алым төлеушілер мен салық салу объектілері туралы ақпарат береді.

Тіркеуші органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеу іс-әрекеттерін солардың мүдделерінде жүргізетін жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

Құрылымдық бөлімшелер тіркеуші органдардың осы құрылымдық бөлімше мүддесінде тіркеу іс-әрекеттерін жасаған кезінде алымдарды дербес төлеушілер ретінде қаралуы мүмкін.

Алымдар мынадай тіркеу іс-әрекеттері:

1) мыналарды:

- заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені (есепке қойғаны) және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ қайта тіркегені;
- жылжымайтын мүлікке құқықтарды;
- жылжымалы мүлік кепілін және кеме ипотекасын, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркегені үшін;
- ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды;
- көлік құралдарын, сондай-ақ оларды қайта тіркегені;
- дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, сондай-ақ оларды қайта тіркегені;
- авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды, сондай-ақ оларды қайта тіркегені;
- теле-, радиоарнаны, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды мемлекеттік тіркегені үшін алынады.

Мыналар алымдарды төлеуден босатылады:

- 1) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың қызметінің тоқтатылуын тіркеу кезінде;
- 2) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу кезінде:
 - Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен

мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің ата-аналарының бірі;

- он сегіз жасқа толғанға дейін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

- бөлек тұратын зейнеткерлер;

- оралмандар;

- кадрларды даярлаумен және оқытумен шұғылданатын шағын кәсіпкерлік субъектілері мемлекеттік тіркелген кезден бастап үш жыл ішінде;

3) жылжымалы мүлік кепілін, кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кезінде:

- Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің ата-аналарының бірі;

- оралмандар;

4) авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу кезінде:

- Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің ата-аналарының бірі;

- оралмандар;

- кәмелетке толмағандар босатылады.

Алымдардың сомалары белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі және салық салу объектісінің тіркелген жері бойынша тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін төленеді.

Алымдарды төлеген тұлғалар тіркеуші органдарға тиісті құжаттарды тапсырғанға дейін тіркеу жасаудан (есепке қоюдан) бас тартқан жағдайларды

қоспағанда, алымдардың төленген сомаларын қайтару немесе есепке жатқызу жүргізілмейді.

Алымдардың түрлері:

- 1) Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүргені үшін алым;
- 2) Аукциондардан алынатын алым;
- 3) Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;
- 4) Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожелілік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым;
- 5) Азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алым.

9.2 Пайдаланғаны үшін төлемақылар

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде пайдаланғаны үшін төленетін алымдардың мынадай түрлері қарастырылған:

- 1) Жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 2) Жер үсті су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 3) Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы;
- 4) Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 5) Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 6) Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 7) Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 8) Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы;
- 9) Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 10) Сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырғаны үшін төлемақы.

Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы мемлекеттің жер учаскелерін өтемін төлеп уақытша жер пайдалануға (жалға) бергені үшін алынады.

Жер учаскелерін өтемін төлеп уақытша жер пайдалануға (жалға) беру тәртібі Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленеді.

Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар, ал арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жергілікті атқарушы органдар немесе арнайы экономикалық аймақтардың әкімшіліктері тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей өзінің орналасқан жері бойынша салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтерді табыс етеді.

Жер учаскесін өтемін төлеп уақытша жер пайдалануға (жалға) алған жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін осындай құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері бойынша орналасқан салық салу объектілері жөніндегі төлемақыны дербес төлеуші ретінде тануға құқылы.

Мемлекет өтемін төлеп уақытша жер пайдалануға беретін жер учаскесі салық салу объектісі болып табылады.

Төлемақы сомасы жер қатынастары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен, ал арнайы экономикалық аймақтар аумағында жергілікті атқарушы органмен немесе арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігімен жасалған өтемін төлеп уақытша жер пайдалану шарттарының негізінде есептеледі.

Төлемақы төлеушілер ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабын есепті салық кезеңінің 20 ақпанынан кешіктірмей табыс етеді.

Салық кезеңі басталғаннан кейін өтемін төлеп уақытша жер пайдалану туралы шарт жасасқан тұлғалар ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабын шарт жасалған айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей табыс етеді.

Бірінші салық кезеңінде ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабымен бірге жер қатынастары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен немесе арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігімен жасалған өтемін төлеп уақытша жер пайдалану туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмесі табыс етіледі.

Одан кейінгі кезеңдерде шарттың нотариат куәландырған көшірмесі төлемақы сомалары немесе шарттың талаптары өзгерген кезде ғана табыс етіледі. Уақытша жер пайдалану туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталған соң немесе салық кезеңі басталғаннан кейін жергілікті атқарушы орган немесе арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігі оны бұзған кезде, ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабы шарттың қолданылу мерзімі аяқталған (бұзылған) күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей табыс етіледі.

Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы жер үсті көздерінен суды ала отырып немесе оны алмай, арнаулы су пайдаланудың барлық түрлері үшін алынады. Арнаулы су пайдалану су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган беретін рұқсат беру құжатының негізінде жүзеге асырылады.

Ресімделген рұқсат құжатсыз арнаулы су пайдалану суды алудың нақты көлемі белгіленген лимиттерден асып түсетін су пайдалану ретінде қарастырылады. Су пайдаланудың арнаулы түрлері Қазақстан Республикасының су заңнамасында белгіленеді. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың өңірлік органдары өзінің орналасқан жері бойынша салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтерді тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірмей табыс етеді.

Мыналар:

1) жер үсті көздерінен және теңіз суларынан механикалық және өзі ағып жатқан суды алу жөніндегі стационарлық, жылжымалы және жүзбелі құрылғыларды пайдалана отырып;

2) гидравликалық электр станцияларын пайдалана отырып;

3) балық шаруашылығын жүргізу үшін су шаруашылығы құрылғыларын пайдалана отырып;

4) су көлігі мұқтаждары үшін жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

Төлемақы мөлшерлемелерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен төлемақы есеп-қисабының әдістемесі негізінде белгілейді. Су алудың нақты көлемі су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген су пайдалану лимиттерінен асып кеткен жағдайда, төлемақы мөлшерлемелері осындай асып кеткен бөлігінде бес есе ұлғайтылады. Төлемақы сомасын су пайдаланудың нақты көлемі мен белгіленген мөлшерлемелерді негізге ала отырып, төлеушілер дербес есептейді. Төлемақы сомасы рұқсат құжатында көрсетілген арнаулы су пайдаланылатын жер бойынша бюджетке төленеді.

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы қоршаған ортаға эмиссия үшін арнайы табиғат пайдалану тәртібімен алынады. Қозғалмалы көздерден шығатын ластағыш заттар шығарындыларын қоспағанда, арнайы табиғат пайдалану қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары беретін экологиялық рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

Белгіленген тәртіппен ресімделмеген рұқсат құжатынсыз қоршаған ортаға эмиссиялар, қозғалмалы көздерден шығатын ластағыш заттар шығарындыларын қоспағанда, қоршаған ортаға белгіленген эмиссиялар нормативтерінен артық қоршаған ортаға эмиссиялар ретінде қарастырылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органдары және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары өзінің орналасқан жері бойынша салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтерді тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей табыс етеді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органдары және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары өзі орналасқан жердегі мемлекеттік кіріс органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы

мәліметтерді есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей, тоқсан сайын ұсынады.

Қазақстан Республикасының аумағында қызметін арнайы табиғат пайдалану тәртібімен жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданылатын қызметті жүзеге асыру нәтижесінде қалыптасатын қоршаған ортаға эмиссия бойынша – бірыңғай жер салығын төлеушілер төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін осындай құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері бойынша салық салу объектілері жөніндегі төлемақыны дербес төлеуші ретінде тануға құқылы.

Қоршаған ортаға эмиссиялардың:

- 1) ластаушы заттар шығарындыларының;
- 2) ластаушы заттар төгінділерінің;
- 3) өндіріс пен тұтынудың орналастырылған қалдықтарының;
- 4) мұнай операцияларын жүргізу кезінде түзілетін, орналастырылған күкірттің белгіленген нормативтері шегінде және (немесе) одан да көп мөлшерде қоршаған ортаға эмиссиялардың нақты көлемі салық салу объектісі болып табылады.

Ластанудың қозғалмалы көздері бойынша декларацияны қоспағанда, төлемақы төлеушілер ластану объектісінің орналасқан жері бойынша салық органдарына декларация тапсырады.

Ластанудың қозғалмалы көздері бойынша декларация салық органдарына:

- 1) мемлекеттік тіркеуге жататын қозғалмалы көздер бойынша – мұндай тіркеуді жүргізу кезінде мемлекеттік уәкілетті орган айқындайтын қозғалмалы көздерді тіркеу орны бойынша;
- 2) мемлекеттік тіркеуге жатпайтын ластанудың қозғалмалы көздері бойынша – салық төлеушінің орналасқан орны бойынша тапсырылады.

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы жануарлар дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін алынады.

Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттың (бұдан әрі – рұқсат) негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мұндай рұқсаттарды жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган беретін, екі және одан да көп облыстың аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында, сондай-ақ сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлар түрлерін ғылыми-зерттеу үшін аулау мақсатында жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсатты қоспағанда, жергілікті атқарушы орган береді.

Жануарлар дүниесін пайдалану түрлері Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленеді. Сирек кездесетін және жойылып кету

қаупі төнген жануарлар түрлерін пайдалану үшін төлемақыны әрбір жекелеген жағдайда осы жануарларды табиғи ортадан аулауға рұқсат беру кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мынадай жағдайларда:

1) жануарларды табиғи ортадан ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарында ен салу, сақина салу, көшіру, жерсіндіру, жасанды көбейту және будандастыру мақсаттары үшін ұстап алып, кейіннен табиғи ортаға жіберген кезде;

2) жеке және заңды тұлғалардың меншігі болып табылатын, жасанды жолмен өсірілген әрі қамауда және (немесе) жартылай қамауда ұсталатын жануарлар дүниесінің объектілерін пайдаланған кезде;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган балық ресурстарын және су жануарларының басқа да түрлерін пайдалануға арналған биологиялық негіздеу мақсатында балықтар мен басқа да су жануарларын бақылау үшін аулауды жүзеге асырған кезде;

4) халық денсаулығын қорғау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан қорғау, қоршаған ортаға зиянды болғызбау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай залал келтіру қаупінің алдың алу мақсатында саны реттелуге тиіс жануарлар түрлерін алған кезде төлемақы алынбайды.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін арнайы пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады. Төлемақы сомасын белгіленген мөлшерлемелер мен жануарлардың санын (су жануарларының жекелеген түрлері үшін салмағын) негізге ала отырып, төлемақы төлеушілер дербес есептейді. Қазақстан Республикасында аң аулаған кезде шетелдіктер үшін төлемақы сомасы белгіленген мөлшерлемелерге және 10 коэффициентіне көбейтілген жануарлар саны (су жануарларының жекелеген түрлері үшін салмағы) негізге алына отырып есептеледі.

Төлемақы сомасы жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алу орны бойынша бюджетке төленеді. Төлем банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен рұқсат алғанға дейін жүргізіледі. Төлемақының төленген сомалары қайтарылуға жатпайды.

Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орманды пайдаланудың мынадай түрлері үшін алынады:

1) ағаш дайындау;

2) шайыр және ағаш шырындарын дайындау;

3) қосалқы ағаш ресурстарын (ағаштар мен бұталардың қабықтарын, бұтақтарын, томарларын, тамырларын, жапырақтарын, бүршіктерін) дайындау;

4) орманды жанама пайдалану (шөп шабу, мал жаю, марал шаруашылығы, аң шаруашылығы, ара ұялары мен омарта орналастыру, көкөніс шаруашылығы, бақша шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізаттар, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер және басқа да тағамдық өнімдер, мүк, орман төсемдері мен түскен жапырақтар, қамыс дайындау және жинау);

5) мемлекеттік орман қоры учаскелерін:

- мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорт мақсаттары;
- аңшылық шаруашылығы қажеттері;
- ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану.

6) ағаш және бұта тұқымдылары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелердің егілетін материалын өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану.

Мемлекеттік орман иеленушілер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен орман пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

Салық салу объектісі

1) көшеттердің құрамы мен нысанына күтім жасау үшін кесуді, сондай-ақ оның жас талдарының толықтығын реттеуді (жарықтандыру, тазарту) және құндылығы шамалы ағаш көшеттерін қайта жөндеуге және ландшафттарды қалыптастыруға байланысты кесуді жүзеге асыру кезінде түбірімен босатылатын сүрек көлемін;

2) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін алынған ағаш ресурстарының, шайырдың, қосалқы орман ресурстарының көлемін қоспағанда, пайдалануға берілетін орман пайдаланудың көлемі және (немесе) мемлекеттік орман қоры учаскелерінің, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы алаңы төлемақы салу объектісі болып табылады.

Төлемақы сомасын мемлекеттік орман иеленушілер есептейді және ол рұқсат құжатында көрсетіледі.

Төленуге тиіс төлемақы мөлшері:

- сүректі түбірімен босатқан кезде – осы Кодекстің 506-бабында белгіленген коэффициенттерді ескере отырып, орман пайдалану көлеміне және төлемақы мөлшерлемелеріне негізделі отырып;

- орман пайдаланудың өзге түрлері кезінде – орман пайдалану көлеміне және (немесе) алаңына, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары белгілейтін орман пайдаланудың өзге түрлері үшін төлемақы мөлшерлемелеріне негізделі отырып айқындалады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы (мемлекеттік табиғи ескерткіштердің, мемлекеттік табиғи қаумалдардың, мемлекеттік қорықтық аймақтардың аумақтарын қоспағанда), ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың сыртқы шекаралары шегінде

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған ғылыми, экологиялық-ағарту, мәдени-ағарту, оқыту, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдаланғаны үшін алынады.

Жер учаскелерінің нысаналы мақсатына және олардың қандай да бір жер санатына жататындығына қарамастан, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың сыртқы шекаралары шегіндегі жер учаскелерінде орналасқан және Салық кодексінің 1-тармағында көрсетілген мақсаттарда пайдаланылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы алынады.

Табиғат қорғау ұйымдары тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей өзінің орналасқан жері бойынша салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер мен салық салынатын объектілер туралы мәліметтер береді.

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

Мыналар:

- елді мекендерде тұрақты тұратын және (немесе) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың шекарасында орналасқан саяжай учаскелері бар жеке тұлғалар;

- «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған табиғат қорғау ұйымдары төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану қажеттілігі туындайтын тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған 0,1 айлық есептік көрсеткіш есебінен ерекше қорғалатын табиғи аумақта болған әрбір күн үшін айқындалады.

Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының ұсынысы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары белгілейді.

Осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, төлемақы сомасын белгіленген мөлшерлемелерді және ерекше қорғалатын табиғи аумақта болған күн санын негізге ала отырып, төлемақы төлеушілер дербес есептейді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың шекарасындағы жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушы жеке және заңды тұлғалар:

- 1) жұмыскерлерді пайдаланған кезде – әрбір жұмыскер үшін;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақта стационарлық емдеу, демалыс мекемелері, спорттық-сауықтыру мекемелері болған кезде – осындай мекемелерде болатын әрбір жеке тұлға үшін төлемақы енгізеді. Жеке тұлға төлемақы сомасының төленгенін растайтын құжат көрсеткен кезде қайталап төлемақы алынбайды.

Төлемақы төлеушілердің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалануына оларда ақы төлеу туралы растаушы құжаттар болған жағдайда ғана жол беріледі. Төлемақы сомасы ерекше қорғалатын табиғи аумақ орналасқан жер бойынша төленеді. Жеке тұлғалар төлемақы сомасын қолма-қол ақшалай төлеген кезде қатаң есептілік бланкілеріне «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған табиғат қорғау ұйымдарының сәйкестендіру нөмірі қойылады. Төлемақының төленген сомалары қайтарылуға жатпайды.

Радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бөлген радиожиилік спектрінің номиналдары (белдеулері, диапазондары) үшін алынады.

Радиожиилік спектрін пайдалану құқығы байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берген рұқсат құжаттарымен куәландырылады. Радиожиилік спектрінің номиналдарын бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурстық негізде жүргізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында еркін қолжетімді теле-, радиоарналарды трансляциялауды қамтамасыз ету мақсатында ұлттық телерадио хабарларын тарату операторына радиожиилік спектрінің номиналдары конкурс өткізбей бөлінеді. Бұл ретте конкурс қорытындылары бойынша жеңімпаз Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде мемлекеттік бюджетке бір жолғы төлемақы енгізеді.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен радиожиилік спектрін, оның ішінде эфирлік цифрлық телерадио хабарларын таратуды ұйымдастыру үшін пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін осындай құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері бойынша төлемақыны дербес төлеуші ретінде тануға құқылы.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғаның осындай тану немесе осындай тануды тоқтату туралы шешімі мұндай шешім қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі. Егер жаңадан құрылған құрылымдық бөлімше төлемақыны дербес төлеуші ретінде танылған жағдайда, заңды тұлғаның мұндай тану туралы шешімі осы құрылымдық бөлімше құрылған күннен бастап немесе осы құрылымдық бөлімше құрылған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төлемақы сомасын байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган рұқсат құжаттарында көрсетілген техникалық параметрлерге, оның ішінде таратушы радиоэлектрондық құралдың қуатына сәйкес радиобайланыс түрі мен радиожилік спектрін пайдалану аумағына қарай төлемақының жылдық мөлшерлемелері негізінде есептейді.

Егер есепті салық кезеңіндегі радиожилік спектрін пайдалану кезеңі бір жылдан кем болған жағдайда төлемақы сомасы жыл бойына есептелген төлемақы сомасын он екіге бөліп, оны жыл бойы радиожилік спектрі пайдаланылған айлардың тиісті санына көбейту арқылы айқындалады. Байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар төлемақының жылдық сомасын көрсетіп хабарлама жазады және оны төлемақы төлеушілерге ағымдағы есепті кезеңнің 20 ақпанынан кешіктірмей жібереді.

Радиожилік спектрін пайдалану құқығын куәландыратын рұқсат құжатын осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімнен кейін алған жағдайда, байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган салық төлеушіге төлемақы сомасын көрсете отырып, салық төлеуші радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат алған айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей хабарлама жібереді.

Қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырмайтын және Қазақстан Республикасында салық төлеушілер ретінде тіркелмеген шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және бейрезидент заңды тұлғалар байланыс саласындағы мемлекеттік уәкілетті органның орналасқан жері бойынша бюджетке төлемақы төлейді.

Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы (бұдан әрі – төлемақы):

- 1) қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын;
- 2) ұялы байланысты беру құқығы үшін алынады.

Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беру құқығы (бұдан әрі – құқық) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган берген рұқсат құжаттарымен куәландырылады.

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен құқық алған, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы, сондай-ақ ұялы байланыс операторлары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

Төлемақы сомасын байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган төлемақының жылдық мөлшерлемелері негізінде төлемақы төлеушілердің электрлі байланыс (телекоммуникациялар) қызметтерін беруден түсетін кірістерін негізге ала отырып есептейді.

Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беру кезеңі есепті салық кезеңінде бір жылдан кем болған жағдайда, төлемақы сомасы жыл бойынша есептелген төлемақы

сомасын он екіге бөліп, оны жыл бойы қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы, сондай-ақ ұялы байланыс берілген айлардың тиісті санына көбейту арқылы айқындалады. Байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жылдық төлемақы сомасы көрсетілген хабарлама жазады және оны ағымдағы есепті кезеңнің 20 ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде төлеушіге жібереді.

Құқықты куәландыратын рұқсат құжатын осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімнен кейін алған жағдайда, байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган салық төлеуші қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беруге рұқсат алған айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей, төлемақы сомасы көрсетілген хабарламаны төлемақы төлеушіге жібереді.

Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін алынады.

Көлік саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган жыл сайын, есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша уәкілетті органға навигация мерзімдері туралы мәліметтер ұсынады.

Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады. Мемлекеттік мекемелер төлемақы төлеушілер болып табылмайды. Жылдық төлемақы сомасы жылдық төлемақы мөлшерлемесі мен кемеңің регистрлік тоннадағы жалпы сыйымдылығы негізге алына отырып айқындалады. Бір ай үшін төлемақы мөлшері көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган ағымдағы жылға белгілейтін навигация кезеңіне есептелген жылдық төлемақы сомасын бөлу арқылы айқындалады.

Салық кезеңінің қорытындылары бойынша бюджетке енгізілуге жататын төлемақы сомасы бір ай үшін төлемақы мөлшерін кеме жүзетін су жолдарының нақты кезеңіне көбейту жолымен айқындалады. Бұл ретте, салық кезеңі үшін төлемақы сомасы бір ай үшін төлемақы мөлшерінен кем болмауға тиіс. Төлемақы төлеу төлемақы жөніндегі декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмей төлемақы төлеушінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

Сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырғаны үшін төлемақы Қазақстан Республикасының аумағындағы жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін алынады.

Аталған мақсаттары үшін сыртқы (көрнекі) жарнама деп:

- 1) астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда;
- 2) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің аумағы шегіндегі республикалық және облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы

тұрақты орналастыру объектілерінде орналастырылған жарнамаларды қоспағанда, республикалық және облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде орналастырылған жарнамалар танылады.

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыру:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен белгілі бір мерзімге Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор беретін құжат негізінде халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде жарнама объектілерін орналастыру кезінде, ал облыстың жергілікті атқарушы органы беретін құжат негізінде облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде жарнама объектілерін орналастыру кезінде;

- жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беретін рұқсат негізінде елді мекендерде жарнама объектілерін орналастыру кезінде жүргізіледі.

Жарнама объектілерін тиісті құжаттарсыз орналастыруға тыйым салынады. Тиісті рұқсат құжаты болмаған кезде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін нақты орналастыру төлемақы сомасын өндіріп алуға және бюджетке енгізуге негіз болып табылады.

Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор және жергілікті атқарушы органдар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей рұқсат беру құжатында көрсетілген сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі орналасқан жердегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтер ұсынады. Жарнама объектілерін орналастыратын жеке тұлғалар (оның ішінде дара кәсіпкерлер) мен заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады. Алынатын төлемақы мөлшері рұқсат құжатында белгіленген, бірақ күнтізбелік бір ай үшін төлемақы мөлшерінен кем емес төлемақы мөлшерлемесі және жарнама объектілерін орналастырудың нақты мерзімі негізге алына отырып есептеледі.

Төлемақы төлеушілер рұқсат құжатын алу кезінде Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық операторға немесе жергілікті атқарушы органдарға жарнаманы орналастырудың бірінші айы үшін төлемақы сомасын бюджетке енгізгендігін растайтын құжатты табыс етеді.

Мұндай көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді жүргізген кезде олардың мемлекеттік уәкілетті орган айқындайтын тіркелген жері бойынша төлемақысы бюджетке енгізілетін көлік құралдарын қоспағанда, төлемақы сомасы рұқсат құжатында көрсетілген, сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің орналасқан жері бойынша бюджетке төленеді.

9.3 Мемлекеттік баж

Мемлекеттік баж – мемлекеттік уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін және (немесе) құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем.

Осы тараудың мақсаттары үшін құжаттарды (олардың көшірмелерін, телнұсқаларын) беру заңдық мәні бар іс-әрекеттерге теңестіріледі.

Мемлекеттік уәкілетті органдар немесе лауазымды адамдар тоқсан сайын, есепті тоқсанның кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша өзінің орналасқан жері бойынша салық органына мемлекеттік баж төлеушілер туралы ақпарат ұсынады.

Заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасау және (немесе) құжаттар беру жөнінде уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға өтініш жасайтын жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік баж төлеушілер болып табылады. Құрылымдық бөлімшелер тиісті уәкілетті органдардың осы құрылымдық бөлімше мүддесінде заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасаған кезінде дербес төлеушілер ретінде қаралуы мүмкін.

Мыналардан мемлекеттік баж алынады:

1) сотқа берілетін талап-арыздардан, ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға арналған атқару парақтарын беру туралы арыздардан, сот актілерінің, атқару парақтарының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан;

2) нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттар көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені үшін;

3) азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтамалар мен қайтадан куәліктер бергені және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзетуге және қалпына келтіруге байланысты куәліктер бергені үшін;

4) Қазақстан Республикасынан тұрақты тұрғылықты жерге кетуге құжаттарды ресімдегені үшін;

4-1) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келуіне шақыруларды ресімдегені, Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдағаны және келіскені үшін;

5) Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу құқығына виза бергені, оны қалпына келтіргені немесе ұзартқаны үшін;

6) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан

Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін;

7) тұрғылықты жерін тіркегені үшін;

8) аңшы куәлігін (аңшы куәлігінің телнұсқасын) бергені (қайта ресімдегені) үшін;

9) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдіктер, жануарлар мен бекіре балықтардың түрлерін, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге және әкетуге рұқсат бергені үшін;

10) жеке басты куәландыратын құжаттарды бергені үшін;

11) азаматтық, қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға рұқсаттар бергені үшін;

11-1) азаматтық, қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қорытындылар бергені үшін;

11-2) азаматтық, қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдама бергені үшін;

12) жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, механикалық шашыратқыштарды, аэрозольді және көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған басқа құрылғыларды, ату қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын және калибрі қоса алғанда 4,5 миллиметрге дейінгі пневматикалық қаруды қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін;

13) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың апостиль қойғаны үшін;

14) жүргізуші куәліктерін, тракторшы-машинист куәліктерін, механикалық көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бергені үшін;

15) зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті органның мәні бар іс-әрекеттерді жасағаны үшін;

16) жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және оның телнұсқасын бергені үшін;

17) теңізшінің жеке куәлігін, Қазақстан Республикасының теңізде жүзу кітапшасын және кәсіби дипломды бергені үшін;

18) азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алуға рұқсат бергені үшін мемлекеттік баж алынады.

9.4 Тесттік тапсырмалар

1 Есептелген және мерзімінде төленбеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер не болып табылатынын анықтаңыз:

- A) объективті;
- B) өсімпұл;
- C) айыппұл;
- D) бересі,
- E) міндеттеме.

2 Төленбеген салық және бюджетке төленген басқа да міндетті төлемдер сомасына қандай көлемде өсімпұл өндірілетінін көрсетіңіз:

A) әр бұзылған күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,5 еселенген мөлшерінде;

B) әр күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 2 еселенген мөлшерінде,

C) әр бұзылған күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,2 еселенген мөлшерінде;

D) әр бұзылған күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 0 мөлшерінде;

E) әр бұзылған күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1 еселенген мөлшерінде.

3 Төлем көзінен ұсталатын салық сомасы қандай тұлғамен есептелетінін атаңыз:

- A) жергілікті өкілді органмен;
- B) салық төлеушімен;
- C) салық органмен;
- D) кеден органмен;
- E) салық агентімен.

4 Төменде көрсеткен жауаптан жер қойынауын пайдаланудың арнайы төлемінің бір түрін көрсетіңіз

- A) акциз;
- B) ҚҚС;
- C) бонус,
- D) мемлекеттік баж;
- E) төлем.

5 Мемлекеттік баж:

А) Қазақстан Республикасының аумағындағы жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төленетін міндетті төлем;

В) мемлекеттік уәкілетті органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін және (немесе) құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем;

С) Байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бөлген радиожілік спектрінің номиналдары (белдеулері, диапазондары) үшін алынатын төлем;

Д) ерекше қорғалатын жерді пайдаланғаны үшін төленетін міндетті төлем;

Е) Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін алынатын міндетті төлем.

10 АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ

10.1 Арнаулы салық режимдерінің түсінігі мен түрлері

Арнаулы салық режимі – салық төлеушілердің кейбір санаттары үшін белгіленген және салықтардың жекелеген түрлерін есептеу мен төлеудің, сондай-ақ ол бойынша салық есептілігін табыс етудің оңайлатылған (жеңілдетілген) тәртібін көздейтін, бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібі.

Арнаулы салық режимдері мынадай түрлерге бөлінеді:

1) мыналарды:

- патент негізінде арнаулы салық режимін;

- оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қамтитын шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимі;

2) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі;

3) ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимі.

Салық төлеуші осы бөлімде белгіленген жағдайларда және тәртіппен жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті немесе арнаулы салық режимін таңдауға құқылы.

Жалпыға бірдей белгіленген тәртіп деп есептеу, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу салық есептілігін табыс ету тәртібі түсініледі.

Патент - жеке табыс салығын (төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын қоспағанда), әлеуметтік салықты, міндетті зейнетақылық жарналар, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу фактісін растайтын электрондық құжат.

Жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті немесе арнаулы салық режимін таңдауды:

1) дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебі туралы салықтық өтініште - дара кәсіпкерлер ретінде тіркеу есебіне қою кезінде жеке тұлғалар;

2) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық төлеушілер ұсынатын, қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламада – бір салық салу режимінен өзге салық салу режиміне ауысу кезіндегі салық төлеушілер, сондай-ақ жаңадан құрылған (пайда болған) заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны салық төлеушілер орналасқан жері бойынша салық органына қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда, оның ішінде «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырады.

Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны жаңадан құрылған дара кәсіпкерлер, сондай-ақ дара кәсіпкерлер жалпыға бірдей белгіленген тәртіптен немесе өзге де арнаулы салық режимінен патент негізінде арнаулы салық режиміне ауысқан кезде тапсырмайды.

Арнаулы салық режимдері қолданылатын тұлғаларға салық салу мақсатында салық төлеушінің өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшесі болып оның функцияларының бір бөлігін орындайтын, орналасқан жері бойынша тұрақты жұмыс орындары жабдықталған аумақтық оқшауланған бөлімше танылады. Егер жұмыс орны бір айдан асатын мерзімге құрылса, ол тұрақты болып есептеледі. Шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық тәртібі (режимі), төлем көзінен ұсталынатын жеке табыс салығын қоспағанда, корпоративті (жеке) табыс салығына, әлеуметтік салыққа қатысты белгіленеді. Өзге салықтарды, міндетті төлемдерді есептеу мен төлеу және ол бойынша есептілікті табыс ету жалпы белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Шағын бизнес субъектілері үшін салықтарды есептеудің оңайлатылған тәртібі бір жолғы талон, патент, оңайлатылған декларациялар негізінде жүргізіледі.

Аталған әдістердің әрбірі үшін оларды қолдану шарты: қызметтің эпизодтылығы, кәсіпкерлік қызметтің орыны мен сипаты, кіріс көлемі, жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің саны, жалданбалы жұмыскерлерді пайдалану ескертіледі.

ШАҒЫН БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ

Арнаулы салық режимі шағын бизнес субъектілері үшін төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, әлеуметтік салықты және корпоративтік

немесе жеке табыс салығын есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді. Осы тармақта көрсетілмеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есептеу, төлеу және салық есептілігін тапсыру жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушінің осы тарауға сәйкес салық салынатын кірісіне кірістердің мынадай түрлері қосылады:

1) тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түсетін табыс, оның ішінде роялти, мүлікті мүлдіктік жалдаудан (жалға беруден) түсетін табыс;

2) міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс;

3) талап ету құқығын басқаға беруден түсетін табыс;

4) бірлескен қызметті жүзеге асырудан түсетін табыс;

5) таңылған немесе борышкер таныған айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа да санкция түрлері (егер салық төлеуші бюджетпен есеп айырысуды жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асырған кезеңде, бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа);

6) мемлекеттік бюджет қаражатынан шығындарды жабуға алынған сомалар;

7) материалдық құндылықтардың түгендеу кезінде анықталған артық шығуы;

8) кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға арналған, өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс (қайырымдылық көмекті қоспағанда);

9) жалға беруші дара кәсіпкердің жалға берілген мүлкін күтіп ұстауға және жөндеуге арналған шығыстарын жалға алушының өтеуі;

10) жалға алушының жалға алу шарты бойынша төлемақы есебіне есептелетін, дара кәсіпкерден жалға алған мүлікті күтіп ұстауға және жөндеуге арналған шығыстары.

Шағын бизнес субъектілері салықтарды есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін табыс етудің төменде санамаланған тәртіптерінің біреуін ғана дербес тандауға құқылы:

1) жалпыға бірдей белгіленген тәртіп;

2) патент негізіндегі арнаулы салық режимі;

3) оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі.

Жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке ауысқан кезде жалпыға бірдей белгіленген тәртіп күнтізбелік бір жыл қолданылғаннан кейін ғана келесі арнаулы салық режиміне ауысуға болады.

Арнаулы салық режимін:

1) филиалдары, өкілдіктері бар заңды тұлғалардың;

2) заңды тұлғалар филиалдарының, өкілдіктерінің;

3) әртүрлі елді мекендерде өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері және (немесе) салық салу объектілері бар салық төлеушілердің;

4) басқа заңды тұлғалардың қатысу үлесі 25 пайыздан асатын заңды тұлғалардың;

5) құрылтайшысы немесе қатысушысы бір мезгілде арнаулы салық режимін қолданатын басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың;

6) агенттік шарттардың (келісімдердің) негізінде қызмет көрсететін салық төлеушілердің қолдануға құқығы жоқ.

7) коммерциялық емес ұйымдардың;

8) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қолдануға құқығы жоқ.

Мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілердің шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін:

1) акцизделетін тауарларды өндіруге;

2) акцизделетін тауарларды сақтауға және көтерме саудада өткізуге;

3) мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін – бензинді, дизель отынын және мазутты өткізуге;

4) лотереялар өткізуге;

5) жер қойнауын пайдалануға;

6) шыны ыдыстарды жинауға және қабылдауға;

7) түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауға (дайындауға), сақтауға, қайта өңдеуге және өткізуге;

8) консультациялық қызметтер көрсетуге;

9) бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы қызметке;

10) сақтандыру брокері мен сақтандыру агентінің қаржы, сақтандыру қызметіне және делдалдық қызметіне;

11) құқық, әділет және сот төрелігі саласындағы қызметке қолдануға құқығы жоқ.

Патент негізіндегі арнаулы салық режимі

Патент негізінде арнаулы салық режимін Салық кодексінің 428-бабы және 4-тармақтарында көрсетілген тұлғалар болып табылмайтын және мынадай шарттарға сай келетін:

1) қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын;

2) жеке кәсіпкерлік нысанында қызметті жүзеге асыратын;

3) салық кезеңіндегі шекті табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған ең төменгі жалақының 300 еселенген мөлшерінен аспайтын дара кәсіпкерлер қолданады.

Күнтізбелік жыл *салық кезеңі* болып табылады.

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін орналасқан жері бойынша салық органына патент құнының есеп-қисабын (осы тараудың мақсатында бұдан әрі – есеп-қисап) ұсынады.

Есеп-қисапты қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда, оның ішінде "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы:

1) жаңадан құрылған дара кәсіпкерлер – дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебі туралы салықтық өтінішпен бір мезгілде;

2) жалпыға бірдей белгіленген тәртіптен немесе өзге де арнаулы салық режимінен ауысуды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер – патент негізінде арнаулы салық режимін қолдану айының 1 күніне дейін;

3) кезекті патентті алу үшін патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер – алдыңғы патенттің қолданылу мерзімі немесе салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін ұсынады.

Дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген күн жаңадан құрылған дара кәсіпкерлер үшін патент негізінде арнаулы салық режимін қолдану басталатын күн болып табылады.

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі

Салық кодексінің 428-бабының 3 және 4-тармақтарында көрсетілген тұлғалар болып табылмайтын және мынадай шарттарға сай келетін дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар:

1) дара кәсіпкерлер үшін:

- дара кәсіпкердің өзін қоса алғанда, қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде жиырма бес адам болса;

- салық кезеңі үшін шекті табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қолданыста болған ең төменгі жалақының 1400 еселенген мөлшерін құраса;

2) заңды тұлғалар үшін:

- қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде елу адам болса;

- салық кезеңі үшін шекті табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қолданыста болған ең төменгі жалақының 2800 еселенген мөлшерін құраса, оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолданады.

Жартыжылдық салық кезеңі болып табылады.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҚТАРЫ ҮШІН АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ

Шаруа немесе фермер қожалықтары мынадай салық салу режимдерінің бірін дербес таңдауға құқылы:

1) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі;

2) шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимі;

3) жалпыға бірдей белгіленген тәртіп;

4) ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимі.

Күнтізбелік жыл бірыңғай жер салығы бойынша *салық кезеңі* болып табылады.

Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолдану үшін жалпыға бірдей белгіленген тәртіптен немесе өзге де арнаулы салық режимінен ауысқан кезде дара кәсіпкер жер учаскесінің орналасқан жері бойынша салық органына қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама табыс етеді.

Жер ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік уәкілетті орган берген жер учаскелерінің бағалау құнын айқындау актісі негізінде белгіленген жер учаскесінің бағалау құны бірыңғай жер салығын есептеу үшін салық салу объектісі болып табылады.

Жер ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік уәкілетті орган берген жер учаскелерінің бағалау құнын айқындау актісі болмаған кезде жер учаскесінің бағалау құны жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган берген деректер бойынша аудан, қала бойынша орташа жердің 1 гектарының бағалау құны және жер учаскесі алаңы негізге алына отырып, айқындалады.

10.2 Тесттік тапсырмалар

1 Жер қойынан приыларға келесім-шарттын салық режимінің алғашқы үлгісі жер қойынан приыларын төлеууін көрсетеді

- А) жер қойынаун приыларын тек арнайы төлемдері;
- В) ҚР өнімді бөлу бойынша үлесін қоспағанда салық кодексімен белгеніген салық және өзге де міндетті төлемдер,
- С) салықтың барлық түрлері;
- Д) өнімді бөлу бойынша ҚР үлесі;
- Е) ҚҚС.

2 Жер қойнаун приыларға келесім-шартын салық режимінің екінші үлгісі жер қойының приыларын төлеуін көрсетеді

- А) жер қойынаун приыларын тек арнайы төлемдері;
- В) ҚР өнімді бөлу бойынша үлесін қоспағанда салық кодексімен белгеніген салық және өзге де міндетті төлемдер;
- С) салықтың барлық түрлері;
- Д) өнімді бөлу бойынша КР үлесін төлеуін (беруін), сондай-ақ осы кодексте көзделген салықпен басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерін; шикі мұнай мен басқа да пайдалы қазбаларға салатын акциз; үстеме пайдаға саланынатын салық; жер салығы; газ конденсатының қосқанда; мүлік салығы қосылмайтын төлеуін көздейтін,
- Е) ҚҚС.

3 ҚР Салық кодексімен белгіленген жер қойнауын пайдалануға келесім шарттың салық режимінің үлгісінің саның атаныз:

- A) біреу;
- B) үшеу;
- C) төртеу;
- D) бесеу;
- E) екеу.

4 Үстеме пайда салығы; экспортталатын шикі мұнайға ренттік салық; жер қойнауын приыларын арнаулы төлемдері: а) бонус (қол қойылатының, коммерциялық табу); б) роялти; в) өнімді бөлу бойынша КР үлесі – бұл:

- A) жер қойының приылар төлийтін салықтыр және арнайы төлемдер,
- B) жергілікті бюджетке төленетін салықтыр;
- C) республикалақ бюджетке төленетін салықтыр;
- D) жеке тұлғармен бюджетке төленетін салықтыр;
- E) заңды тұлғалармен бюджетке төленетін салықтыр.

5 ҚР салық заңды бойынша жер қойын пайдалану бойнша қызметсалық салуға жатама

- A) жатады,
- B) жатпайды;
- C) салық орган шешімі бойынша жатады;
- D) келесім шарт жасасқан соң жатады;
- E) ҚР Салық кодексімен карастырылмаған.

6 Экспрталатын шеке мұнайға ренттік салықты төлеушілерді атыназ

- A) ҚР аумағына шек мұнай импортаушы жеке тұлғалар;
- B) өнімді бөлу туралы келесім шарт жасасқан жер қойнауын пайдалы шарты қоспғаны, ҚР аумағына шеке мұнай импортаушы заңды тұлғалар;
- C) жер қойнауын приылар;
- D) өнімді бөлу туралы келесім шарт жасасқан, жер қойынан приылы қоспағанда, шеке мұнайды экспортқа шығарушы жеке және заңды тұлғалар,
- E) өнімді бөлу туралы келесім-шарт жасасқан жер қойнауын приылар.

7 Өнімді бөлу туралы келесім-шарт жасасқан, жер қойнауын приыларды қоспағанда, шикі мұнайды экспортқа шығарушы жеке және заңды тұлғалар ҚР Салық кодексіне сәйкес жер қойнауын приыларын арнайы төлеміне немесе салықтың бір түрін төлеуге міндетті. Дұрыс жауабын атаныз

- A) мемлекеттік бж;
- B) коммерциялық табу бонусы;
- C) роялти;
- D) экспортқа шығарушын шикі мұнайға ренттік салық,
- E) үстемі пайдаға салық.

11 САЛЫҚ САЛУ АЯСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

11.1 Мемлекеттік мәжбүрлеу

Жекелеген салықтар мен өзге де міндетті төлемдер жөніндегі салықтық міндеттемелердің орындалуы объективті, субъективті жағдайларға орай салық салу аясында туындайтын экономикалық-құқықтық теріс маңызы мен келеңсіз мән-сипаты және материалдық салдары бар құбылыстарды күні бұрын есепке ала отырып белгіленген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен (салықтық-құқықтық санкциялармен) қамтамасыз етілген.

Осы орайда және өктем императивтік әдістердің баса қолданылуына қарай салық салу аясы мемлекеттік мәжбүрлеу аясына сай келіп отыр, сондай-ақ осындай жәйттердің нәтижесінде «салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу» деп аталатын салықтық-құқықтық институт қалыптасып, даму үстінде.

Салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу күші көбінесе материалдық, сонымен қоса өзге де салықтық-құқықтық қатынастарды қорғауға бағытталған, сондай-ақ ол әрқашанда заңи жауапкершілікпен тығыз байланыста болады және көптеген жағдайларда осы жауапкершіліктің мәнін құрайды.

Қазіргі салық салу аясында мемлекет тарапынан (оның салықтық құқығы арқылы) мынадай мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қолданылады:

- 1) салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдердің мерзімінде төленбеген сомасына өсімпұл есептеу;
- 2) салық төлеушінің банктік шоттар бойынша жүргізетін шығыс операцияларын тоқтата тұру;
- 3) мерзімінде өтелмеген салық берешегі есебіне салық төлеушінің өз мүлкіне билік етуіне шектеу қою;
- 4) салықтық тексерулер жүргізу барысында Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес салық төлеушілердің қандай болмасын құжаттарын алып қою;
- 5) салық берешегін салық төлеушінің банктік шоттарындағы ақшалар есебінен өндіріп алу;
- 6) салық берешегін салық төлеушінің қолма-қол ақша қаржаттары есебінен өндіріп алу;
- 7) салық төлеушінің салық берешегі сомасын оның дебиторларының банктік шоттарынан өндіріп алу;
- 8) салық төлеушінің билік етуіне шектеу қойылған мүлкін өткізу, сату есебінен оның салық берешегін өндіріп алу;
- 9) салық төлеушінің (акционерлік қоғамның) акциялары эмиссиясын мәжбүрлеп қосымша шығарту арқылы салық берешегін өндіріп алу;
- 10) салық берешегінің бересі сомасын есептеу және өндіріп алу;

11) салықтық құқық бұзушылық жасаған салық төлеушілерді тиісті заңдарда көзделген заңи жауапкершілік түрлеріне тарту.

Қазақстан Республикасының ағымдағы тиісті заңдары салықтық тексеру, бақылау нәтижесіне қарай салық төлеуші нақты заңды және жеке тұлғаларға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануды көздейді. Мемлекеттік мәжбүрлеудің айтарлықтай бөлігі әкімшілік тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы ретте салық салу аясындағы мәжбүрлеу шараларына мынадай айрықша белгілер тән болады:

- мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі көбінесе салықтық құқықтың нормаларымен және әкімшілік іс жүргізу нормаларымен айқындалады;

- мәжбүрлеу шараларын қолдану кезінде заңдылықтың сақталуына қатаң назар аударылады және оның сақталуы іс жүзінде қамтамасыз етіледі;

- салық салу аясында қолданылатын мәжбүрлеу шараларының жүйесі әртүрлі бағыт-сипатта болады;

- мәжбүрлеу шараларын қолдану соттан тыс жағдайда жүзеге асырылады;

- салық салу аясындағы мәжбүрлеу шараларын құқықтық реттеу, яғни жауапкершіліктің негізін және қолдану тәртібін белгілеу механизмі, қаржылық әкімшілік және қылмыстық заңдармен айқындалады;

- мәжбүрлеу шараларын қолдану айрықша жеңілдетілген тәртіппен және қарапайым іс жүргізу нысанында жүзеге асырылады;

- мәжбүрлеу шаралары салық салу аясындағы заңдылықты қамтамасыз ету және салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеу тәртібін сақтау, сондай-ақ нақтылы салық төлеушілерді өз салықтық міндеттерін бұлжытпай орындауға мәжбүр ету мақсатында жүзеге асырылады.

Салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу мемлекет тарапынан құқықтық нормаларда белгіленеді. Сондықтан оларды қолдану қашанда және қайда болмасын мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етіледі.

11.2 Заңды жауапкершілік түсінігі, түрлері

Әдетте заңи жауапкершілік шараларын қолдану құқық бұзушының ерік білдіруіне байланысты болмайды, сондай-ақ заңи жауапкершілік пен мемлекеттік мәжбүрлеуді салыстырсақ мемлекеттік мәжбүрлеудің заңи жауапкершіліктің аса қажетті элементі ретінде көрініс табатынын байқаймыз.

Салық салу аясында қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының бәрін бірдей заңи жауапкершілік шарасы деп айта алмаймыз. Себебі кейбір кездерде мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануды заңи жауапкершілік ретінде қарастыратын негіздер болмайды.

Дегенмен салық салу аясында қолданылатын қандай болмасын заңи жауапкершіліктің құрамында әрдайым мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары көрініс табады.

Демек салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу мынадай:

1) салықтық құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылатын заңи жауапкершілік шаралары бойынша;

2) салық заңдарының әмірлі талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін дербес шара ретінде қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу бойынша жүзеге асырылады.

Бұл орайда екінші бағыт бойынша жасалған іс-қимылдар салықтық құқық бұзушылық болып саналмағандықтан қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары заңи жауапкершілік шараларына жатпайды.

Қандай болмасын құқық бұзушылықтың тұрақты белгісі осы құқық бұзушылықты білдіретін іс-қимылды жасағаны үшін мемлекет белгілеген (көздеген) заңи жауапкершілік болып табылады. Егер мемлекет тарапынан қандай болмасын құқыққа қайшы іс-әрекетті жасағаны үшін жауапкершілік белгіленбесе, онда ол салықтық құқық бұзушылық ретінде қарастырылмайды. Демек құқық бұзушылық заңи жауапкершілік шараларын қолданудың негізі болып есептеледі. Осыған байланысты мемлекеттік мәжбүрлеу аясының заңи жауапкершілік шеңберіне қарағанда кең ауқымды болатынын байқаймыз.

Салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеуді сипаттау кезінде оның мынадай ерекше белгілерін бөліп шығаруға болады:

1) соттан тыс жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын салық салу аясында кеңінен қолдану мүмкіндігі заң жүзінде рұқсат етілген және салықтық құқық бұзушылық фактісін жедел жою мақсатында сол шараларды қолданудың жеңілдетілген процессуалдық тәртібі көзделген;

2) мемлекеттік мәжбүрлеу салықтық заңдардың әмірлі талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған тұлғаның құқыққа қайшы жүріп-тұруына мемлекет тарапынан көрсетілген заңдық қарымта;

3) мемлекеттік мәжбүрлеу аясымен қамтылған салық салу аясында міндетті түрде салық төлеушілердің құқықтарын қорғау және заңдылықты қамтамасыз ету механизмдері қарастырылған;

4) мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану негізінде салықтық құқықтық қатынасқа қатысушының құқыққа қайшы әрі кінәлі іс-қимылы жатады;

5) салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу кешенді құқықтық институт болғандықтан салықтық әкімшілік, қылмыстық және т.б. құқық нормаларынан құралады;

6) мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану процесінде салық төлеушілердің мемлекет алдындағы өз салықтық міндеттемелерін тиісінше орындау мән-жайлары қамтамасыз етіледі.

Мәселен, салықтық тексеру кезінде салықтық заңдардың бұзылуы фактісінің орын алғанын мәлімдейтін жалған немесе қолдан жасалған құжаттардың табылуына байланысты олардың бәрі салық төлеушіден мәжбүрлеп алынып, алынғаны жөнінде құжаттардың тізбесі бар акті салық төлеушіге табыс етіледі.

Салық органының құжаттарды алу жөніндегі іс-қимылдары тек сол салық төлеуші — заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның көзінше және солардың қатысумен жүргізіледі.

Құжаттарды алып қою мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде мынадай мақсаттарды көздейді:

- 1) салықтық заңдардың бұзылуына жол бермеу және соған байланысты мән-жайларды тыйып тастау;
- 2) құқық бұзушыны заңи жауапкершілікке тарту кезінде тиісті заңның бұзылғаны жөніндегі фактіні дәлелдемелермен қамтамасыз ету.

Аталған шараны қолдану негізінде:

- 1) құжаттын қолдан, яғни тиісті құжатқа жалған мәліметтер енгізу арқылы жасалғандағы немесе жалғандығы;
- 2) құжатта салықтық заңдардың бұзылғаны жөніндегі нақтылы мәліметтердің орын алуы белгілері көрініс табады.

Мысалы, ресми құжатқа жалған мәліметтер енгізілсе не болмаса түзетулер енгізілсе бұл құжат жалған болып саналады. Бұл ретте жалғандығы мен түзетілгендігі бірігіп кеткен сияқты.

Сондықтан оларды толығымен алғанда тек жалған фактілер мен мағлұматтардан және шындыққа жанаспайтын мәліметтерден тұратын құжаттар — жалған құжаттар, сондай-ақ ресми құжаттын шын мәнісін бұрмалайтын түзетулер енгізілген құжаттар - қолдан жасалған құжаттар деп бөліп көрсетуге болады.

Мемлекет салық төлеушілердің өз міндеттерін тиісінше әрі сапалы орындауларын асыға күтеді және өз экономикалық-қаржылық мүддесінің мүлтіксіз орындалуын көздей отырып мемлекеттік мәжбүрлеу және заңи жауапкершілік шараларының өткір жебесін салық жүйесіндегі негізгі тұлғаға — салық төлеушіге бағыттайды.

Салық төлеуші өзінің салықтық міндеттемесін тиісінше орындаған жағдайда ол төлеген салықтар ақша нысанында тиісті бюджет кірісіне уақтылы және толығымен түсетіні сөзсіз.

Сондықтан, айтылған жайларды ескере отырып мемлекет өзінің салықтық-бюджеттік мүддесін қамтамасыз ету мақсатында:

- өркениетті, салық салу процесін жан-жақты қамтитын салық заңын қабылдау нәтижесінде әрбір салықтың ұтымды бөлуын қамтамасыз ету және оның тиімді құқықтық негізін құру арқылы салық төлеуден жалтарушыларға және төлемей жүргендерге тосқауыл қою;

- өктем өкілеттілік берілген салық органдарының екінші тарапқа — салық төлеушілерге мәжбүрлеу шараларын қолдануға қажетті құқығын қалыптастыру;

- салық төлеушілердің өздеріне тиесілі салықтық міндетте- мелерін тиісінше орындамауларына байланысты оларға жазалау шараларын белгілеу;

- салық төлеуді қамтамасыз ету мақсатында салық төлеушілерге және басқа да салықтық құқықтық қатынасқа қатысушыларға әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық сипаттағы заңи жауапкершілік шараларын белгілеу тәрізді мәжбүрлеу механизмін құрады.

Салық салу аясында мемлекет назарынан тыс қалмайтын субъектілер қатарына салық төлеушілерден басқа өздеріне жүктелген күрделі міндет-мақсаттарды жүзеге асырушы салық органдары, салықтарды төлем көздерінде ұстап қалатын қаржылық агенттер және салық төлеушілер төлеген салық сомаларын тиісті бюджет кірісіне аударатын банктер жатады. Мемлекет аталған осындай субъектілердің салық заңдарының әмірлі талаптарын бұлжытпай орындауларына және атқарылу нәтижелеріне мүдделі болады.

Салық салу аясындағы мемлекеттің құқықтық және т.б. жағдайларына тоқталатын болсақ, оның айрықша мәртебесі бар екенін байқаймыз. Салықтық құқықтың және салықтық құқықтық қатынастардың (әсіресе материалдық салықтық құқықтық қатынастардың) мызғымас субъектісі ретінде көрініс табатын мемлекет салық салу аясындағы заңдылықтың жалпы сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сонымен қатар мемлекеттің мүдделі іс-қимылы материалдық салықтық қатынастың субъектісі ретінде жүзеге асырылса, оның айрықша уәкілетті салық органдары бұл жерде тек мемлекеттің өкілі ғана болып табылады. Сондықтан мемлекет екі тарапқа да, яғни салық төлеушілерге де, мемлекеттік уәкілетті органдарға да, өктемдік көрсете отырып, олардан өзін алшақ ұстайды. Осындай жәйттер оның заң шығарушы субъект екенін білдіреді және заңның орындалуына аса мүдделі екенін көрсетеді.

Егер салық заңы мүлтіксіз орындалса, онда салықтардың дер кезінде және толығымен мемлекет кірісіне түсетіні түсетіні белгілі. Ал салықтар мемлекет кірісіне толығымен және уақтылы түскен жағдайда салық заңдарының орындалуы мен тиімділігі ашық және айқын көрініс табады.

Ешбір салық төлеуші салықтарды өз бетімен дербес және патриоттық-азаматтық сана-сезіммен төлеуге ешқашанда белсенділік танытпайтыны белгілі. Алайда салық төлеуден ешкімнің қашып құтыла алмайтыны да баршаға мәлім.

Салық төлеушінің салық заңдарының әмірлі талаптарын орындамауы немесе қалай болса солай орындауы заңның бұзылуына әкеп соқтырады. Оның үстіне салық органдарының құқыққа сай емес әрекеттері, банк мекемелерінің салық заңдарының әздеріне тиесілі бағыттағы талаптарын орындамаулары да заңға қайшы, кінәлы іс-қимылдар болып саналады.

Осы орайда салық заңдарының бұзылуы өз салықтық міндеттемелерін тиісінше орындамаған немесе мүлдем орындамаған салық төлеушілердің, салық заңдары арқылы өздеріне жүктелген міндеттерді орындамаған банк мекемелері мен басқа да қаржылық-кредиттік органдардың, сондай-ақ салық төлеушілерге және басқа да субъектілерге қатысты уәкілетті салық органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының құқыққа сай емес әрекет-қызметтеріне байланысты салық заңдарының әмірлі талаптарын ойдағыдай атқармаулары сипатында көрініс табады.

Егер құқыққа қарсы осындай әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) құқық бұзушылық деп атасақ, онда оны құқықты бұзушы іс-әрекет, яғни құқықтық нормалардың талаптарына қарама қарсы келетін әрекет деп түсіндіруге болады.

Демек құқықты бұзушы тұлға құқық нормаларының талаптарына орай өзіне жүктелген міндеттер мен шектеулерді орындамайтын тұлға болып табылады.

Сонымен, салықтық құқық бұзушылық-салықтық қатынасқа қатысушылардың салық заңдарының нормаларымен белгіленген өздеріне қатысты міндеттерді тиісінше орындамауларына не мүлдем орындамауларына байланысты тиісті заң актілерінде заңи жауапкершілік көзделген құқыққа қайшы, кінәлі әрекет не болмаса әрекетсіздік болып сипатталады.

Салықтық құқық бұзушылықтың басқа да құқық бұзушылықтар сияқты өзіне тән белгілері мен құрамы болады.

Салықтық құқық бұзушылық белгілеріне:

- жиі көрініс табуына байланысты қоғамға қауіптілігі;
- құқыққа қайшылығы (қарсы);
- кінәлілігі;
- зардап-залалдың (зиянның) бөлуы;
- құқыққа қайшы әрекет пен оның нәтижесі (салдары) зардапты зиян және олардың арасындағы себептік байланыс;
- құқыққа қайшы, кінәлі әрекеттің (әрекетсіздіктің) жазалануы, яғни теріс әрекеттің жазалануы жатады.

Салықтық құқық бұзушылықтар тек мемлекеттің салық жүйесіне тікелей бағытталған құқық бұзушылықтар болып саналады. Алайда салықтық құқық бұзушылықтарға тек салық төлеуші тарапынан жасалынған құқыққа қайшы әрекеттерді ғана жатқызуға болмайды.

Құқыққа қайшы іс-әрекеттердің нақтылы бағыт-бағдарларына байланысты салықтық құқық бұзушылық мынадай түрінде көрініс табады:

- салықтар жүйесіне (салық салу жүйесі) қарсы құқық бұзушылықтар;
- салық төлеушілердің экономикалық мүдделеріне, құқықтары мен бостандықтарына қарсы құқық бұзушылықтар;
- бюджеттердің кіріс бөліктерінің салықтық түсімдер арқылы орындалуына қарсы құқық бұзушылықтар;

- салық төлеушілердің салықтық міндеттерін орындауға кепілдік беретін жүйеге қарсы құқық бұзушылықтар;
- салық органдарының бақылау функцияларын жүзеге асыруға қарсы құқық бұзушылықтар;
- бухгалтерлік есепті жүргізу, бухгалтерлік және салықтық есептемелерді әзірлеу және табыстау тәртібіне қарсы құқық бұзушылықтар;
- салықтарды төлеу жөніндегі міндеттерге қарсы құқық бұзушылықтар.

Құқыққа қайшы іс-әрекет салық заңдары нормаларының әмірлі талаптарын орындамау болып табылады. Салықтық құқық бұзушылықтың келесі белгісі кінәлілігі құқық бұзушы тарапынан қасақана немесе абайсызда жасалған іс-әрекетке оның тікелей психикалық қатыстығын білдіретін белгі болып есептеледі.

Салықтық құқық бұзушылықтың нәтижесінде мемлекетке зиян (залал) келтірілетіні көпшілікке белгілі.

Қандай болмасын салықтық құқық бұзушылықтың зиянды-зардапты салдары болатындықтан, оларды материалдық ауыртпашылығы бар және салық салу аясындағы құқықтық тәртіпті бұзу түріндегі зияны бар салықтық құқық бұзушылықтар деп бөлген дұрыс болады.

Материалдық құқық бұзушылықтың барысында мемлекетке немесе салық төлеушіге айтарлықтай көлемде мүлдітік-заттай зиян келтіріледі. Құқық бұзушылық жасалған жағдайда оның міндетті түрде зиянды салдары болады.

Құқыққа қайшы әрекет пен оның нәтижесі - келтірілген зардаптың арасындағы себептік байланыс салықтық құқық бұзушылықтың төртінші белгісі болып саналады. Себептік байланыстың құқық бұзушыға қатыстығы зиянның тікелей және кінәлі әрекеттің нәтижесінде келтірілуі арқылы көрініс табады.

Салықтық құқық бұзушылықтың бесінші белгісі кінәлі, құқыққа қайшы әрекеттің, яғни оны жасаған тұлғаның заңи жауапкершілікке тартылып мемлекет тарапынан қарсы ауыр ықпалға ұшырауы жазалануы болып табылады.

Құқық бұзушылық жасалған жағдайда ғана заңи жауапкершілік қолданылады. Салықтық құқықтық қатынастар аясында құқық бұзушылық орын алмаса заңи жауапкершілікті қолдану негізі де болмайды.

Заңи жауапкершіліктің өзіне тән мынадай ерекше белгілері болады:

- 1) құқық бұзушылыққа және оны жасаған тұлғаға мемлекеттік теріс баға беру;
- 2) мемлекеттік мәжбүрлеуге - ауыртпашылыққа ұшырату заңды негізде қысым көрсету - жазалау;
- 3) құқық бұзушының жеке басына (заңды тұлғалардың лауазымды адамдарына) қатысты келеңсіз, ауыр жағдайға душар еткізу.

Салықтық құқық бұзушылық жасаған субъектіні заңи жауапкершілікке тарту кезінде мемлекет мынадай мақсаттарға:

- салықтың толығымен төленуін қамтамасыз етуге;
- құқық бұзушылықтың қайталанбауын қарастыра отырып құқық бұзушыны жазалауға қол жеткізуді көздейді.

Бұл ретте айта кететін бір жәйт, құқық бұзушылар қатарынан уәкілетті салық органдары мен банк мекемелерінің және т.б. орын алуына байланысты заңи жауапкершілікке тарту — жазалауды кең мағынасында, яғни барлық салықтық қатынасқа қатысушылардың салықтық заңдарды сақтауларын қамтамасыз ететін құрал деп түсінгеніміз дұрыс болады. Осының нәтижесінде уәкілетті салық органдары мен салық төлеушілердің тиісті заңға бағыныштылығы жарқын көрініс табады және салықтық құқықтық қатынастар тиімді корғалады.

Салықтық құқық бұзушыларды заңи жауапкершілікке тарту сот арқылы не болмаса соттан тыс жағдайда жүзеге асырылады.

Жауапкершіліктің тиісті түрін қолдану салықтық құқық бұзушылықтың сипатына, құқық бұзушының тұлғасына, жауапкершілікке тартатын мемлекеттік органның өкілеттілігіне байланысты болады. Мысалы, әкімшілік-құқықтық сипаттағы салықтық құқық бұзушыларға салық органдары тарапынан әкімшілік айыппұл түріндегі шара қолданылады.

Салықтық қылмыстар үшін қолданылатын қылмыстық- құқықтық шараларға - айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығынан айыру (мүлікті тәркілеуді алғанда) жатады.

Салықтық құқық бұзушылықтың құрамына келсек, олардың құрамдық элементтеріне мыналарды:

- салықтық құқық бұзушылықтың объектісін;
- салықтық құқық бұзушылықтың объективтік жағын;
- салықтық құқық бұзушылықтың субъектісін;
- салықтық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын жатқызуға болады.

Салықтық құқық бұзушылықтың объектісі мемлекеттің салық жүйесі болып саналады. Ал объективтік жағы әрекет не болмаса әрекетсіздік нысанында жасалған құқыққа қарсы іс- қимылдар немесе құқыққа кайшы әрекетті сырттай сипаттайтын белгілер арқылы айқындалады.

Салықтық құқық бұзушылықтың субъектісі құқық бұзушылықты жасағаны үшін заңи жауапкершілікке тартылатын тұлға. Субъективтік жағына құқық бұзушының кінәлілігін жатқызуға болады немесе оның өзі жасаған әрекетіне деген психикалық қатыстығынын барлығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының заңдарында мына келесідей сипаттағы өте ауқымды салықтық құқық бұзушылық түрлері көзделген: мемлекеттің материалдық мүддесіне қарсы бағытталған құқық бұзушылықтар; мемлекеттің салық жүйесінің айтарлықтай қызмет атқаруына кедергі жасайтын құқық бұзушылықтар; мемлекеттің салық органдарының өздеріне

жүктелген міндеттері мен іс-қимылдарын жүзеге асыруға кедергі келтіретін құқық бұзушылықтар; салық салу аясындағы салық төлеушілердің құқықтары мен заңды мүдделеріне қарсы бағытталған құқық бұзушылықтар.

Бірінші аталған мемлекеттің материалдық мүддесіне қарсы бағытталған құқық бұзушылықтар:

- салық төлеуден ешбір негізсіз, заңсыз босату;
- салықтарды мүлдем төлемеу, толығымен төлемеу, не болмаса уақтылы төлемеу;
- банк мекемелерінің салық төлеушілердің төлемдік тапсырыстарын немесе тиісті атқару құжаттары бойынша бюджетке аударылуға тиісті салық сомаларын аудармаулары немесе уақтылы аудармаулары;
- салықтарды төлем көзінде ұстап қалмау, не болмаса төлем көзінде ұсталған салық сомасын тиісті бюджетке аудармау сипатында көрініс табады.

Мемлекеттің салық жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіретін құқық бұзушылықтар құрамына:

- салық декларациясын табыс етпеу немесе белгіленген мерзімінде табыс етпеу;
- салық төлеушінің салық есебіне тұрмауы немесе өзін уақытында салық есебіне қоймауы;
- салық есебіне алынғанын растайтын салық органы берген құжаттың бары-жоғын тексермей салық төлеушіге банктік шот ашу жатады.

Салық органдарының өздеріне жүктелген міндеттерін жүзеге асыруға кедергі келтіретін құқық бұзушылықтар құрамы мынадай салықтық құқық бұзушылық түрлерінен тұрады:

- салық органдары мен олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарына бағынбау;
- салық органдарының қызметтеріне араласып кедергі жасау немесе заңсыз ықпал ету;
- салықтарды есептеуге қажетті ақпаратты салық органына табыс етуден жалтару;
- салық төлеушіге ашылған банктік шот жөніндегі тиісті ақпаратты банк мекемесінің салық органдарына бермеуі сияқты.

Ал салық төлеушілердің құқықтары мен заңды мүдделеріне қарсы бағытталған құқық бұзушылықтар:

- салық құпиясының жариялануы;
- салық төлеушінің шаруашылық қызметтеріне заңсыз кедергі жасау;
- салықтарды заңсыз белгілеу;
- салықтарды заңсыз алу, немесе оны түсім көзінде заңсыз ұстап қалу;

— артығымен төленген салық сомасын салық төлеушіге дер кезінде қайтарып бермеу немесе қайтарып беруден заңсыз бас тарту түрінде көрініс табады.

Жоғарыда аталған құқық бұзушылықтардың кейбіреуі салық заңдарында көзделмеген, бірақ жиі кездесетін келенсіз жайлар болып саналады.

Бүгінде, Қазақстандағы ағымдағы заңнамаларда, яғни, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте» және «Қылмыстық кодексте» заңи жауапкершілік шараларын белгілеуге негіз болып табылатын мынадай құқық бұзушылық түрлері бар:

- 1) әкімшілік-құқықтық сипаттағы салықтық құқық бұзушылықтар;
- 2) қылмыстық-құқықтық сипаттағы салықтық құқық бұзушылықтар.

Құқық бұзушылықтарды түр-түрге бөлу оларға белгіленетін заңи жауапкершіліктің мазмұнымен айқындалады. Алайда, кейбір кезде жауапкершілік түрін тандау жөніндегі мәселені шешуді заңдардың тиісінше атқарылмауы немесе құқық бұзушылық құрамының анық белгіленбеуі қиындатады. Сонда да болса құқық бұзушылық түрлерін жасалған іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің дәрежесіне және жауапкершілікке тарту субъектісіне байланысты айқындауға болады.

Осы орайда айтқандарымызды нақтыландыру үшін әкімшілік-құқықтық жауапкершілікті қарастырып етелік. Әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке мынадай белгілер тән болады:

- 1) аталған жауапкершілік әкімшілік заңдармен тікелей белгіленеді;
- 2) кінәлі салық төлеушіні жауапкершілікке тартуды салық органы соттан тыс тәртіппен жүзеге асырады;
- 3) аталған жауапкершілік салықтық құқықтық қатынас субъектісінің өз міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты қолданылатын жазалау шарасы болып табылады.

Әкімшілік-құқықтық сипаттағы салықтық құқық бұзушылықтар мемлекеттің салықтық құрылысына (салық салу жүйесіне, салықтық қызметті жүзеге асырушы органдар мен олардың іс-қимылдарына) қиянат жасайтын, сол үшін заңдарда әкімшілік жауапкершілік көзделген құқыққа қайшы, кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады.

Мемлекеттің салық жүйесінің негізінде мемлекет тарапынан заң жүзінде белгіленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің жиынтығы жатады.

Сондықтан салықтық құқық бұзушылықтардың басты көрінісі мемлекеттің материалдық мүддесіне келтірілген зиян болып саналады.

Құқыққа қайшы осындай әрекеттер тиісті құқық нормаларында нақтылы айқындалса және сол үшін әкімшілік жауапкершілік көзделінсе ғана әкімшілік жауапкершілік туындайды.

Демек, жауапкершілікке тарту тек құқық бұзушының әрекетінде әкімшілік теріс қылықтың құрамы болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың құрамы деп, кінәлі тұлғаға әкімшілік жауапкершілік шараларын қолданудың негізі болып табылатын, нақтылы элементтердің бөлуына орай әкімшілік құқық бұзушылық болып танылатын, әкімшілік заңдардың салықтық нормаларында көзделген белгілердің жиынтығын айтамыз.

Аталған әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың құрамы:

- әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың объектісінен;
- әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың объективтік жағынан;
- әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың субъектісінен;
- әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың субъективтік жағынан

тұрады.

Сонымен, әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың объектісіне мемлекеттің қаржылық құқықтары мен мүдделері және мемлекеттің салықтық құрылысының ойдағыдай жұмыс істеуі жатады.

Аталған салықтық құқық бұзушылықтар осыларға қиянат жасауға бағытталған және айтарлықтай кедергі келтіретін теріс қылықтар болып табылады.

Әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың объективтік жағына әрекет не болмаса әрекетсіздік түрінде жасалатын құқыққа қайшы, қасақана немесе абайсыз теріс қылықтар жатады.

Ал *әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың субъектісі* — осы құқық бұзушылықты жасаған, сол үшін жауапкершілікке тартылуға тиісті тұлға болып табылады. Субъектілерге көбінесе тек салық төлеуші жеке тұлғалармен қоса заңды тұлға - салық төлеушілердің лауазымды адамдары, табысты төлеудің көзі болып табылатын заңды тұлғалардың лауазымды адамдары және банктердің, сондай-ақ банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың лауазымды адамдары жатады.

Әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы құқық бұзушының қасақана немесе абайсызда жасаған өзінің кінәлі әрекетіне деген психикалық көзқарасын білдіреді.

Бұл ретте, көпшілікке мәлім болса да айта кететін бір жәйт, әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтың дені әдейілеп, яғни қасақана жасалады. Бүгінде әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің тиісті баптарында нақтылы әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтар мен оларға қолданылатын жауапкершілік түрлері көрсетілген.

Сонымен, мемлекеттің салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға мыналар жатады:

- 1) салық органында салық есебіне қою мерзімінің бұзылуы;
- 2) салық есеп-қисабын, сондай-ақ салық төлеушінің мониторингін жүргізу үшін қажетті құжаттарды табыс етпеу;
- 3) салық салу объектілерін жасыру;
- 4) кірістерді, шығыстарды және салық салу объектілерін есепке алу ережелерін бұзу;

5) салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын кемітіп көрсету;

6) салық агентінің және өзге де уәкілетті органдардың (ұйымдардың) салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ұстап қалу және (немесе) аудару жөніндегі міндеттерді орындамауы;

7) жалған шот-фактура жазып беру;

8) базар аумағына жіберу тәртібін бұзу;

9) акцизделетін тауарларды әкелу, тасымалдау, өндіру, сақтау және өткізу ережелерін бұзу;

10) таңбалау тәртібі мен ережелерін бұзу;

11) фискалдық жады бар кассалық-бақылау машиналарын қолдану тәртібін бұзу;

12) банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйымдар, қор биржалары лауазымды адамдарының салық заңдарында көзделген міндеттерді орындамауы;

13) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салық заңдарында белгіленген міндеттерді орындамауы;

14) банк операциялары туралы көрінеу жалған мәліметтер табыс ету;

15) салық қызметі органдары мен олардың лауазымды адамдарының заңды талаптарын орындамау.

Міне, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделіп, белгіленген әкімшілік салықтық құқық бұзушылықтар осындай көрініс тапқан.

Ал Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде орын алған салықтық нормалар бойынша тек:

1) азаматтың салық төлеуден жалтаруы;

2) ұйымдардан алынатын салықты төлеуден жалтару сияқты екі бап қамтылған.

Салық салу аясында жасалған салықтық (құқық бұзушылықтар) қылмыстар үшін қолданылатын заңи жауапкершілік түрі қылмыстық жауапкершілік болып табылады.

Оны қолдану ерекшеліктері мынадай мазмұнда болады:

1) қылмыстық жауапкершілік тек Қылмыстық кодексте салықтық қылмыс ретінде белгіленген іс-әрекет жасалған кезде ғана қолданылады;

2) қылмыстық жауапкершілік тек сот арқылы, қылмыстық жазалау нысанында қолданылады;

3) қылмыстық жауапкершілікке тартылатындар аталған кодексте белгіленген жасқа жеткен жеке тұлғалар және заңды тұлғалардың лауазымды адамдары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде салықтық қылмыс жасауға байланысты мынадай шаралар: айыппұл салу; қоғамдық пайдалы

жұмыстарға тарту; белгілі мерзімге қамауға алу; түзеу жұмыстарында пайдалану; бас бостандығынан айыру көзделінген.

Жоғарыда айтқандарымызды қорыта отырып салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеуге мынадай жалпы сипаттама беруге болады:

1) салық салу аясында құқыққа қайшы іс-әрекет жасаған тұлғаға қатысты мемлекеттің қаһарлы қарымтасы болып табылады;

2) кешенді құқықтық институт ретінде салықтық, әкімшілік және қылмыстық құқық нормаларынан тұрады;

3) салық заңдарының тиісінше орындалуын және салықтық құқықтық қатынастардағы заңдылықтың сақталуын кепілдендіреді;

4) салық салу аясындағы мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары көбінесе соттан тыс жағдайларда қолданылады;

5) мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану негізінде салықтық құқықтық қатынас субъектілерінің құқыққа қайшы, кінәлі іс-әрекеттері жатады.

Мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану барысында мынадай:

1) мемлекет тарқан (мемлекеттің материалдық мүддесіне келтірілген залал-зиянның) материалдық зардаптың нысаны мен мөлшерін айқындау;

2) мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының ішінде көрініс тапқан нақтылы құқық бұзушылықтың сипаты мен қауіптілік дәрежесін есепке алу;

3) мәжбүрлеу шаралары қолданылатын құқыққа қайшы (мемлекет пен қоғамның материалдық мүдделеріне қарсы), кінәлі іс-әрекеттердің белгілері мен тізбесін мүмкіндігінше толық айқындау;

4) салықтық құқық бұзушының жеке басына байланысты жәйттерді, кінәсінің сипатын есепке алу;

5) салықтық құқық бұзушылық жасаған тиісті тұлғаға қолданылатын жазаның түрі мен мөлшерін салықтық құқық бұзушылыққа қарсы жүргізілетін күрестің негізгі міндеттері негізінде айқындау;

6) салық салу аясында қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының қорғалатын салықтық құқықтық қатынастардың мән-жайына байланысты бөлуы;

7) салықтық құқық бұзушылықтың бір түрі үшін бірнеше мәрте мәжбүрлеу шараларын қолдануға жол бермеу сияқты принциптерді ұстанған (басшылыққа, негізге алған) жөн болады және салық салу жүйесіндегі конституциялық талаптарды орындауға сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының салық салу аясындағы құзы- ретті органдарының салықтық міндеттемелерді мәжбүрлеп орындатуға байланысты тиісті іс-қимылдары белгіленген нысандағы салық хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Осы орайда салық органдары тарапынан салық берешегін өндіріп алу кезінде мынадай:

1) салық берешегі сомасын оның банктік шоттарындағы ақшалары есебінен өндіріп алу;

2) салық берешегі сомасын оның қолма-қол ақшасы есебінен өндіріп алу;

3) салық берешегі сомасын салық төлеушінің дебиторларының банктік шоттарынан өндіріп алу;

4) салық берешегі сомасын салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін өткізу есебінен өндіріп алу;

5) салық төлеуші акционерлік қоғамды өзі жарияланған акцияларының қосымша эмиссиясын мәжбүрлеп шығарту арқылы салық берешегін өндіріп алу тәртібін сақтайды.

Салық органдарының салық төлеушіге мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттемесін орындатуды қамтамасыз ету тәсілдерін қолданғаннан кейін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдануға құқықтары бар.

Салық декларациялары және есеп айырылысулар бойынша, сондай-ақ салықтық тексеру нәтижелері бойынша салық төлеушіге есептелінген салық берешегінің сомалары төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, салық органы салық берешегінің сомасын салық төлеушінің және оның дербес салық төлеуші болып табылмайтын құрылымдық бөлімшелерінің банктік шоттарындағы ақшаларынан олардың келісімінсіз, инкассолық өкім негізінде мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

Салық төлеушінің салық берешегі сомасын оның банктік шоттарынан өндіріп алу салық органының инкассолық өкімі негізінде жүргізіледі.

Инкассолық өкім Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген нысан бойынша ұсынылады және онда салық берешегі сомасы өндіріліп алынатын салық төлеушінің немесе салық агентінің банктік шоты көрсетіледі.

Банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға салық берешегін өндіріп алуға берілген инкассолық өкім банктік шотта бар сомалар шегінде және осы аталған өкімді алған күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірілмей, бірінші кезекте орындалады. Ал салық төлеушінің банктік шотындағы ақшасы салық берешегін өтеуге жеткіліксіз болған жағдайда, салық органдарының инкассолық өкімі осы шотқа ақшалардың түсуіне қарай орындалады.

Банктін салық берешегін өндіріп алу туралы салық органының инкассолық өкімін салық төлеушінің бір банктік шотынан орындауы кезінде, салық төлеушінің осы көрсетілген банкте ашылған басқа да банктік шоттарына инкассолық өкім қойылса, банк сол инкассолық өкімді оған алдында қойылған өкімнің орындалғанын растайтын төлем құжатын қоса отырып тиісті салық органына орындаусыз қайтара алады.

Бұл ретте ескеретін бір жәйт, егер салық органы банкке алдында қойған инкассолық өкім басқа шотқа екінші рет қойылған инкассолық өкімдегі сол берешектің түрі мен сомасына, сол салық кезеңіне қатысты орындалған болса ғана, екінші рет қойылған инкассолық өкім орындалмай қайтарылады.

Салық төлеушінің теңгемен жүргізілетін банк шоттарында ақша болмаған жағдайда, салық берешегі салық төлеушінің шетел валютасымен жүргізілетін банк шоттарынан салық органдары теңгемен ұсынған инкассолық өкімдері негізінде өндіріп алынады.

Салық берешегін өндіріп алу туралы салық органының инкассолық өкімі қойылған салық төлеушінің банктік шотында ақша қаражаттары болмаған жағдайда, сол инкассолық өкімді орындау үшін қабылдап алған банк, салық төлеушінің банктік шоты заңдарға сәйкес жабылған кезде аталған инкассолық өкімді салық төлеушінің банктік шотының жабылғаны жөніндегі хабарламамен бірге тиісті салық органына қайтарып береді.

Салық берешегі сомасын салық төлеушінің қолма-қол ақшасы есебінен өндіріп алу оның банктік шотында ақша болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

Салық төлеушінің бухгалтерлік (кассалық) құжаттары бойынша (оның ішінде шетелдік валютамен) көрсетілген қолма-қол ақшасын салық органының мәжбүрлеп алып қоюы салық берешегі сомасын қолма-қол ақша есебінен өндіріп алу болып саналады. Осы айтқанымызды нақтыландырсақ, салық бере- шегін өтеу бойынша салықтық міндеттемені мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану туралы салық хабарламасы негізінде салық төлеушінің қолма-қол ақшасы есебінен салық берешегінің сомасы сөзсіз өндіріп алынады.

Қолма қол ақшаны алып қою уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша қолма-қол ақшаны алып қою туралы актімен ресімделеді.

Салық берешегі есебіне салық төлеушіден мәжбүрлеп алынған қолма-қол ақша сол алынған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей, кейіннен бюджетке аударатындай етіп салық төлеушінің банктік шотына есепке алу үшін банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға тапсырылуға тиіс. Ал банктік шоттар болмаған жағдайда, салық төлеушіден мәжбүрлеп алынған қолма-қол ақша сол өндіріп алынған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей міндетті түрде тиісті бюджеттің кірісіне есептелінуі қажет.

Салық төлеушінің банктік шоттарындағы ақшасы және қолма-қол ақшасы болмаған жағдайда оның жиналып қалған салық берешегі сомаларын салық органы осы салық төлеушіге берешегі (борышы) бар үшінші бір тұлғалардың (дебиторлардың) банктік шоттарындағы ақшаларынан нақты мөлшерде өндіріп алуға құқылы.

Дебитор мен салық төлеушінің арасындағы шарттарға сәйкес салық төлеушіге берешегі бар дебитор сол өз борышының сомасы шегінде салық төлеушінің мемлекет алдындағы тиісті мөлшердегі салық берешегін өтеуге тиіс. Осыған орай салық органы тарапынан дебиторға олардың банктік шоттарындағы ақшалары есебінен тиісті салық, төлеушінің салық берешегін өтеу (өндіріп алу) жөніндегі салық хабарламасы жіберіледі.

Салық хабарламасын алған дебитор сол хабарламаны алған кезден бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама алған күнге салық төлеушімен бірлесе отырып жасалған өзара есеп айырысудың салыстыру актісін хабарлама жіберген салық органына табыс етеді.

Салық төлеуші мен оның дебиторының арасындағы өзара есеп айырысуды салыстыру актісінде мынадай:

- 1) салық төлеуші мен оның дебиторының аталуы және олардың тіркеу немірлері;
- 2) салық төлеуші мен оның дебиторы тіркеу есебінде туратын салық органының аталымы;
- 3) салықтөлеуші мен оның дебиторының банктік шоттарының реквизиттері;
- 4) дебитордың салық төлеушіге берешек сомасы;
- 5) салық төлеуші мен оның дебиторының заңи реквизиттері, морлері және қойылған колдары;
- 6) салыстыру актісі жасалған күн сияқты мәліметтер бөлуға тиіс.

Салық органы өзара есеп айырысуды салыстыру актісінің негізінде салық төлеушінің салық берешегі сомасын өндіріп алу туралы инкассолық өкімді дебитордың банктік шотына ұсынады. Осыған байланысты салық төлеушінің дебиторына қызмет көрсететін банк немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым салық төлеушінің салық берешегі сомасын өндіріп алу жөнінде салық органы ұсынған инкассолық өкімді орындауға міндетті.

Салықтық міндеттемелерін мерзімінде орындамаған салық төлеуші — заңды тұлғаның және жеке кәсіпкердің банктік шоттарындағы ақшалары, қолма-қол ақшалары және оларға берешегі бар дебиторларының банктік шоттарында ақшалары болмаған жағдайда салық органы салық төлеушінің келісімін сұрамай-ақ оның билік етуі шектелген мүлкін өткізу арқылы, содан түскен қаражаттар есебінен салық берешегі сомасын өндіріп алуға құқылы. Салық төлеуші өзінің билік етуіне шектеу қойылған өз мүлкінің осы шектеу алынып тасталғанға дейін дұрыс сақталуын және тиісінше күтіліп-ұсталуын қамтамасыз етуге міндетті. Салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлкін мамандандырылған аукционда сату (еткізу) нәтижесінде түскен ақша қаражаттары салық төлеушінің салық берешегі бойынша жиналып қалған мемлекет алдындағы борышын өтеуге жұмсалынады.

Салық төлеушінің билігі шектелген мүлкін оның салық берешегі есебіне аукционда өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Заңды тұлға (акционерлік қоғам) салық төлеушінің салық берешегін оның банктік шоттарындағы ақшалары, қолма-қол ақшалары, оның дебиторларының банктік шоттарындағы ақшалары, сондай-ақ оның билік етуіне шектеу қойылған мүлкін сату есебінен өндіріп алу (өтеу) мүмкін болмаған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының

заңдарында белгіленген тәртіп негізінде және салық берешегін ендіріп алу мақсатында акционерлік қоғамды жарияланған акцияларын қосымша шығаруға мәжбүрлеу жөнінде сотқа талап арызбен жүгінуге құқылы.

Салық төлеуші — заңды тұлғаның және жеке тұлғаның салық берешегін өндіріп алуға байланысты қолданылған барлық мәжбүрлеу шаралары еш нәтиже бермеген (салық берешектері өтелмеген) жағдайда салық органы Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес оларды банкрот деп тану жөніндегі шараларды қолдануға құқы бар.

11.3 Тесттік тапсырмалар

1 Салықтық құқықтық бұзушылықты қарайтын мемлекеттік орган?

- A) Мемлекеттік органдар
- B) Қаржы агенттіктері
- C) Соттық емес органдар
- D) сот органдары
- E) Жергілікті өзін-өзі басқару органдары

2 Салық төлеушінің негізгі қорытынды беру мерзімдері?

- A) айлық, кварталдық, жылдық
- B) Жылдық, апталық
- C) Айлық, бір күндік, кварталдық
- D) 10 күндік, 3 айлық
- E) Дұрыс жауабы жоқ

3 Салық төлеушінің қандай мақсаттары бар?

- A) салықты алдын-ала төлеу
- B) Салықты бақылау, реттеу
- C) Салықты алдын-ала жинау
- D) Салықты алдын-ала қадағалау
- E) Дұрыс жауабы жоқ

4 Салық төлеушінің құқығын қорғайтын арнайы мекемені атаңыз?

- A) Салық комитеті
- B) салық апелляциялық Департамент
- C) Кеден органы
- D) Ішкі істер органы
- E) Дұрыс жауабы жоқ

5 Салық комитетінің басқару органы?

- A) салықты жинауды қамту, салық төлеушісінің мүддесін қорғау
- B) Салықты бақылау

- С) Салықты төлеу
- Д) Салықты төлеуге мәжбүрлеу
- Е) Салықты төлеушісінің мүддесін қорғау

6 Салық құқықтық бұзушылық жасағаны туралы дәлел болатын құжаттарды салық қызметі органдарының салық төлеушілерден алып қою құқығы ҚР СК-мен қарастырылған ба, көрсетіңіз:

- А) жоғары тұрған салық органының келісімен қарастыралған;
- В) ҚР қаржы Министрлігі салық үшін ғана қарастыралған;
- С) қарастырылған,
- Д) қарастырылмаған;
- Е) салық төлеушілерінің келісімен ғана.

12 ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

- 1 Салықтың түсінігі. Мемлекеттің салық салу және салық қызметі.
- 2 Салықтың түрлері және элементтері. Салықтың функциялары.
- 3 Салық құқығының түсінігі, пәні және жүйесі.
- 4 Салық құрылымы. Салық салу саласындағы басқару.
- 5 Салықтық міндеттемелер және салықтық бақылау.
- 6 Салықтың жеке түрлерінің жалпы сипаттамасы.
- 7 Мемлекеттік заемдар: түсінігі, нысандары және белгілері.
- 8 Мемлекеттік несиелеу: түсінігі және мазмұны.
- 9 Мемлекеттік қарыздар: түсінігі, субъектілері, құрылымы, мазмұны.
- 10 Мемлекеттік заем шарты және мемлекеттік несиелеу шарты.
- 11 Қазақстан Республикасындағы инвестицияларды құқықтық реттеу.
- 12 Қаржылық-банктік құқық қаржылық құқығының институты ретінде.
- 13 ҚР Ұлттық Банктің құқықтық мәртебесі.
- 14 Банк дамуы.
- 15 Қаржылық-сақтандыру құқығы қаржылық құқығының институты ретінде.
- 16 Сақтандырудың және сақтандыру қызметінің түсінігі.
- 17 Сақтандыру төлемдердің кепілдік қоры.
- 18 Сақтандырудың жеке түрлері.
- 19 Қаржылық-шаруашылық құқық қаржылық құқығының институты ретінде.
- 20 Орталықсыздандырылған қаржыларының түсінігі.
- 21 Министрліктердің, ведомствалардың, мемлекеттік кәсіпорындардың және ұйымдар мен мекемелердің орталықтандырылмаған қаржылар саласын басқару жөніндегі құзыреттері.
- 22 Салықтардың функциялары: маңызы, негізгі түрлері.
- 23 Салықтың субъектісі. Резиденттер және резиденттер емес тұлғалардың салықтық мәртебесі.
- 24 Салық салудың объектісі және пәні, олардың байланысы мен айырмашылығы.
- 25 Салық салудың әдістері. Салықтың көлемі және салық базасы.
- 26 Салық жеңілдіктері: түсінігі және түрлері.
- 27 Салықтық-құқықтық нормалардың түсінігі.
- 28 Салықтық-құқықтық нормалардың классификациясы.
- 29 Салықтық құқықтық реттеуші нормалары.
- 30 Салықтық құқықтың реттеуші нормалардың түрлері: міндеттеуші, тыйым салушы, рұқсат беруші.
- 31 Салықтық құқықтың диспозитивтік нормалары.
- 32 Салықтық құқық нормаларының материалдық және процессуалдық болып бөленуі.
- 33 Салықтық құқықтық қатынастардың түсінігі.

- 34 Салықтық құқықтық қатынастардың классификациясы.
- 35 Салықтық құқықтық қатынастардың субъектілері.
- 36 Салық әрекет қабілеттігінің мәселелері.
- 37 Салықтық қатынастардағы өкілеттік.
- 38 Салық төлеушінің заңдық және уәкілетті өкілі.
- 39 Салықтық міндеттемелер: түсінігі, нысаны, құрамы, туындау негіздері.
- 40 Салық төлеушілер мен үшінші тұлғалар, салық салу объектілері мен малық салуға байланысты объектілер, салық ставкасы, салық салу кезені, салықтық міндеттемелерді орындау тәсілдері мен тәртібі.
- 41 Салықтық міндеттеменің салық туралы заңның элементері ретіндегі құқықтық маңызы.
- 42 Салықтық міндеттеме субъектілері – резиденттер және резидент еместер.
- 43 Салықтық міндеттеменің объектісі.
- 44 Салықтық жоспарлау ұғымы.
- 45 Салық төлеушілердің мінез құлықтары мен іс қимылдары моделдері.
- 46 Салықтық жоспарлау тәсілдері.
- 47 Салық жоспарлау этаптары.
- 48 Салықтық жоспарлау шегі.
- 49 Салық салу саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері жалпы бөлімнің институті ретінде: маңызы, ерекшеліктері.
- 50 Салық салу саласындағы басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті органдар және олардың құқықтық мәртебелері.
- 51 Мемлекеттік салықтық бақылаудың құқықтық негіздері жалпы бөлімнің институты ретінде: маңызы, ерекшеліктері.
- 52 Салықтық бақылау – мемлекеттік бақылаудың арнайы түрі қаржылық бақылаудың арнайы түрі қаржылық бақылаудың бір түрі ретінде: түсінігі, қағидалары, элементтері.
- 53 Арнаулы салық режимдерінің түрлері.
- 54 Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі.
- 55 Арнаулы салық режимін қолдану шарттары.
- 56 Патент негізіндегі арнаулы салық режимі.
- 57 Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі.
- 58 Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі.
- 59 Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимі.
- 60 Тіркеу алымдары.
- 61 Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағымен жүргені үшін алым.
- 62 Аукциондардан алынатын алым.
- 63 Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым.

- 64 Телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожілік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым
- 65 Алым төлеушілер.
- 66 Алым ставкалары. Алымдарды төлеуден босату. Есептеу мен төлеу тәртібі.
- 67 Мемлекеттік баж. Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін мемлекеттік баж ставкалары.
- 68 Шетелге шығуды, Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруді немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуды ресімдеу кезіндегі мемлекеттік баж ставкалары.
- 69 Зияткерлік меншік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның заңды мәні бар іс-әрекеттер жасағаны үшін мемлекеттік баж ставкалары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Найманбаев С.М. Салықтық құқық: Оқулық - Алматы: Жеті жарғы, 2011
- 2 Худяков А.И. Финансовое право РК. (общая часть). Алматы: ТОО БАСПА, 2001, 272с.
- 3 Худяков А.И. Финансовое право РК. (особенная часть). - Алматы, ТОО «Издательство «Норма-К», 2002, 344с.
- 4 Найманбаева С.С. Финансовое право РК (Общая и особенная части). - Астана: Данекер, 2005, 450с.
- 5 Налоговое право: Учебное пособие / Под ред. С.Г. Пепеляева. – М, ИД ФБК-ПРСС, 2000, 608с.
- 6 Петрова Г.В. Налоговое право: Учебник для вузов. - М., Издательская группа ИНФРА-М-НОРМА, 1997, 271с.
- 7 Худяков А.И. Бродский Г.М. Теория налогообложения.- Алматы, ТОО «Издательство «Норма-К», 2002, 392с.
- 8 Порохов Е.В. Теория налоговых обязательств. - Алматы: Жеті жарғы, 2001, 168с.
- 9 Худяков А.И. Налоговое право РК. Общ.ч.: Учебник.-А: ТОО «Издательство «Норма-К», 2003, 512с.
- 10 2005, 400 с.
- 11 Саниев М.С. Ақша. Несие. Банктер: Оқу құралы.- Алматы: Алматы экономика және статистика институты, 2001.
- 12 Көшенова Б.А. Ақша, несие, банктер, валюта қатынастары.- Алматы, 2000.
- 13 Жакаева Л.С. Правовое регулирование финансового контроля в РК. Караганда, 2003
- 14 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
- 15 Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі.
- 16 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) / Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99-IV Кодексі.
- 17 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ.
- 18 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
- 19 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Заңы.
- 20 Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Заңы.
- 21 Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы N 57 Заңы.

- 22 Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы N 57 Заңы.
- 23 Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126 Заңы.